229 h (нижри) мәжзудлар хақында сөйлеген сез 186 уаракта бір байғажәнид Бағдадының... 166-шы уаракта [1414] әфт (афат) суфиәсі шез сат сұхбат әмірден мәғашират [1415] аздад рафиқыздан 222 Самнунның үш жасар жалғыз қызы тамнан құлап өлгені. 12 хәтім әләсімнің не жейсің, не киесің, қайда тұрасың деп азғырғанына берген жауабы. 173 уаракта әбу турәб хәсбінің тік тұрып алып құламай тұрғандығын көргені. 226 уаракта бір әулиенің тұннің жағымы қалғанда қатын аламын деп аласұрғаны.

## Бұрынғы аңыз һәм бүгінгі хал

Айдалага елсізге салған егінде не жұмысың бар еді? Көптік қылып, құштік қылып сені сабайтұғын ол ел мен емес, әдік емес, Сары жыланда емес ағашты жерді жағалтайында өз асын өзі ұрлап ішетүғын қара шолақтың дауысы Мұбайлі ғой. Өзінді жүрт байшыл деуші еді, алудың, жеудің есебін әбден біледі деуші еді. Маған өзінді қара құрас барлар біреумен күнелтіп жүргененің көре тұрып дәнeme бермейтүғын неме екенсін деп сабап-сабап келіп тұрған шығарсын демей ме.

Естіген құлақтың жазығы жоқ, Баянға барған, бармағанын ешкім білмейді. Өзінің үстінен қарайтұғын бір ... келіп сол дауыс Мұбайлі оқ атып, қылыш суырып қолға түскен пленде қонслар қасында біреуі де абақты қылып құзеттіріп қойыпты деседі. Бұрынғы уақытта да көнілге қонбаған, ұнамаған жұмыс болса жұртты бақа сорыпта деуші еді. Құлақ естігенді көз бір көрмек. Жұртты бақа сорды деген осы.

## **Жаратылыс туралы (бірінші әңгіме)**

Табиғат ішінен шыққан жаратынды нәрсе Құдай жаратқан нәрсе болады. Орман, тау, теңіз, тас, өзен, бұлақ, көк, жер адам қолынан келмейтүғын нәрселер табиғат дүниесінде делінеді.

Адам ісінен шыққан жасанды нәрселердің бірі – өнер дүниесінде делінеді. Өйткені, жасанды нәрселердің бәрін де адамның ақылы, әдісі, амал шеберлігі, өнері, күші көрсеткен. Құдай баяғыда Адам ата, Хая анаты [1416] жаратты, ол екеуі жаратынды нәрсе. Онан кейін солардан өсіп өнген адамзат жасалумен болған нәрселер.

## **Жаратылыс сырьы (екінші әңгіме)**

1810-1848 жылдардың арасында тіршілік қылған Виссарин Белинский өз тұсында замандастарынан баса озған, арттағыларына ұстат болған орыстың атақты әдебиет сыншысы, тарихшысы.

Ол айтқан: «Дүниеде бір-ақ жалпы тіршілік бар дейді. Жеке заттар, жеке көріністер туады, өлеңді, кетеді дейді. Бірақ тіршілік еш уақытта өлмейді, ешқайда кетпейді. Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады. Толқынмен толқын ауысады, бір толқынның орнына екінші толқын басып ауысып өзгеріп жатса да, түпсіз терең дария. Әлі күнге орнында әлі күнге тірі қозғалады. Ұшы-қыры жоқ аудан да кең бесігінде толғанады». Осы сөзге менін жаным ырза болды, оны орыс деп айту жарамайды ерсі деп сөйлеу керек.

Екінші сөз Дарвин айтады: «Талай замандар өткенді титтей көзге ілінбейтін бір бүршікті құрттан мал, құс, аң, ағаш сияқты жәндіктер мен өсімдіктер шығады» – деген.

Үшінші сөз Михайл Баскин сөйлеген:

«Әлем жүзіндегі барлық нәрселер тоқтаусыз қозғалып, өзгеріп отырады. Осы күнгі қап-қатты болып тұрған жеріміз бір кезде дауылдан жанып тұрған отты зат болған, нешелер замандар өтіп сырты суый бастаған соң осы қалыпқа келген» – дейді.

Бұлардың сөзін айтып жатқаным, «бұрынғыны айтпай, соңғы сөз ойға түспейді» – делінген. «Сөз сезден туады, сөйлемесе қайдан

туады?!». «Су анасы – бұлақ, сөз анасы – құлақ» Айдай әлем атын білген жүйріктердің сөз атасы болады да, менің құлағым анасы болады да, балалап өріп, өсті.

Алпыс сегіз жаста отырған бір шал айтады: Өүүел [1417] баста көк те жоқ еді, жер де жоқ еді. Ұшы жоқ ұзын, тұбі жоқ терең ұшы-киры жоқ. От, су, жел, топырақ – төрт түрлі заттан басы құралып, астан-кестен мидай араласып, сапырлысып, қайнап жатқан бір дария еді. Соның оты ұшқын болып жоғарылай берді, жел бірге қабаттасып жоғары көтере берді. Сол ұшқындар ай болды, күн болды, жұлдыз болды. Су бу болып жоғары көтерілді. Жерде дария қандай зор болса, онан шықкан буда ұшан теңіз көп болмақ. Ол булар аспан көк болды. Төртеуінің ішінде топырақ ауыр болғандықтан, төмен ұша алмай қалып жер болды. Не арман өрлей алмай, не жетіп қала алмай, екі аралықта қалғаны бұлт болды. Аспан көк деген кигіз емес, кілем емес, тактай емес, бу мен су. Сол булар, сулар қабат-қабат жеті қат көк деп сөйленді.

Көп жұлдыздар жетеуінен де ары соншама алыс тұргандықтан, бізге жылт-жылт етіп көзін қысқан қара қатындан қылмындалап тұрады.

Күн төртінші қат кекте от күшті айдай әлемді отының сәулесімен жарық қылыш тұрады. Айда отта жоқ, сәуледе жоқ. Күн сәулесі оған түсіп айнаға түскен күннің екінші бір жерге түскен сәулесі сықылды күннен көтермей алған сәулемен тұнде жарық болғансып тұрады.

Айдай әлем дейді. Он сегіз мың әлем еді, көкпен жердің ортасында болғанды айтады. Мұның атын «аударыс-төңкөріс әлемі» дейді. Біресе олай, біресе бұлай құбылып, өзгеріп түрмак.

Кез алдымыз да толық бір қазан су қайнаттық. Шашылған жоқ, төгілген жоқ, қайнап-қайнап суалып таусылды. Су қайда кетті? Бу болып көтеріліп жоғарыдағы өзінің жинс [1418] отқа кетті. Жоғарыда су барлығын, от барлығын мұнан білу керек. Бірі тутін, бірі бу, екеуі жоғарыда байланысып, айланысып әлем топырақ болып жүреді, біз оны «бұлт» дейміз. Қысты күні күн жоғары

көтеріліп кеткендіктен қар жауады. Жазды күні күннің қызыуна жылыныш, жаңбыр болып жауады. Су деген тұнгісі мұз болады, жылылық қүшейсе бу болады. Ауаның сұықтығы қүшейсе су қара бұршақ болады да, жылылығы қүшейсе тұман болады. Дүниені қаптап тұрган судың жылынқайға айналғаны бу. От пен су араласып жүретүғындығы сондай екеуінің соқтықкан ұрыс, төбелесінен көк күркірейді, наизағай жалтылдайды. Судың әлі жетіп сөндіре алмағаны. Күн құйып сабалап жауып тұрганда үшқан ұшқыны от қайғымен жерге түседі. Аспандағы оттан, судан қар жауады, жаңбыр жауады. Ол жерге түсті топырақ болды. Топырақ болып сол бойымен қалмайды, шөп болады, ағаш болады, сонан келіп отын болады. Отыннан тұтін болып, тағы аспанга кетеді. Не нәрсе болсын, бәрі осындаі, түрі басқа болғанымен түбі бірге.

Біз өзімізді сол айтылғандардың біріміз, көктің асты, жердің асты – осы екеуінің арасы ғұрқырап тұрган тозаң-шаш, от, су, жел, топырақ мидай араласып әлем топырақ бол тұрган осы төртеуі. Жанды-жансыз бәрінің жаратылышы осы төртеуінен. Терезеден түскен күннің жылуынан жыбыр-жыбыр ғұрқырап ойлығып тұрган шандар солар микроп. Оларды жыбырлатып қозғап тұрган күннің кезінен түскен ыстық от ... тозандарды қозғайтұғын бір қуат. ... тозандарды ыстықтық қозғай бастаған сон арасындағы жабысу қуаты нашарланып, тозандарды бірінен-бірі алыстап, тарала батайды. Біз жаратылып бұ дүниеге келмestен бұрын сол жыбырлап тұрган микроптардың бірі едік. Ол жерге түседі, топырақ болады. Топырақтан бірігіп тас болады. Осындаі ұлғаю, өсу жердің астына қарай тырмысып ары беттеп өседі, сол тастан тамырланып, шөп болып, жер үстіне шығады.

Әүүәл басы микроп едік, онан кейін тас болдық, онан шөп болдық. Ол шөпті хайуан мал жеді. Енді хайуан жынысына айналдық, ол хайуанның етін ата-анамыз жеді. Олардың денесіне келдік. Сол жүрген жүрістің бәрінде де микроптығымыз жоғалған жоқ. Бірақ біздің не болып, не қылып, не етіп жүргендігімізді көрген білген жан жоқ. Ата-анамыздың денесінде де микроп болғанда жай

жұргеніміз жоқ, жыбырлап-қыбырлап тынышын кетірдік. Бала жататуғын жерде түбіршік-түбіршік болып жыбырладық. Қан ішінде жортып жүріп, бала жасап шығаратуғын машиналардай жыбырладық. Екі жасты ерік әліне қоймай түйістірін, өйтіп-бұйтіп жалған жарық дүниенің жүзіне келіп кісі болып отырмыз.

Кен тас болғанда әр микроп әр түрлі кен тас болған. Алтын тас болған да бар шығар, құміс тас болған да бар шығар. Біреуі мыс, біреуі қола, біреуі бор тас, біреуі темір тас болған да бар шығар. Қазақта айтады: «Жібімейтүғын тас сараңда. Осы шіркін темірден жаралған ба? Қаттылығы темірдей-ақ бар-ау», - дейді.

Бұзәң бос белбеу біреуді бордан жаралған ба деседі, неден жаралғанын білмес де, һәр кімді түрінен, мінезінен әр нәрсеге үйіраады. Адам бір қалыпты, бір түрде болмайтүғыны сол жаралуында қатпаған, араласпаған нәрсесі жоқ. Кімде-кім болсын туа болмайды, жүре болады. Боз-боз жандар болады ұрлық қылған емес, қарлық қылған емес, кісі өлтірген емес. Мехнат, машақатты басынан көп кешіріп, қайғы ғамның қалың ортасында жүріп табиғат жазасымен жазаланып, жәбір жапаны көп көріп, құртылуы жеткен соң алтын болып тазарып шығады. Мұны бізге бұрынғылар ұқтырып кеткен.

«Жердің кені қазса шығады, адам кені жүрсе шығады»- деген.

Және айтқан жігіт күнінде жаннан күшті іс қыл, өлсөң өлесін, өлмесең кісі болып шығасың.

Үйде өскен бұзау өгіз болмайды деген.

Тор айғызлы айтқан екен деседі:

«Есің бар да ер таны беріп жүріп,

Атын бар да жер таны желіп жүріп».

Бұ дүниенің өтерін білген сірә біз.

Малың бар да сұлуды ал көріп жүріп.

Жастықта жүріп тұрып не нәрсені болса да көзбен көріп, басынан кешіріп, тұрмыс тартысынан таяқ жемеген кісі болмайды. Мұндай болып жетілген жандарды бұрынғы көзі қырағы танушы-

лар «күш бірлі алтын» деуші еді, бұл күнде кісі дерлік кісі жоқ, кісіні кім танысын?!

Мұхтар Әуезов айтқан: «Босқа еріп жүрген ылғи соқыр».

Михайл Баскин айтқан: «Басы жоқ мұжықтар. Қанша жылда білді дегенімен пайда мен тамактын, ұсақ мақтанның құлы болған жандарды кісі есебіне санауға жарамайды».

Дене – бір қараң[қы] үй, жан – сол үйді жарық қылыш тұрған бір сәуле. Әркімнің жаны бір қалыпта бір түрде болмайды. Сондай болғаны үшін айтылды: «Арық пенен семіздің басы бір ме? Жақсы менен жаманнның жаны бір ме?», – дейді.

Дене үй сықылды болғанда, жан ол үйге түскен сәуле, жарық сықылды болғанда, әркімнің тұндігіне, терезесіне қарай жарық сәуле болмақ. Тұндіксіз, терезесіз үйлерге жер мен көктің арасын толтырып тұрған жарық сәуледен не пайда? Тұндіксіз, терезесіз үй сықылды сәулесіз жандар көп болады.

Қазақ айтады: «Бір ұнатпаған, жақтырмаған кісісін, шіркін, өзі сәулесіз, санасыз неме гой» деп. Бұл жаннның көріп тұрғаны, кіріп тұрғаны жалғыз біздің ғана денеміз емес, бізден бұрынғы талай мақлұқтың денесінде жүрді. Малдың да, аңың да, ұшқан құстың да денесінде жүрді, бұрынғы өлген, откен адамдардың да денесінде жүрді. Өлгендерден, өткендерден кете беріп туғандарға келе берді. Өлсе дене еледі, жанға елім жоқ! Бізде түрлі мінез, түрлі табигат болатұғыныңдығы сондықтан.

Бұл әлем ұшы жоқ, ұзын түбі жоқ, терең ұшы-қыры жоқ, таусылмайтын, құрымайтын дария дедік. Әууел басы Адам ата, ахиры [1419] – осы отырған өзіміз. Дарияда толқын – біз дедік. Ұшқан құс, жүгірген аң, төрт аяқты хайуан, екі аяқты адам. Ай мен күн, күндіз бен түн, аққан су мен ескең жел, жанған от, бұрқыраған топырақ, тау, тас, ағаш, шөп – бәрі толқын-толқында тұрақ бар ма, қалай айдаса солай кете береді. Бұл дүниенін ағымы – дарияның толқыны. Толқында жүрген жан өз басына өзі ие бола ала ма? Толқынның айдал кетуіне қаңбақ та бір, дөңбек те бір. Ойлаған ойыма жетемін деуші, өз дегенім мен боламын деуші, толқынға қарсы малтаймын деген ондай жан «Әлін білмеген әлек» деген атқа ұшырайды.

Қазақ байғұсты айтады: «Ойлаған ойын тындыра алмай, ісі орнына келмей қалған біреуді «мына шіркіннің салы суға кетіп, иығы түсіп, жүдеп тұрганын» – деп солай деп сейлейді. Кім-кім болсын толқында жүр деп ойлағаны.

Толқында жүргеніміз шәк-күмәнсіз. Сол толқында жүрген де – біз. Толқынның үстінде жүрген бір күмға отау тіккен көбік күмішп дурде болып келеміз. Кейінгі жағымыздан бір толқын келіп соғып кетсе, аман бол, қайда кетіп, қайда жоғалғанымызды жан білмейді. Жан білгені, жан білмегені не керек?! Дарияның өзіне кеттік, көкке ұшып, иә, болмаса, жерге кіріп кеткен жоқ, біз, міне, қазактың ұлы «Құдайын тапты» деген сөздің мәнісін осы! Әй, қазақ, байғұс-ай, айтуын айтады, мәнісін білмейді.

«Ертегі байсыз болмайды» – дегендей, Мәшіүр сөзі ертегісіз болмайды. «Ұры қартайса, сопы болады. Қар қартайса, бибі болады. Бүркіт қартайса, тышқаншы болады» – сондай сөздер бекер бола ма?! Міне, біз де қартайған соң, ертегішіл болдық. Бұрынғы заманда бір жосын көп балықтар өздері ұшан теңіз дарияда жүріп су іздепті. Өзді-өзі әңгіме қылышады дейді. Жұрт айтады: «Балықтың жаны суда», – дейді. Сусызың балықтың тіршілігі жоқ дейді. Су деген өзі қандай болады еken? Түрі-түсі қандай еken? Егер қорек боларлық нәрсе болса да ми тәттілігі қандай еken? Оны біздің іздеп тауып алуымыз керек еken деп аласұрыпты. Осы дарияда көп жасаған бір кәрі балық бар дейді. Соңан сұрап үйреніп біліп алуымыз керек деп, кәрі балықты іздеп аласұрды дейді. Суда жүрген балық бір орыннан табыла қоя ма? «Есі кетті, жаны шықты» дегендей, болғанда кәрі балықты тауып жүрген тұрган мән-жайларын айтап су қайда, қандай орында болады? Соны бізге тауып берсеңіз еken деген соң, ол кәрі балық ойлапты, бұлар өз-өздерінің қайда жүргенін білмей жүрген мигұлалар еken. Көрініп тұрган жер үстінде жүретүғын жолынан адасқандарды жөнге салып, сөзге түсіру оңай. Көрінбеген ақыл иесі зейін пікірден ойлай-ойлай ойы адасқанды жөнге салу, сөзге түсіру. Ешкімнің қолынан келмейтүғын барлық дәнемені білдірмейді, жоқтық өзі үйретеді делинген.

Мен сендердің көрмеген, білмеген нәрселерінді көрген-білген емеспін, білсем айтпаймын ба?! Мына жақта осы даубай жаралғаннан бергі жаралып, елмей-талмай жас жасап келе жатқан менен он есе, жұз есе көрі бір балық бар, сол айдан анық, күннен жарық белді соған барындар. Көкте тұрган темір қазықтан беттерінді аудармай жүре берсендер табасындар деп жөн сілтеді.

Бұларда катықтай қатып, сүттей ұйып жөнеліп берді. Сейтсе бұлардың бұл бара жатқан бетінде жұз жылда бір қатты соғатұғын дауылдың жүргінші жолы бар еken. Тарбағатай тауының алыбындағы ебінің желіндей бөлек бір жел еken. Бұлар соған келіп қалып жел аспанға ұшырып дариядан лактырып далаға, шөлге шығарып тастайды. Кәне, енді бұларға су қайда елетүғынын анық білді, бұрын суда жүргендіктерін жаңа білді. Қазақ айтады:

Тірліктің қадірін өліп көрде жатқан біледі.

Денсаулықтың қадірін, ауырып тесек тартқан біледі.

Жан тыныштықтың қадірін, толғатып бала тапқан біледі.

Сары атанаң қадірін, ел қызырған сарт біледі.

Сәнгәсін түннің қадірін, сексенге келген қарт біледі.

Төс айылдың батқанын, иесі білмейді, ат біледі.

Ер жігіттің қадірін, ағайын білмейді, жат біледі.

Кімнің жақсы – жаманың жаратқыш Хақ біледі».

Мың сөзден бір сөз, қиссадан қисса мәнісі әңгімен өлсе, сыбаға алу керек дегені. Құдай, Құдай деп жүрген Құдай он се-гіз мың әлем жаратып, өзі біреу салып алып, өңшеш бөлек тұрган Құдай жоқ. Өзіміз қайда болсақ, Құдай сонда болады.

Адамда жан бар, дене бар. Екеуі бірінен-бірі жасырын емес, бірақ жан деген нәрсені ешкім көрген емес. Адамның денесі өзіне де, басқаға да көріністе тұр. Жанның өзі көрінбейді, барлық белгісі көрінеді. Жанның барлығы сонан танылады. Барлық белгісі адамда бір нәрсені ойына алып, ойлану бар, сезу бар. Ойланып, сезген нәрсесін орындаپ, орынға келтіру бар, жалықты, тынықты, бір нәрсені жақсы көреді, бір нәрсені жек көреді. Міне, осындаллар жанның барлық белгісі. Адам денесі машина, құрал-сайман. Сол

құралдармен, сол машиналар мен денедегі барлық нәрселерді жасап шығарып тұрған жан бір ұста сімер.

Бұл әлем жүзінде барлық өнер құлақ естімеген, көз көрмеген гажайып тамашалар баршасы да осы адамның қара бойынан тауып алынған. Дене – бір қаранғы үй. Жан – сол үйді жарық қылышп тұратұғын сәуле дегенде, сәуле отсыз болмайды. От болса, оның екінші бір нәрсені қыздырататұғын қызуы болады. Ол қызуу денедегі қанды қыздырады. Соңан соң денедегі жұмыстардың бәрін қан жұмыстартты. Денеде жанға серік болуга жарайтұғын нәрсе – қан. Жан – сәуле дейік, жүрек айна дейік, айнаға түскен сәуле ойнақшып тұрады. Жүректің лұпілдеп, ойнақшып тұратұғындығы сол, жүрергі айна болуга жараган жан өз бойындағы ерік үхтиярды өзі билейді. Жүргегі айна болуга жарамаган жанды қан билейді, қан бұза бастайды. Бұзықтық табылған адамды «қаны бұзылған шіркін гой» дейтіні сондықтан.

Адамда екі демалыс бар: бірі – танаудан ішке қарай кіреді, бірі – екінші танаудан далаға қарай шыгады. Осы екі демалыстың бірі тоқтап қалса, кісі дереу өледі. Қазактың «бір демі ары, бір демі бері» – дегенінің мәнісі осы. Ішке қарай кірген демалыс ал дегенмен жүрекке барады, жүректі қозгайды. Онан даму, ұлғаю жолымен өкпе мен бауырға барады. Ол екеуі жүректің қызметкері қан тазалап тұратұғын машиналар. Онан ары құллі «Бүкіл» денені түгел арапал қара бақайға шейін барып қайта қайтады. Бара жатқан бетінде қызыл қан еді, қайтуында қара қан болып қайтады. Бұл екі қанның ойқы-тойқы қылуынан қара құрым болғаны талақта қалып зерде болғаны, өтте қалып қақырық болғаны, өкпеде қалып бүйректе қалғаны сідік болып қуыққа барып, соның бәрінен қортылып, қайта жүрекке келгені демалыс болып далаға кетеді. Денемізде жан бар деп білеміз, бірақ сол жан денеміздің қай жерінде тұрғанын білмейміз. Тұрі қандай өзі не нәрсе еkenін сезбейміз. Көрмегенмен, сезбegenмен денемізде жан жоқ деп айтпаймыз да ойламаймыз.

Ол жан деген қолға түспейтұғын, еккенмен бітпейтұғын, күғанмен жетпейтұғын, кісі өзі жасап ала алмайтұғын бір зор күшті

куат. Ол өздігінен өзі болған болса, кетпей тұра алар еді. Өзінен де күшті аржағында бір зор күшті қуат бар-ау деп ойлаймыз.

Адамда жан барлығын, қан барлығын айттық. Екеуі басы біріккенмен адамды адам деп айтқызуға жарамайды. Бір ақыл деген айтуға аты бар да, өзінің бары-жоғы белгісіз сәуле бар, мөлшерсіз нәрсе жоқ. «Қаралдысы тарыдай» деп сейленеді. Біреуді тарыдай ақылы бар болса, өзін-өзі бейнеттен, қорлықтан құтқаруға тырысуды біледі. Кім болсын, ол болсын тарыдай ақылы жоқтықтан өзін-өзі бейнетте, қорлықта қалдырады. Мұны қайдан біліп отырсың десен, қазақтың айтқан сөзінен анғарып отырмын. Жақтырмаған біреуді «осы шіркіннің тарыдай ақылы жоқ» деседі. Осы тарыдай ақылды өз бойына өзі егіп, өсіріп, өндіріп, молайтып алушылар болады. Ондай болған жандарың ақылы көк пен жердің арасын толтырарлық тары болуга толық. «Ақылды өзің білмессен, сатып ал!» дейді. Ақыл – осы ерсі жұғыс» дейді.

Не нәрсе адамның өз талабымен болатұғын болды. «Жорға жүрісімен пұл болады, жаман жүрісінен құл болады». Өзгем өтірік болса да, осы сөзім шын, сен бұған иманындей инанып сен!

«Ақылсыз бас аяқтың әлегі». Сол ақыл деген нәрсе өз бойымызда барлығын қаралдысын көрумен біліп карасын, көрумен танып тұрганымыз жоқ. Өзімізге қылдырған жұмысынан, естіген ісінен барлағын біліп тұрмыз. Ақыл деген тұрағы бас-ау басты болса, миды болады-ау деп ойлаймыз. «Ақылсыз бас аяқтың әлегі» деп айтылғандықтан ақылсыздықтан аяғын ауыртпаған жан кімде-кім-ақ шығар.

Аспанда тұратұғын күнді көреміз. Өзінің жоқ нәрсе емес, бар нәрсе екендігін шәк-шәбініміз жоқ. Бірақ ол өзі неден жасалған не түрлі нәрсе деуші ек. Шешіп айтып бере алмаймыз. Кімде-кім күнді көзі айырмай қараумен немене екенін білемін деп қараса, көзінен айырылады соқыр болады.

Кигіз туырлықты қазақтың кигіз үйінің төрінде отыр едік. Есік ашық тұр еді, есік алдына үйдің көлеңкесі түсті, сонан білдік. Үйде отырып далаға шықпай-ақ күннің барлығын көлеңкесінде күн барлығынан болды. Күн жоқ болса көлеңкесі қайда. Күннің барлы-

ғын көлеңкені көрумен таныған есепті ақыл барлығын білген соң ол ақылды өзінен жарық бір сәуледен түсіп тұрған көлеңке ғой дейміз. Көлеңкесі өзінің көрінгені болмаса, бір нәрсені көрсетуге жарай ма? Көлеңкені көрген соң күн барлығын білген соң болды де осыда қанагат, не нәрсені болсын жеріне жетіп білемін деу ақымақтық адасқандық болады.

Осы тетрадтың үшінші бетінде топырақ ауырлығынан тәменде қалып жер аталды дедік, ол жер отсыз, сузыз, желсіз қалған жоқ. Оларда арасында бөлініп-бөлініп тозғандап қалды, солай болған үшін күні бұл күнгешейін оты таусымай жанып тұрған таулар бар. Ол тауларды жанар тау дейді. Үш төрт жыл болды ... жұртында жер астынан отта шығып суда шығып көп жанды наущит қылғанын естідіндер ме, баяғыдан қалған жер астындағы от һәм су. Осы отырған денеміз топырақ су от жел осы төртеуінен бас құралып бізге дene болып отыр.

Бармақтың көлеміндегі көзден сол төрт нәрсенің түгелдігі танылып тұр жып-жып етіп ашылып жабылып тұрғандығы желі барлығы. Айдай әлемді көрсетіп тұрғаны оты барлығы. Жас агады суу барлығы қозғалмай тұрғаны топырағы барлығы куллі денесінде елу деген осы дененің әуел оты таусылды аяғын ұстап мұздап кетіпті деп күдер үзе бастайды. Онан сүретін суы таусылды, онан кейін желі таусылды, құр топырақ қалды. Артында қалғандар етке тастауға қимайды, өртеп жіберуге аяды, көзден таса қылу үшін шуберекке орап топыраққа апарып көмеді. От отына кетті, су суына кетті, жел желіне кеті, топырақ өзінің топырағына қосылды. Айдай әлемді жарық қылып тұрған құннен түскен сәуле сыйылды жан бір сәуле, дәл өзі қайдан шыққан болса шыққан жәйіне кетті. Қолдарынан көмген денені үш күн өткен соң ашып қараңдар, өздерің салған қалыпта жатыр, оған жердің жыбырлаған құрт-құмырсқасы болмаса, басқа дәнемен тимейді. Қазактың қожа молдасының өтірігі.

Өлген кісіні көмушілер қырық қадам кеткен соң екі періште келіп сұрайды жөндеп жауап айтальмаса күрзімен ұрады, тас талқан қылады дейді. Азап қылу, сен айтқанымды қылмадың,

айдауыма жүрмедің, айтқаныма көнбедің деп өш алу. Құдай бізге азап қылайын десе жалған дүниеде бата алмай жүр ме, тәбелеседі деп коркып жүр ме. Мен Қожа молданың сезіне тіпті нанбаймын. Өздері және айтады Құран Құдай сөзі дейді, Құдай не айтса рас айтады дейді. Рауф рахим [1420] дейді. Ғафур рахим [1421] дейді. Құдай пендесін аямағыз, мұсіркемегіз дегені әбден нанамын. Бір қатын өзінің ішінен шыққан баласын қандай аямағы мейірім шапағатты болса, Құдай онан жұз есе, мың есе пендесіне мейірім шапағатты дейді.

Елден, жүрттан айырылды, жалған жүзіндегі үйден айырылды, жап-жалаңаш қалды, денесіндегі оттан, судан, желден айырылды, топырақ ішінде топырақ қалды аямағыз мұсіркемегіз. Құдайдың бар аяйтұғын, мұсіркейтұғын жері осы емес пе. Бұл жерде ұрады, соғады, қінайды дегені Құдайдың өлген өлікке шамасыған келетұғын өлсе бас салайын деп жүретұғын қылып қойды. Онда Құдай дәнемеге әлі жетпейтұғын болғаны ма?

«Дүмшे молда дін бұзар, қисық арба жол бұзар» деп бұрынғының айтқаны осы емес пе.

Қазақайтады: тудың, өлдің. Өлдің, жоғалдың, онан соң неғылып, не коярын Құдай өзі біледі, басқа дәнемені де білмейді. Сөйлей берсең сез таусыла ма, сарт құрымай боз таусыла ма? Құлақтың қарыны бар ма тоятұғын. Мұсабекевтің раҳмат ғумумия дегені. Дарвиннің тұрмыс тартысты сөйлегені. Виссарион Белинскийнің толқынды толқын қуады дегені. Мұхтар Әуезовтің осы жүрген жандарды босқа еріп жүрген соқыр дегені. Оның ішінде ақын жанды қатын дегені. Михайл Баскиннің бұл жүрген жанның көбі басы жоқ мұжық дегені. Затаибишдің қазақтың атын жүргт көзіне түсіргені. Осылар жүрттан озып шыққан ала аяқтар бұл сөздерге қол койған Мәшіүр Жұсіп Көпей баласы. Айту керек, айтқаннан қайту керек.

Құдай көкті, жерді айды, құнді, он сегіз мың әлемді жаратты. Адам ата, Хаяу ананы жаратты. Отты, желді, суды, топырақты жаратты. Бұлардың бәрі Құдайдан басқаның қолынан келмейтін жұмыстар. Үстіміздегі үйді, осы үйдің ішінде болған көрініп тұрған

нәрсенің бәрін кім жаратты? Құдай жаратты ма? Жоқ, жоқ оттың, судың, топырақтың желдің араласуы мен адам жасады. Пенденің күші, қолы, ақыл, зейіні өнері араласқан нәрсе Құдай жаратқан болмайды, адам жасаған болады. Құдай жаратқан нәрседе айыппен кемдік кетіктік болмайды. Өзі қандай болса жаратқан нәрсесі де сондай болады. Иә, өзі жаратты ата-анамызға жасатты жоқтан бар болдық, көзге түстік, қыршын жас бүлдіршіндегі жігіт болып естік. Сол бойымызбен неге қоя бермедин өзі өсірген Құдай енді мені қартайтып өшіруге тақап келе жатыр. Жоқтан бар қылған Құдай, барды жоқ қылады. Ол жұмысына пенденің ақыл ойы жетпейді.

Бір хикметі. Хикметтен уакиға ерістіргіш болмады, бұңа ісің кіслікнің ісі деп қой.. олай болса менің зейінім, пікірім жеткен екен деп ақылға, білімге сеніп білдік, жетілдік болдық деп әуеленіп, өршеленіп, далаға жаққан оттай шалқи бермей. Қой бұл ақылды да, білімді де, жоқтан бар қылып бізге берген біреу бар. Оны бізге пайда тапсын деп бердіме, жоқ залалда қалсын деп бердіме, ойлау керек. Түлкінің жүннің қызылдығы басына сор болмады ма. Оны білсек аққан бойымен ағып жүре бермей аттың басын тарту керек. Шапқан атты басын тартпай құр шаба береді екен деп қоя берсөң қаңғып шығып кетіп, айдалада аштан өліп қалуың айдан жарық, сүттен аппақ. Ендеше ақыл билігімен, зеректік зейін күшімен қараңғы көрде тірілтпейді үрмайды соқпайды қинамайды дедің. Сенің ақылың құшті ме, Құдай құшті ме? Ойла, абыла. Құдай құшті, Құдай құшті. Ендеше оның құштілігіне сенесің не қыламын десе ерік, ықтияр өзінде екенін білсөң мен айттым болды тұрды дұрыс осы дей ме. «Үй менікі деме, үй артында кісі бар» деген сөзді естіген болсан, тілің даға жаққан оттай шалқып сөйлеп, былшылдан отырғанда жаңдалыңмен шын жүргегіңмен десе «мән Раббик?» екі ғабд дерге тілемек жәрия қылғыл, Раббім Аллаһ бүтін де, төрт бүтін иманымызды саба құтқартын дін, жанымызды нағим иманлы құлышын өлгеніде. Тәні де болмас үш кізетінде деп отыру керек.

Ғәзрәйіл [1422] Құдайға қылған құлышылығына сенді, билғилм бағур дугасының қабылдығына сенді. Аплатор хәким [1423] ақылына сенді, өлмеймін деді. Кәне өлмей қалғандығы. Ендеше

сен маған Құдай, ақыл берген екен, ғылым-білім берген екен деп, ақылыңа ғылым біліміңе сенбе, сенгіш болсан Құдайға сен.

Бухари шаригде болған ұстазың Дақен қожа баласы Хамза қожа сейлепті: Бір бала келді алдында тоғыз ай тұрып қайтты. Өзгенің тоғыз жыл тұрып алғып қайтқанын алғып қайтты депті. Бес жасында Нажмиддин хазірет сопы баланың Бухари шаригдің баласындей екен депті. Онысы балаң зерек екен дегені екен. Ол зеректік қайдан келгенін білесің бе, зеректік шайтан ғәләйін ләғнеттен келген фәһмге уаһмді [1424] жағаластыру үшін. Фәһм [1425] қазақша байым, менің байымы бар бала екен дейді. Уаһм деген уайым, ылғи уайымда қалатұғын жұмысқа баулиды. Бұл уаһмнің күштілігі ғәләйін ләғиннен білген екен. Оナン суретін Ферғаун ғәләйін [1426] мә иестәхиқні [1427] білген екен. Екеуі де осының күшімен кетіп ырыққа көнбекен екен. Хазіретіміз Мұхаммед Мұстафа ғәләйіні солат уас сәләм айтқандай: *نَعُوذُ بِاللَّهِ مِنْ غَلَبَةِ الْوَهْمِ عَلَى الْفَهْمِ*

Нағузы биллаһи мин ғалабат әл-уаһм ғәләл фәһм [1428] деп сыйынады екен. Осы айтып отырған сөздерді жетпіске келгенде біреуден сабак алғып үйреніп отырғаным жоқ, құлын жастан, бала бастан естіп ұққан сөздер. Шапқанда байдың ұлы тоқтағанда есіңе түсді, дем-дем жастық шауып бара жатқан сықылды, көрілік тоқтағандық. Адамның көнілі бір медресе онда айтылатұғын дәріс иә әлім іә [1429] уасуас [1430] көрініп тұрган ешкім жоқ болған соң, кім айтып отырғанын қайдан білейік. Үйрене беріп біз, ұға беріп біз, біле беріп біз. Үйренбеген, ұқпаған, білмеген еркіне зереклік қоя ма? Зерекліктен мандаійна тас тіккен бір сабаз айтқан: зерекі бәргруш наданы, баҳр [1431] зерекі занир [1432] сат наданы, шәкәр депті зереклікті сат, надандықты сатып ал, зереклік занир надандық қанат депті. Осы сөзді құрттай күнімізде үйрендік қане онда мәнісін біліп, түсінгендік жоқ. Енді міне мандаіға тас тіккен соң мәнісін жаңа түсініп біліп отырған болып отырмыз.

Және бір әулие айтыпты: «Иә, әиюніәл әлқаум әлләзи фильмәд-рәсәт күлләмә хәсәлтумуhy уасуас» [1433] депті. Әй, медреседе ғылым тахсил [1434] қылыш жатқандар барша тахсил хасил деп жатқандарыңыз уасуас депті. Бұрынғы ана кітаптан көрдік, мына

кітаптан көрдік деген былшылдақты қойдық. Енді сабакты өзіміздің қара қан басымыздан алуға кірістік. Құдай не берсе өз бойымыздан берсін.

Біз араб тілін білмейміз, сарт тілін білемейміз, қазақ тілінің өзін жете білмейміз, егер жете білсек әулиешілік қазақ тілінде түр. Асыққан қалар ұятқа. Сабыр тұбі сар алтын. Сарғая сақтаған қызыра жетер мұратқа деген сөзді ұстап тұра қалмағандықтан тұрмыстан талай таяқ жедік, табансыз тұрақсыз, көшпелі болғандықтан бүгін жеген таяқты ертең ұмытып кетемізде баяғы әуре, әуре құр әурешілікпен өмір өткіздік.

### Өнерпаз туралы ертегі

Бір ертегі жазайын қазақтың шалдарынан естіген емес мәснауи шариф [1435] кітабынің иесі Мәуләнә Жәләлуддин Руми қудс ... айтқан ертегі. Рум қайсар рум боп тұрган күнде фагфур шын аталған шынмашыннан көп ұсталар, өнерпаздар келіпті:

Патша бізге бір үй салдырып берсін. Соның ішін адам қарап тұрганда, қарағанның көзі талғандай сұлупап, сымбаттаймыз де-сіпті. Патша үй салдырып беріп, ұсталарды, өнерпаздарды сол үйге қамапты.

Бұл ұсталар алтын, күміс, неше түрлі асыл тас соларға дәнекер болатұғын нәрселер, бояудың неше түрлісін жинастып сол үйде іс қылып жатыр дейді. Әбден болған соң бірақ көрсетіпти. Рум ұсталары керексіз болып қалыпты. Соңан соң Рум ұсталары патшага арыз беріпті сол үйдің қап ортасынан бөлме жасатып, бір жағының билігін оларға берсін де, бір жағының билігін бізге берсін. Олар не қылып, не құйып жатыр онымен біздің жұмысымыз болмас. Біз не қылып, не құйғанымыздық пен олардың жұмысы болмасын десіп, патша бұлардың арызын қабыл алып, қап ортасынан бөлме жасатып, бір жағының билігін бұларға беріпті.

Шынмашын ұсталары ол керек, бұл керек деп күнде-күнде керек жарақтарын таптырып, жоқ болса басқа шаһарлардан ізде-тіп әуре қыла беретүғын сыйылды. Рум ұсталары дәнемені де ке-

рек қылмайды. Ас ішіп, сийп-тышудан басқа жұмысқа, далаға да шықпайды әйтеуір сол үйде жатыр. Айлардан ай, жылдардан жыл өткенде шынмашын ұсталары патшаға жұмысымызды болдық, елін-жұрттың жиып келіп көрсін депті. Патша уәзірлерін, нәкерлерін, қатын-қалашын өртіп келіп көріпті. Көрсе, тамаша адам көрметеген нақыш, адам көрметеген шимай, адам көрметеген өрнек. Қарағаның көзі толғандай, есі шығып, аузынан сілекей шұбырып, өңкөріне су тамшы тамғандай, бала құшақтап жүрген қатындардың есінен айрылғандықтан құшағында, қолтығында жүрген балалары түсіп қалғандай болған екен.

Өз ұсталарымыз не қылған екен деп, Рум ұсталары жатқан үйге келсе дәнеме жок, жым-жылас сендердің қылған өнерлерің қайда депті. Мінекей, ортада тұрған бөлмені алдырыныз, біздің не қылып, не қойғанымызды сонда білесіздер депті. Бөлмені алдыրған екен, ана жақта тұрганың бәрі айнадан көрінгендей мына жақтан айқын, әдемі көрінілті. Кірген жан ана жаққа қарағысы келмей, мына жаққа қараудан тоймайтын түрі бар дейді. Сөйтсе, бұлар өң беріп жылтыратып, әр нәрсенің бір ажар түрі болады, сол ажар түрін кемеліне келтіріп жатқан екен. Жұрт Рум ұсталарының өнері асқандығына қол қойыпты.

Мұнан кейін бізге қалдырған сыбағасы жүректі шын ақ жүрек қылып, көңілді тазалауға қайрат қып. Көңіл тазалығы жеріне жетіп тазарса, екі дүниенін керек-жарагы, бәрі сонан табылмақшы депті. Шынмашын ұсталарының жұмысы дүние былғанышы, дүниеде былғаныш болмайтұғын нәрселер бар ма? Рум ұсталарының жұмысы жүректі аршип тазалық кемеліне жеткізу. Жүрек таза болса, көңіл жұмысында былғаныш бар ма?

## Мәснауи шариф

Жәһіл [1436] раби ғәлләті ғәлім күнәд ғылым рағлләт әздәліңе бір кәнәд алыпты таяқ деп. Білмейтұғын надандай жүрегінің ғәлләтсіздігі [1437] ғәлім қылсада. Қанша оқып біліп, ғалым болғанмен жүрегінде ғәлләт болса. Ол ғәлләт ғылымды жүрегіне

тұрғызбайды, қуып шығарады. Жүрек ғәлләті дүние махаббаты, дүниеге махаббатсыз болған жанның ғылым, білім кеудесіне орнамақ.

## Лұқпанның білім үйренуі

Лұқпан әкімнен біреу сұрапты: «Сен білімді қайдан үйрендің?» деп. Онда ол кісі айтыпты мен білімді білімсізден үйрендім депті. Олай болатұғын болса өзімізден білімсіз, өзімізден надан, өзімізден ақымақ кім бар? Енді мұнан былай өзімізден ғибарат алып басымызға залал тигізгеннен қашуымыз керек. Шайтан жұмысы асығыстық бізде болды, шайтан жұмысы құншілдік басымызда болды. Шайтан жұмысы мен-мендік ол өмір бойы жолдасымыз болды. Ұшы-қыры жоқ ұзын ойдың түбіне жетеміз деп дінкеміз құрыды.

Тағдырдың өлшеу кеңірдек бізбен кедергі барлығы тіпті ойынызда болмады. Батпандап аламыз деп аласұрдық, ол бір әурелік бе. Мезгілі болма[й] күн шыға ма деп аласұрдық, бұл бір әурелік пе? Кім-корінгеннің қолындағы, қойнындағы біздікі болсын деп алас ұрдық, бұл бір зор әурелік пе? Калтамызда үш тиін бақыр жоқ, базарда көрінген талай түйенің аузын ашып тісін қарадық, бізден басқалар мың теңге беріп жүр оған сатпай жүр. Бұл түйені ала алмай қалғандығымыз есімізде, ойымызда жоқ. Қайда базар болса, түйе сатып алуға далбаса болып жүгіреміз.

Қалта баяғы тақыр қалта. Ол түйені бізден басқалар жеті жүз теңге беріп алып кетті, мұныда ұмытып кетеміз. Аузың талай күйді, сонда да ұрттап ішкенің жоқ. Ақылсыз бас аяқтың әлегі, ақылсыздығынан аяғынды әлекке салып міне жүре алмай тұра алмай қалдың. Сонда да әлі менде ми бар, ақыл бар дейсін, міне тәкәппарлықтың тұп тамыры сенен үзілмегендігі. Басынан кешкен күнің, откен өмірің өзіңе сабак болып отыр. Осы сабак сияқты жаттап ал! Өмірінде қолынды дәнемеге жеткізбеген окуда нең бар. Біз құлын жастан, бала бастан оқыдық, оқығанмен жай қоймадық тоқыдық. Шекпен болуға да жараған жоқ. Жазушы болып, хатқа

ұста болдық. Баспа шықты да, далада қалдық. Бұл екі өнермен анда да жоқ, данда да жоқ ит жаманы болдық.

Тағат ғибадаттан тап тазамыз. Ол жағынан дәнeme орнын келтіре алмаған соң, ораза жоқ, намаз жоқ, Құдай деген жан біз деүге сүйендік. Ата-баба жағына келсек күліктің наурыз жүдәлісі Тілеуімбет жырын он алты баласын жауға өзі қамап қырдырган ой тентек, айран көз жаман тоқым Тілеуімбет атанған. Тілеуімбеттің ұрпағымыз жеті ата жетпіс пүштім де, бай болғаны да жоқ, батыр болғаны да жоқ, би болғаны да жоқ, жұрт білерлік ат атанған біреуі де жоқ.

Көрік сияқты десең, ол жағынан тап таза, жергілікті бұжыр. Күш-кууат десең бүргені өлтіруге қолымның қүші жетпейді. Жағынан сіңірі созылмаған, жұмыс қылмаған сүқ қолымен бармақтың басын қалам жанышып тастаған. Мал жағына, дүние жағына келсөң айдай жарқыраған қара қасқа. Ағайын туысқан жағына қелсөң, құлағы жоқ шұнақ, құйрығы жоқ шолақ.

## Өлім түрлері

Ақ өлім, қара өлім, қызыл өлім, жәй түскенде жасыл өлім. Ақ өлім аштық жолаушы. Бір күн кенірдегі азып жүреді, бір күн Тәңірge жазып жүреді, дым-дым қалтада бір пұл жоқ. Ала тау, қара таудан талай-талай асып жүрдік.

Қара өлім мәләмәтте қалу, шемәэт әләғедә, мәләмәт әләсдиқа қайда барсақ тапқан олжамыз осы болды.

Қызыл өлім әр орында құр қала беру. Жанды күйдірмек болар мәхрумдық. Уасалнің миғәдінә мағлумудық. Бұл аттың қара қапталынан еттің ол ет ақай жеп жатқан ..... бізге түк бұйырган жоқ.

Жасыл өлім, өзің алпыс үште отырғанда, отыз үште болды, жетілді дегенде жұрт аузына ілінің, жұрт көзіне түскен Өмен сыйылды балаң өлсе.

Халықтың тілі құдайдың қаламы дейді. Халық тілі Құдай өзіне берген кісі өзі бай, ұлы қызы сай екі дүниесін бірдей берген

жан деседі. Шүкір, шүкір, шүкір мың қайтала шүкір, жұз қайтала шүкір. Болдым тойдым өткен күнді сейлеп жатқаным өкініш емес, қасірет емес. Аяз әлінді біл, құмырсақ жолыңды біл деп. Аяздың шәркесімен тонын күнде көріп қойғанында өзіме ғибрат болсын дәнeme емес екендігім көз алдымда тұрсын дегенім. Кун фасад ғаламының алды арты осы.

### Адам және жұлдыздар

Бұл ғаламды ғәлім әлкәун әлфәсәд [1438] – дейді. Болуы да, толуы да онай, су алып солуы да онай. Қеүин [1439] айтады кел-кел жүгір-жүгір менімен болуың, толуың сүйінші сұрап тұрмын дейді. Онда мына жағында фасад [1440] қақсан тұр, кет-кет әрмен-әрмен жолама жуыма, мен дәнeme емеспін дейді. Ерегесе құс табар дем демей. Есің барда етек жап демеді ме. Құс табатұғын болсан, етек жабатұғын болсан, ойла, абыла. Қоқтің астында, жердің үстінде өзіннен жауыз, өзіннен артық бұзылған жоқ. Неге десен құншілдік өзінде, ол шайтан сипаты. Мен-мендік өзінде, ол шайтан сипаты. Ұзын ой, асығыстық, біреуді жек көру, біреуді дұшпан тұтынуы.

Қаны бірге болмаса да, жаны бірге болмаса да, туысқан бауырыңдан артық көріп кеткен баяғы өзім көрген апаның мінезі. Сен оның жолын, ізін баспасқа, қылғанын қылмасқа, айтқан тілін алмасқа тырысып баға көр.

Бір қиял: он ба, теріс пе? Ол арасын Құдай біледі. Мен Құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне на-намым, сенімім күшті, өзге нәрсеге құлақпен естіген танық, көзben көрген анық. Көзім көрмей наnbаймын. Құдай қандай, өзі не нәрсे? Оны білуге, оны тануға ақыл-оым, зейін-пікірім жетпейді. Соңда да танымаймын деп тоқтаптұрып, қалмаймын жаратқан нәрселеріне Құдайлық пен қылған ісінен барлығын, бірлігін, күштілігін танып тұрсам керек. Кекті, жерді, айды, күнді, жұлдыздарды, тауды, тасты, отты, суды, желді, топыракты, ағашты, шөпті, хайуанатты, мақлұқ атанған нәрсенің бәрін Құдай жаратты.

Жексенбі күн жерді, жерден өніп, өсетін нәрселерді дүйсенбі күн жексенбіге қосақталды. Сейсенбі күні ай, күн, жұлдыздарды, көкте болатұғын мақлұктарды. Сәрсенбі күні, сейсенбіге қосақталды. Бейсенбі күні ризық-несібе, ішіп-жеуге, мінуге, киуге керектілерді жаратып, алтыншы жұма күні адамды жаратты. Алты күннен қалған дәнеме жоқ, бәрін жаратып болып болаттан шыққан күндей Құдай өзі жалт етіп бір жарқ етті. Жанды-жансыз жараган мақлұқтар бәрі көлеңкелі болды. Құдайдың барлығын бәрі де сол көлеңкеден біледі, бізді жоқтан бар қылуши біреу бар екен деп.

Күннің көзі жарқырап шыққанда таулардың көлеңкесі болады. Сол көлеңке жоқ болғанда қайда кетеді, таудың өзіне кетеді. Осы жүрген өзіміз бір көлеңке, біз жоқ болғанда қайда кетеміз өзіміз. Қайдан көлеңке болып тускен болсақ, тускен жерімізге шағын шамалы үйдің жеткен жері осы-ақ. Осы жоғарғы жақта айтылғандардың бәрі Құдайдан басқа жасап шығара алмайтұғын нәрселер. Құдай жаратқан нәрседе мұлтік бар ма, кемдік бар ма? Құдай өзіде мінсіз, жаратқан нәрседе мінсіз.

Жаратқан мақлұқтарын ерлі-байлы қылыш, мұнан былайғының бәрін сол мақлұқтары жасап шығаратұғын қылды. Жаратуын өзі жаратса да, билігін ерік-ықтиярын мақлұқтарына берді. Адам ата, Хая ана [1441] Құдай жаратты жұма күні, жаратылған адам дегеніміз сол ғой. Ол екеуінен туған .... Құдай жаратты деп айт-паймын, неге десен Адам ата, Хая абаны түйістіріп, сүйістіріп алқындырып, жұлқындырып әуре қылмай-ақ әке-шешсін қандай жаратқан болса, мұны да сондай жаратпай ма? Пенденің ісі, күші, ақыл-ойы, өнері араласқан нәрсені Құдай жаратты деп айта алмаймын. Ондай нәрселер жаратынды емес, жасанды деуге лайық.

Бірақ, айтамыз Құдай шебер, шеберлігі сол өзі жаратқан мақлұқаттары бәрі жұмыста қарап бос тұрған біреуі жоқ. Бір өзінен басқаның бәрі жұп-жұп болғаның бәрі ерлі-байлы болыспақ. Кезге көрінген нәрсенің бәрі бірінен-бірі туып, өсіп-өніп қактықпай-соқтықпай, орны-орнымен әр қайсысы өз жұмысын жұмыстай бермек. Аспан көкті байы, жер катыны солай болғаны үшін көктен

жаудырсын жерден өндірсін дейді. От, су, жел, топырак бұл төртеуі катын. Бұл төрт қатынға бай болатұғындар ай, күн, ғутарид [1442], зуһәрәтун [1443] мирихун [1444] зухәлун [1445]. Қазақша бұларды жеті қарақышы дейді. Қарақышы деуі дұрыс-ак, өзге жұлдызыда тыным бар, тынығу бар. Бұл жетеуінде тыным да жоқ, тынығу да жоқ. Ай мен күннің қарақшылығы сол емес пе. Бірі – күндіз жортып, бірі – түнде жортып біздің өмір жасымызды ұрлап жүрген осылар емей кім. Жеті қарақшының біреуінің қасында көз жетпес бір кішкене жұлдыз бар. Қазақ айтады: «Үркер деген жеті қыз екен, біреуін қарақшылар ұрлап алып кетіп, алтауы қалыпты сонан жеті қарақыш атанаңты» деседі. Тағы біреуімізді ұрлап алып кетер деп жаз шілдеде қырық күн көрінбей жер астында жататын болған. Сондықтан болған екен деседі.

Үркер жерге түссе, сиыр суға түсті делінген сөз бар. Жеті жұлдыз байы болды, от, су, жел, топырақ қатыны болды. Төрт қатынға жеті бай, осы айтылған жеті ата, төрт анадан үш бала туды. Араб тілінде жәмәдәт [1446], нәбәтәт [1447], хәиуәнәт [1448]. Қазақша айтқанда кен, тас, шөп, ағаш, жан иесі, хайуанат. Осы жеті ата, төрт ана, үш бала адамның денесінде төрт бұрышы түгел. Міне Құдайдың шеберлігі. Адамның денесінде ұсталар қолданатұғын сайманнан дәнeme жоқ, былқылдаған еттен, қаннаң, қақырықтан, оттан, қарақұрымнан, өкпе, құрсақ, бүйрек, жүрек, бауыр, талақ.. Осы айтылғандардан машина жасап, сол машиналармен пенделер өзінде бір пендені жасап шығаратұғын қылды. Зейіні, сезімі жеткен жандар Құдайдың шеберлігін өзі қылған емес, өзгеге қылдырып қойған жұмыстардан танып, жарайды Құдай болса, міне осындаид Құдай болсын. Құдайдан шебер кім бар десін деп.

Өз денендергі өкпен ай орнында, құрсағың ғутарид орнында, бүйрекін зуһәрәт орнында, жүрекің күн орнында, өтің мирих орнында, бауырың муштәри орнында, талағың зухәлу орнында. Сендер осыларды бір-бір жапырақ ет деп жүрсіндер ғой. Жоқ, жоқ, бұлар ... шеберлер, бәрі жұмыс басында машинашылар, өзді-өзінің істеп тұратұғын жұмыстары бар. Дененің ішінде жатқан жеті ата

осылар. Жел орнында қан, су орнында қақырық, от орнында зерде, топырақ орнында қарақұрым, міне дененің ішіндегі төрт ана. Бұл жеті ата мен төрт анадан туатұғын үш бала: қан, жан, ақыл. Осы үшеуі бірінен басқа бірі бөлек те емес, тұтас бірге де емес, тұп тамыры негізі қаннан жасалмақ. Жүрек күшті машиналың тұп тұрағы өкпемен бауыр, жүректің қызметкерлері қан жүректе қайнайды жан деген сол қайнаған қанның буы, буы болғанда жай буы емес күшті, қайратты, қызулы бу. Бұл будың қайнауының қызулы күштілігінен електір сыйылды жарық сәуле болуға жарайтұғыны бауырға барып қан атанады. Жүректе қайнап тұрған бу жан атанады, тіршіліктің тұп тамыр қазығы жүрек, неше мүшесе, неше дене болса, бәріне қызыу күш қайрат жүректен бармак.

«Асадамныңарқауы» дейді. «Жүрек жалғайық, жан шақырайық» дейді. Іштұғын, жейтұғын, коректің адамға керектігі болғаны үшін айтылған. Ауыздан ішіліп, тамақтан жұтылған ас салған бойымен құрсаққа барады. Құрсақта да машиналар бар қайнатып қорытып, тортасын шек бойында жіберіп, тәмен жақтан жүрек азлық нәрсе қылып шығарып, қаймағын сүзіп алып қалады. Мұның тазалап алып қалғанын бауыр өзіне қарай тартып алып, бояу жасаған да қан түсіне айналдырады. Мұның бұлғанышты қаралтымын талақ өзіне қарай тартып алып, қара құрым жасайды, сарғылттымын өт өзіне қарай тартып алып, зерде жасайды, ақшылын өкпе өзіне қарай тартып алып қақырық жасайды.

Енді қанды судан басқа нәрсе қалған жок, ол суды бүйрек өзіне қарай тартып алып, жарамсыз сідік қылып қуыққа жібереді. Қанның арамы кетті де бауырда адалы тазасы қалды. Бұл таза қандарды бауыр әр мүшеге үlestіріп етке ет, майға май, сүйекке сүйек косады. Тамыр тамырларға тарап кеткендердің дәнін маңызды іске жарайтұғының тамырларда болған машиналар корытып сүзіп алып, еркекте асыл қазына екі жұмалақ, олар өзіне қарай тартып алып, бала болатұғын суды жасайды, әйелдің екі емшегі өзіне қарай тартып алып, бала болатұғын суды, оған қорек болатұғын сүтті жасайды ..... атадан көрі әйелдің мейірімділігі сол.

Бір денеде екі жан болмақшы емес, бір-ақ жан. Мига барғаны ақыл атанды, бауырға барғаны қан аталды, жүректің өзінде тұрып қалғаны көніл аталды. Ақыл, сезім, қайрат, жігер көңілдің жұмысы, өзге дene қара бу, қара нар, от жалпақ жұрт сықылды. Көніл бәрінің үстінен қарап білетүғын патша, бұл сөз білімі бар, сезімі бар жанға айтылатұғын сез. Білімі, сезімі жоқтық ит жүрек жаман, мұндайлардың жаңын жабайы жан дейді. Тар ...ды соқыр сезімді, жабайы жаңнан не шықпак.

Бірі еркек, бірі үрғашы сүйіскендігінен .....екі су бірігіп, қырық күн жас төлдің ұйып қалған сорпасындаі кө...тер болып тұрды. Қырық күннен соң қан түсіне айналып, қан болып қырық күн тұрды. Қырық күннен соң былқылдаған кесек ет болып, қырық күн тұрды. Жұз жиырма күннен соң сүйек, сіңір, тамыр, ет, май бірте-бірте біліне бастады. Төрт айдың жұзі түгел болғанда, мүше пішін тамам болып жанды болуға айланған бастады.

Әйелдің ішінде жатыр, жатырдың ішінде баланың жолдасы аталған бір қалташа өзі биттей. Қатын босанар да піс етіп жарылады, қасында тұрған қатындар Құдай берді, Құдай берді пісі жарылды десіп қуанады. Бала туған соң кідірмей ода түсіп қалады. Сондай түкпірде домаланып, тұншығып жатқан нәрестеге жан қайдан барды? Ауыздан кірді ме, болмаса ақ найза кірген жерден кірді ме? Жоқ, жоқ даладан еш қайдан келген жоқ. Өзі жасалған да, бірге аралас жасалды. Бес ай жанды, бес ай жансыз деседі. Жанды болған соң-ақ тыптырап, буаз қатынның құрсағының ішінде о жағынан бір тұртіп, бұжығынан бір тұртіп, тынышын кетіре бастайды. Және жанды болған соң, қорексіз болмайды, оның қорегі өзінін кіндігінің қаны. Өз кіндігін өзі сорып жата береді, кіндіктен қаннан басқа не табылмақ?

Адамның денесінде болған қан, желден жасалатұғынын мұнан байқа. Бір дем ары, бір дем бері дейді. Осы екі демалыстың бірі тоқтап қалса, адам дереу өлеدі. Дағаның ауасы демалыс жолымен ішке қарай кіреді. Қан түсіне айланып күллі денені аралап тазалап, жуып қайтқанында қара қан болып қайтып, тағы танаудан далаға

қарай демалыс болып шығады. Ыште тамырларда жүргөндегі қан еді, далаға шығарында жел болып шығады.

Адамның денесінде төрт түрлі тамыр бар: қызыл тамыр, қара тамыр, ақ тамыр, өні, түсі жоқ сезім тамыр. Қызыл тамыр таза қызыл қанның жолы. Қара тамыр бұзылған қаннның жолы. Ақ тамыр мидан басталып жолын тұта қол аяқтарға шейін аралайды. Жүрек миға бұйрық түсіріп ми өзге денеге бұйрық түсіріп ақ тамыр ... қабар қатынастырып тұратығын жол. Осы сөзді жазуға менің жаңынмың делебесі қозып көңілімді үйиткыштың, көңілім миым телегерам соғып, телефон қақты, миым саусактарыма осылай жаз деп ұғындырды. Солай болғаны үшін қаламды қолына ала салып, үйіне келгеннен қолым шатбалақтан ақ қағаздың бетін қара сиямен ластап отыр. Бұған нанбасаң окусыз білмейтүғын бір наданның қолына қалам қағаз беріп жаз ойындағыны деп мың жыл таяқтасаң да жазар ма екен? Фылым білімге ынталыс кетіп, миын көп жұмсаған жан ақ тамыр боп кетеді.

Сезім тамыры сенде бар жоғын жүрттых көбі білмейді. Даладан ішке қарай кірген демалыс қан болғанда таза қызыл қан болып, миға залал келтіретүғын уларды жуып тазалап тұрады. Оның тазалуға күші жете алмай қалса, ми бұзылып паралич деген ауруға ұшырайды, ол аяқ-қолдың жансыз болып қалуы. Қазақ мұндаиды пері соқты дейді. Жалинс аталған бір данышпан айтқан: һәуа [1449] түзу бұзылмаған уақытта өзі жүруге жарамай қалған жан, арбамен болса да күнде бір қабат таза ауада жүруді әдет қылсын деген.

Айдай әлемді жанды-жансыз мақлұққаттарды Құдай алты күнде түгел жасап шығарған, соның өзгесі де бірі бас жеке адам да, бір бас осы дүниені адам көркейтпек, Құдайдың Құдайлышының жүрт көзіне адам түсірмек. Ол алты күннен соң Құдай дәнеме жаратпақ емес, не болса да сенде мүкі-тақы қалдырған дәнемесі жоқ. Денеде не тамашаны өрнек бәрі адамның денесінен алынған, буда күште барлығын денеде жан күшті бу екендігін сезіп, анғарып от арба, пархоттарды жасаған. Кәне осынша өнер аспанда құс болып ұшып жүр, суда балық болып жүзін жүр. Соның бәрін Құдай жаратты

дейсіндер ме, бәрін де адам жасап шығарып жатыр. Үй карағаш Таңкентте ағаш қалың жиі көптігінен тұтіннен басқа дәнеме көрінбейді. Соның бәрін Құдай жаратты дейсіндер ме, бәрінде адам егіп шығарған. Осы көрініп жүрген түкке тұрмайтығын жамандарды да Құдай жаратты дейсіндер ме, жоқ, жоқ бірінен-бірі қалай болса, солай балалардың құдық басында ойнап жасаған балшықтары сықылды болып шығып жатқандығы сол.

Көрінбеген Құдайдың не қылыш, не қойғанымен жұмысымыз не? Жоқта бар қылды, барды тып-типыл жоқ қыламын десе күші, шамасы келеді. Бар қылған өзің едің ғой, енді неге жоқ қыласың деуге тіліміз келмейді. Не қылса қөндік, бас шайқар шамамыз жоқ. Көрініп тұрған күннен, айдан біраз әнгіме сөйлейік. Күн айдай әлемнің патшасы, басқа жұлдыздар күннің қара бу, қара әскері есепті, ай күннің уәзірі. Сондықтан ай мен күнді әмбеге бірдей дейтүғындығы сол. Гутәрид деген жұлдыз хатшысы, Зұһәрит деген жұлдыз ойыншы, сырнайшы, сауық жасайтығын өнерпаз. Миррих деген жұлдыз әскер басы комендант, қылыш ұстағыш батыр. Мұштәри деген жұлдыз қази, би төрөшісі. Зухәлу дейтүғын жұлдыз қазнашы. Жұлдыздар өзіміздей махлук он екі шәһір бар. Жеті ... бар біз қандай туып өсіп өнсек, олар да сондай туып, өсіп-өнеді. Жеті патша жеті көктен жалғыз-жалғыз күтеді, көп жұлдыздар жеті көктен ары, сегізінші қабат көкте, ең бізге жақын кекте айдан басқа жұлдыз жоқ. Оның бадырайып, адырайып тұрғандығы жақындығы өзінде сәуле де жоқ, сана да жоқ. Сәулені, сананы күннен алыш, жарқырағансып тұр, өзі бір қалыптан өспейді де, өшпейді де. Оны бірде ірі көрсетіп, бірде қылтыйтып, қылдырықтай көрсетіп тұрған күн сәулесі.

Патшалар қол атында болған он екі шәһірді аралайды Зухәлу бір аралап қайта оралғаннан отыз жыл толады. Жүрісі шапшан, мінезі ауыр, жылдылықтан құр алақан, сұық жұлдыз тамам жұлдызың насы. Мұштәри бір аралап қайтқанша он екі жыл толады, өзі мейлінше жылы, мейірімді, табанды, тұрақты, жетеуінің ішінде сүйкімді жұғымдысы. Миррих ашулы, қаһарлы патшалардың бас

кесетүғын жендеттеріндегі болса керек. Күн он екі шәһірді үш жұз алпыс бес күнде бір аралап болады. Сол үшін үш жұз алпыс бес күн бір жыл деп атанды.

Зуһәрит мұнын жүрісі де бір жыл, ғутәрид мұның жүрісі де бір жыл, ай он екі шәһірді жиырма сегіз күнде бір аралап тұрады. Бір күн үйінен шыққан күні, бір күн үйіне қайтып түскен күні. Екі күн жұртқа көріне алмайды. Өзінде дәнeme жоқ, күннен алған көтермені тауысып келді, аспан кекте тұрған ай, күн, жұлдыздардың адам балаларына қатым-қарыс араластығы болады. Қыз алып, қыз беріп құдалығы болмаса да, өзге үйір-шүйірлік мидай аралас бала болатүғын су қатынның жатырына барғанда оған зухәлу шәп ете түсіп, бағу-қағуына алады, қан түсіне айналдырады қырық күннен соң муштәри шәп ете түсіп, ол бағу-қағуын алады, ол ет қылып жасайды. Қырық күннен соң мәрих шәп ете түсіп, сүйек жасауға ыңғайланады, жұз жиырма күннен соң күн араласып сурет қылуға ыңғайланады. Зуһәрит күн астында жүріп ойын күлкі сауыққа ыңғайлышы қылуға тырысады.

Ғутәрид өзі хатшы білімсіз жағын абыллатады. Ай колына келген соң бұл дүрілдетіп өсіру, өндіру жағын шапшаңдатады жарық, жалған дүниенің жүзіне шығуға асырып ананың қарнында бүлкілдең, тыптырап асырыстық пен алты айды тамамдап ай құшағында туатүғын балалар болады. Ол алты айлық баланың кемдігі шалалығы болмайды. Жеті айлық болып туса онында кемдігі шалалығы болмайды. Жеті айдан асып, зухәлға қарай кетсе оның өсіру, өндіру жағына жай-жағдай аз, сегіз айда туса бұл бала болмайды, жаман жағдайсыз кісінің қолына түсті. Сегіз айдан асып, тоғызға аяқ басса муштәри құшағына ілінеді. Оған барған соң ак бүтіндік толықтықта айланған бастайды. Тоғыз айын толтырып тұған баланы жаман қатындар бағалмағандықтан асырауын, сактауын білмегендіктен үйқалап-қүйқалап өздері өлтіріп алады.

Қазақта бір надандық бар. Біреу перзентсіз, баласыз болса Құдай бермеген соң қайтысын дейді. Құдай неге бермейді, ол бермейтін сараң ба? Жоқ біреуді балалы қылып, біреуді баласыз қылып, ала-

құла еткіш пе? Ала-құла ұстамай, ай мен күндей әмбеге бірдей Құдайдың Құдайлығы ол екеуінен неше мың есе артық әмбеге бірдейлігі Құдайда алалық жок. Топыракты, суды әмбеге бірдей қылды, кірпіш соғып бас пана, үй жасап ал деп. Жасап алғандар бас паналы, үйлі-куйлі болып отырады. Жасап алалмағандар үйсіз-күйсіз қаңғып жүреді де. Мұның қалай дегенге қайтейін Құдай маған үй бүйірмады дейді. Бұрынғының жаман Құдайшыл келеді дегені осы.

Енді бір надандығы біреудің баласы өлсе, оған айтатұғын сөздер: «Иесіне керек болса қонсасы өкпелемейді, өзіне керек болған соң қайтсін» дейді. Құдайға оның не керегі бар. Малын бақтыра ма, отын жақтыра ма, мылжыңан дәнeme өнбейді, баласыз қылатұғын да, берген баласында тұрғызбайтын да сараңдық. Бұрынғы әулиелер айтыпты, адам ішінен адам шықпай, адам кеңімейді. Бала таппаган қатынның жібі шегі болады, құрты бүйрекі болады. Бір басты, екі аяқты жанда шошпағы қанамаған жаннан сараң жан тіпті болмайды. Солай болған үшін айтады шошпағы қанамаған. Құдай қаламаған шіркін деп еркектің сарапы перезентсіз, баласыз болған жандар. Жорға жүрісінен пұл болады. Жаман жүрісінен құл болады. Не кемшілікте қалса пендे өзінің олақтығынан, салақтығынан, надандығынан, сарапдығынан қалады. Жалған дүниенің жұмысы себепсіз болмақ емес. Біреу себебіне ерте асыгады, Құдай берейін деген пендесіне ерте асықтырады, біреу үйінде дәнeme жок, есідерті тілеуі дүние болады. Екі тілек бір көңілге сыймайды, екі қылыш бір қынаға сыймайды, ... жас күнінде есідерті неде болса сонымен кетеді. Құдай ерлі-байлы қылыш жаратты. Қазақтың көбінің үйінде дәнeme жок, сиыр қашырган бұқаның жұмысы құр онымен бала болама есебін тауып іретін тапқандықтан болады.

Бала деген Құдайдан сұрайтұғын нәрсе емес, Құдай жасап беретұғын нәрсе емес, ерлі-байлы екі кісінің еңбегі қолдан жасап егіп, есіріп, өндіріп алатұғын ағаш. Осы ағашты жемісті ағаш қылыш өсіріп, өндіріп алатұғын қайратты сабаздарда бар, кісі сол, адам сол ол бір жерден ерік-мейіздің тұқымын апкеліп ек-

кен жоқ, бірақ ижтиһәді тілеуі жемісті ағаш болуын ойлап баққан қакқандықтан.

Жұлдыздарың бізді бағып-қағу іреті. Бала туып жарық, жалған дүниенің жүзіне келген соң ай құшағына алады. Төрт жыл, төрт айға шейін ай бағып қағады. Ай өзі қандай асығыс болса, жас баланы да сондай тез-тез өсіруге ыңғайлайды. Солай болғаны үшін айтылды: «Бесік баласы бес түлейді» деп. Бес жылда бес түлейді. Хош мұнан кейін ғутәрид құшағына алады. Он екі жасқа жеткенше үйлі бағып қағады. Үйлі ғылым, білімге, жазушылыққа баулыды. Солай болатұғыны үшін төрт жастан асқан соң баланы мектепке берудің керегі сол. Дәл осы сөзді отырған жан бес жасында мектепке беріліп, шар кітапті мәнісімен жаттап жұрт аузына ілініп, көп көзіне түскен бала.

Он екі жастан асқан соң зуһәрит құшағына алады. Үйлі ойын-күллікі, сауыққа баулыды. Жиырмадан асқан соң отыз жасқа жеткенше құшағына алады. Біз өз басымыз зуһәритпен күн құшағынан аулағырақ қалдық. Не үшін десен? Ғутәрид уысына түсіп кетіп, соңан басымызды алып шығалмай қалдық. Кескек байлаған ит үйге кіре алмас деген сөзге дәлме-дәл болдық. Үйлі күн баққан кісісін көзге түсіруге тырысты. Отыз жаста көзге түсуге жарамаған жаман, өмірінде түк кеспейді. Отыздан асқан соң миррих құшағына алады. Үйлі қайрат жігері өтікрлікпен алас үрғызады. Мұнан кейін мәшәри құшағына алады. Үйлі киініп-түйініп бай болу әр нәрсесі сай болуды ойлатады алпысқа жеткенше бағады қағады. Алпыстан асқан соң зухәл құшағына алады. Мұның құшағы бар болсын, өзін ойға салады дүниге харис қылады. Мұның құшағына түскен соң күнінді итке берсін. «Жақсыға жұру жоқ, жаманға өлу жоқ» деген сөзге нанымың құшті болып өлмегің қара жер деп жүре бересін.

Міне, біз тап осы кунде жер таянған жетпісте өтерміз. Бәрі басымыздан кешті. Бәрінің не қылып, не қойғанын көзбен көріп, қолмен ұстап айтып отырмыз. Ұл болсын, қыз болсын бізден бала туған күні, көктегі жұлдыздардан да бір бала туады. Пері деген бір мақлұқ бар, оданда бір бала туады. Жын деген бір мақлұқ бар,

онанда бір бала туады. Құдай деген жұрт аузында біреу бар гой бір періштені жұмсайды деседе. Осы алтауы жалған дүнинің жүзіне бір сағатта келеді. Осы бала тірі жүрсе осылардың бәрі бұл бала-мен маңайласа бастаса, жолдастай болады. Осы адамзат сықылды жұлдыздың да жаманы, жақсысы бар. Жаманың нас жұлдызы деседі, жақсысын сәтті жұлдызы деседі. Бұл туган қундегі туган жұлдызы сәтті жұлдызы болса. Бақты талайлы жұлдызы жоғары болып басқадан үstem, бөлекше болатұғындығы сол. Нас жұлдызben айқасып туган бала болса құнсыз, пұлсыз жаман кісі атанағындығы сол. Көзіміз көрген жаннан өлшеу берейік. Кешегі Шорман баласы Мусалар сәтті кунде, сәтті жұлдызда туган жандар солар Кенесары Наурызбайлар. Олармен айқасып туган жұлдыздар басқамен айқаспаған жұлдыздар.

Қазақ айтады: «Қырық жылда бір ...болады» дейді. Ол сөздің мәнісі қырық жылда бір туатұғын жұлдыздар болмақ. Бұл жұлдызға айқасқан өзгеден бөлекше туысы басқа болмақ.

Біреудің перісі құшті болады, біреудің жыны құшті болады, біреудің сайтаны құшті болады. Адамды осылардың қай-қайсысы болмасын билеп кетеді. Өз басын өзі алып жүргүре мындан біреу-ақ жарайды. Осы көрініп жүрген жамандарды біресе жын билеп, біресе сайтан билеп кетіп, жаманың жаманы атанағындығы сол. Біреу кісі өлтіреді, біреу ұрлық қылды, біреу ойнас қылды. Осының бәрін Құдай қылдырып тұр дейсіндер ме? Жын, сайтан бірі олай, бірі былай үйтқытып адамды мыж-тыж әуре сарсан қылды. Періште дейді айтуға аты бар өзі жоқ. Осы жетпіс жасқа келгенше соның іске жарап орынға түрған жерін көргенім жоқ.

Нәуай айтқан: Ол не қылды, бұл не қылды. Ол білер, ол бұ қылmas. Әр не қылса ол қылар хикметтен уақф ерместер кісі болмады. Бұл ісі кіслігінің ісі сөз. Ағайын осымен тоқтатса керек.

Жалған дүние жабдығынан көңлі шығып кетсе ол адамға табиб [1450] алып келіп көрсетсе, табиб айтады бұл содай болған. Арабша мәихулииә, [1451] орыс тілінде сомаш дейді. Бұған епитетмен жасап ішкізу керек деседі. Тамыр ұстайтын тамыршы айтады,

мұның миы құргақсып, денесінде қан күші азайып, қара құрым күшейіп кеткен. Қыс һәуасынан бұзылған жаз шығып дүниені дымқыл көбейіп күшегендеге оңалады дейді. Ғылым нужум [1452] мен ғамал қылғандар. Бұған сауда күшеген. Сауда мәнісі ұйқыдан ояулығы көп болып, хошлық ләzzәтлікты ғәм уа әләмге [1453] айырбастаған мирих менен ғутәридтің астасып ұстасуы, қайнасып байланысканнан болған. Ол екеуінен басқа және бір жүлдyz бар сол ұшеуі қоғамдақсанда сонда оңалады дейді. Бұлар бұл сездерінде бәрі шын айтады табуын тапсада оңалту сауықтыру қолдарынан келмейді. Мұның хақиқат шыны бір пендесіне Құдай сағадат иқбал [1454] етіп, Хақ Тағала һидаият [1455] етпек мурад ойласа. Ол адамға екі қуатты жасауыл жібереді ғутарид пен мирих олар жаяуларды жүмсайды. Құргақтық арқанымен қоршап шырмап алып құргақлықты басына миына орнатып дүние ләzzәттарынан жирендей бастайды. Хузн уа ғәм [1456] қамышыларымен сартылдастып айдал Құдай жаққа қарай үйірілдіре береді.

Қолына түспейтүғын сөз, самауына жетпейтүғын айға, алас ұрғызып. Басқаға мойнын бұргызбай тұн болса ұйқыдан, күндіз күлкіден айырып ойлай-ойлай ой түбіне жете алмай миы құргайды. Бұған өмірінде ... ұйқы арам жазығы жоқ тамақта жерітіп жирендейріп шығарып жібереді. Мұндай жанның дүниеде құр сұлдері жүреді. Бұған берген фәдл [1457] басқа пендеге берілмеген.

ال توفيق شئ عظم لا يعطى الا عبد العزيز

«эттәуғиқ шәйүн ғазим лә юғти иллә ғабдул ғәзиз». Алған салған олжасы осы.

*Мағынасы: (тауғиқ – ұлы зат, тек қасиетті құлдарына беріледі.*

Өз денендердегі нәпсі әммәрә [1458] дақиәнус табиғатына так жасап алып, күллі денеге патшалық қылышып. Һәуә һәуәс [1459] тәкәппарлық, құншілдік, сараңдық, кекшілдік, риә харис [1460] көлгерлік, харислық. Бұлардың бәрі өзіне бағынып алған соң, ана-ниетлік дәнін ұстасып жеу, ішу, қатын құмар, мал құмар, өзімшіл, ұйқы құмар, осы жетеуіне шоқындырыды. «Әркім сүйгенінің құллы» деген осыған келеді.

Бұл нәпсі әммәрага құл болмай, айтқанын қылмай, айдауына көнбей тауға барып бекініп жатып алған қалб [1461], рух [1462], ғақыл [1463], сир [1464], хәфи [1465], ихфә [1466], қууат қудси [1467], хәсиәт сәриф [1468] уа ләммә дәхелә мәғәһү әссижи фәтиән.  
*Магынасы: Жігіт кезінде турмеге кірген.*

Осы екі жігіт Юсуф ғәләйхи сәләмді [1469] көргенде, біз сізді қөрісімен-ақ жақсы көрдік дегенде шошып қалған екен. Неге шошыдыңыз дегенде? Атам жақсы көрді, құдықта қалдым. Злиха [1470] жақсы көрді зынданда қалдым. Біреудің жақсы көргені маган жақпайды деген екен.

Бір сартпен бір ондай Бухара шәрифте [1471] жазалы болып қолға түсіпті. Сонда бұлар не қылып, не қойғанын көше бой қақсан айттып жүреді екен. Айтпаса артында жүрген күзетші салдаттар алады екен қамшиның астына. Сарт байғұс самарадай қақсан көшени жаңғырып жүр дейді. Ондай байғұс айттайын десе, сарт тілінен бір ауыз білері жоқ, айтпайын десе ұрып өлтіретүғын. Сонда сасқанынан мен әм, әм туу, мен әм, әм туу деп қақасайды дейді. Құтты сол сықылды дүниде жинс әйел жақсы көрді. Залалын тартқан өзім білемін, басына түспеген нені білсін. Мен дүниеде неден залал шеккендігімді бұл қиссадан [1472] сездім. Молда Мәшһүр Юсуф.

## Адам жаратылышы туралы

Құдай Тәбарақ уа Тағала әр нәпсі үшін төрт жұрт даяр қылып қойған:

Бірі рахым мадр [1473] ананың қарнында бес ай жанды қылып, сол жерде рыздық жегізген.

Бірі ғалим шаһадат [1474] осы жарық дүние.

Бірі ғалим барзах [1475] жан шыққан соңғы аруақ әлеміне жеткеніше.

Бірі ғалим аруаҳ [1476].

Бес ай жансыз, бес ай жанды. Жан сақтаған жерін қалай қиып тастап кетеді. Бала тумақ жақсы көрмейді, сол жерінен қозғалуды амалсыз нағлаж [1477] шырылдаپ жылап зорға шығады жарық

дүниенің жүзіне. Хош ана құшағына түсіп, емшек еміп, аナンЫң мейр [1478] шапағатын сөзген соң, баяғы шыққан жеріне қайта бар десе өлсе жоласын ба, бармайды. Баруды жириңіп жек көреді. Олай болса бұл жаһанның [1479] кең жүзінде жүргенмен мекнат [1480] уа машақаты [1481] ойга салып қарағанда, аナンЫҢ жатырынан тар. Ондай жылы жайді өзіне қорек алыш, тыныш жатып еді ғой. Ал енді мүмин мужид жазғ уа фазғ [1482] етіп өлімнен жириңіп, өлуді жек көріп жүргенменен өлді Құдайын тапты.

Құдайын тапқан жанға жалған тіршіліктің тарлығы аナンЫҢ жатырынан көп тар, көп жаман, көп қызын. Олай болса мүмин мұсылман Құдайын тапқан соң, бұл жалғанға қайту жарық дүниенің жүзін тастап, аナンЫҢ жатырына қайта барамын деген сыйылды. НЕ ҒЕММ иманлы құлның өлгені де, тәні де болмас. Үш кез тәні де Хақ, сөзі рас сөз деп біл. Өлімнен қорқады. Өлім не нәрсе екенін оның қандай қасиеті шарапаты барлығын білмегеннен мұны надандық дейміз бір.

Екінші – қайдан келді? Қайда бармақшы нәпсі натиқ [1483] рух инсани [1484] не екенін де хабарсыздығынан.

Үшінші – зәннә [1485] қылғандықтай зым-зия жоқ болуды ол неге ойламайды. Зым-зия жоқ болу деген асылы жоқ екендігі.

Төртінші – күмән қылғандықтан. Өлген соң бұл жаһаннан қабарысyz қалуды.

Бесінші – қииәс [1486] қылғандықтан. Өлімдеген бір зор әләм [1487] рәжү ғазаб [1488] деп.

Алтыншы – өлген соң хәлі не боларын білмей мутахар уа сир исм [1489] болғандықтан.

Жетінші – өзінен қалатұғын дүниені өзінен басқаға қимағандығынан.

Осы айтылған жеті түрлі ғиллэт [1490] адамға өлімді жек көрсетіп, қорқытып үркітіп тұратұғын. Бұлар бәріде бұзық ой, қиялылық, надандық, өз алдына иесіз бір жаман ауру. Оның дауасы бұл ғиллэтларды өз бойынан, ғақыл ойынан кетіруге тырысу. Ләтиф рәббәни, ҳақиқат инсани, нәфсі натиқ [1491] осы үшеуі бір қалыбының есімдері хош бол. Нәпсі натиқ жазушы, хатшы орнында, дene бір қалам орнында. Жазушы қаламды қалай билеп төстеп жұмсан отыра-

ды, жүрек денені солай билеп төстеп отырады. Нәпсі натиқ [1492] денені билеп төстеп, жұмысқа салғандығының аты хәиэт [1493] тіршілік делінеді. Нәпсі натиқның денені билеп төстей алмай, жұмысқа салалмай қалғандығын мәмәт [1494] өлгендік дейді.

Өзің жазушы болсаң қаламың қолыңнан түспесе, өзіңе қандай бейнет қаламың қанша қиналу кесілумен сияға малынып қызметке салынып тынышсыз болады. Сен оны жазбай қаламданға салып қойсаң, қалам да тыныш, сен де тыныш. Екеуінде бейнеттен халас [1495] боласын. Тірлік деген жазушы мен қаламның бас қосып бірігүімен бейнетке қалып отыргандық. Өлу деген осы екеуі бірінен-бірі айырылып жазушы да тыныш, қаламға да тыныштық табылғаны. Құдай ғақыл иесі берген. Әр нәрсені танып білуге мұршасы келген. Тірлікпен өлілікті осы есепті көріп, өзіне де, қаламға да тыныштық болғанын жақсы көріп, өлімді сағынып а, Құдайым тыныштықпен жылдамғана берсе екен деп отырады. Хош бол бір.

Екінші дауа бұл нәпсі натиқ [1496] аталған рух инсан фәнәфәхэт фиһи мин рухдан [1497] келген. Әууэл ғәлимул ләһуаттан [1498], ғәлимул-жабарутке [1499], ғәлим жәбәруттан ғәлимул-мәләкутке [1500] келген. Мәләкут сәмәуатда [1501] ғәләм әләруах [1502] да болып мәләкут ард [1503] да ғәләм әл-барзах да болып күн фасад [1504] аталған ғәләм табиғатқа келіп бүтін инсанда тәғәллүк [1505] тапқан.

اول عالم الالهوت عالم الجبروت عالم الملکوت عالم البرزخ

Әууэл ғәлим әлләһүәт ғәлим әлжәбәрут ғәлим әлмәләкут ғәлим барзәх [1506].

ملکوت سموات عالم الاروح ملکوت ارض عالم البرزخ

Барзах ғәлим ард мәләкут әләруәх ғәлим сәмәуәт мәләкут [1507]. Өзінің қайдан келгенін білген жан, келген жеріне қайтуға өмір бойы есідерті сонда болып من حب الوطن من الامان

«Хуббул отан мин әл-иман»

*Мағынасы: «Отанды сую – иманнан».*

Хадис шәрифдің мағнасын мұлахиз [1508] қылумен, құні-тұні жабдығында болумен жері, сүйн бір таптай қоймайды. Ендеше

бұған арқан тұсай. байлау- матау тіршілік қолын босатпай, мұрнын сіңбіруге мұршасын келтірмей жүрген жазу нағыздығы. Қаламды қаламданга тастай беріп, жазушылықтан бас алып қашса бұрынғы шыққан орнына жып-жылдам бармақшы. Бұрынғы шыққан орнына қайыра баруына үш жабдық керек: ақуал, әфғәл, әхләқ [1509] Жақсы сөзді, жақсы пейілді, жақсы мінезді болуы керек.

Жаман сөзді, жаман пейілді, жаман мінезді болса. Үш балакты шідер есепті екі дүниеде қолын дәнемеге жеткізбейді. Бұл же рін шамам келгенше ашып айтып кетейін. Жаман сөзben, жаман пейілмен жаман мінезден ғадәт [1510] алған адамның жаны ғәләм барзахтың тәменгі жағында. Тіріде мінезі қай хайуанмен мінездес болса, сол хайуан суретінде қыын қыстаулықта бейнетте қалады. Жақсы сөзді, жақсы пейілді, жақсы мінезді ғадәт алған адамның жаны дүниеден айырылған уақытта ғәлимул-барзах да [1511] биттей кідірмей ғәлимул-мәләкүтке [1512] шырқап шығып кетін, сейіл сайран құстай ұшып тайран қылып ... ғәлим шаһадатқа [1513] келіп кетін жүреді, ұжмақтың құсы есепті.

Ушінші дауа жанға өлім жоқ, тозу жоқ, ескіру жоқ, бір асыл жәу-  
ар. Денеден бөлек кеткенмен оған толықтық табылmasa, кемдік келмейді. Анар мен алманы сығып сүйн алса, сүй бір түрлі тәтті болады. Дене анар сықылды, жан сығып алған тәтті су сықылды. Екеуін екі айырып байқағанда анар болып тұрганнан сүйн бөлек сығып алғаны асылданады.

Денеден кеткенмен жан асылданбаса далада қалмайды. Қар еріп кеткенмен, сүй бірге кетпейді. Жұз шам, мың шам сөнін қалғанмен ай мен күннің нұры түр емес бе. Ендеше ойлау керек денеден айырылса жан асылданып кететүғындығын, жанның қинауда қалмай сыйлануда болғандығын ойлаған жанға, тірліктен өлін қалғандығы көп жақсы. Солай болатүғындығы үшін бұрынғы әнбия, әулия бәріде тірліктен, өлгендігін артық көріп, өлімге құмарланып Құдай үшін жан қыып өлу жағына бәрі асықты. Тірі жүргендігі қара сүйкітық сықылды болды да, өлген күні хәиэт болатүғындығына көздері жетеді.

Төртінші дауа рух инсаны денеден айрылған уақытта екі ғәләмның әхуаліне бірдей жетектеніп білуге емін еркін ерікті. Не үшін десен денеде тұрганда қынапта тұрган қылыш есепті, қынаптан шыққан күн жарқырап көзге түспекші. Бұрынғылар айт-падыма қылыш қынабында қырық жыл жатса қынабының құнына тұrmайды. Қынаптан шыққан күнінде ер құнынан асып кетеді деп.

Айна бокшада жатса онан не пайда, бокшадан сұырып алса сонда бет көруге жүрттың қолына алуға жарайды. Құс қанша ұшқыр, қанша өнді болғанмен байлау, матауда, қапаста тұргандығы қандай. Босанып жарыққа шығып ұшып жүргені қандай. Жан денеде тұрганда байлаудағы, матаудағы қапастағы құстай, денеден айрылған күні шарықтай ұшып жүрген құстай. Адам деген осыларды ойлап білумен адам болмақ, болмаса бір хайуан натиқ [1514].

Бесінші дауа жан бір шапса жүйрік мінсе берік, арымас азбас ат. Дене ол атқа басына жүген, аяғына кісен, үстіне желқұм тіршіліктің жұмысы осы аттың арқасына жауыр, аяғын аксак, құйрығын шолақ қылып өмірінде борбайына шыр бітірмейтін кергіштік. Осы бейнеттің бәрінен таза құтқаратұғын дауа өлім, өлді халас [1515] жан бейнеттен азат болды. Асылында адамға ойлағанда жан тыныштығынан басқаның не керегі бар. Жан тыныштығын ойласаң есілдертің өлуде болсын, жалғыз-ақ иманның сәләматтығын тіле, онаң басқаны тілегенниң тілеуін .....

Алтыншы дауа өлді Құдайын тапты деғен сөзге шын нану. Пенде Құдайды ынталы жүрек шын көнілмен іздел жүріп алып кетсе адаспай дәл табады. Құдайын табуға жолдың ең жақыны, ең тұзуи өлім. Солай болған үшін өлім Алланың раҳматы делінді.

Жетінші дауа бұл жаһан бір ағаш. Адам ол ағашқа шыққан жеміс. Піспеген жетілмеген жеміс өзі ашшы болады да, ағаштан қанша қозгасаң айрылмайды түспейді. Жеміс әбден жетіліп пісіп кемеліне келсе ағашта биттейде тұrmайды. Уф еткен желдің екпінімен түсे қалады. Жоғары тұрганмен ағашта тұрган піспеген жемісті ешкім керек қылмайды. Пісіп жетілген кемеліне келіп жерге түскенде жеуіне де қимай қолына ұстап журуші көп бола-

ды. Сондайын адам піспес, жетілмес бұл дүниеге алданышы көп бола бермек, дүниені қимағандықпен жетілмеген жемістей жүре бермек. Піскен, жетілген, кемеліне келген адам бұз галим көун уа фасад [1516] да, дүниә уә мә фиһені [1517] бір пұлға алмай, мал бар екен, бала бар екен деп назар салмай. Бір Құдайдан басқа ешбір жанға махаббаты болмай. Фаззат [1518], ләззәттерге алданбай, өлім нығметінен артық нығмет жоқ деп біліп. Есідерті иманы болып, бүтінде төрт бүтін иманымызды саба құтқаратын дін жанымызда деп жүре береді. Әннә хазіретіміз Мұхаммед Мұстафа ғәләйхис солат уас сәләм: [1519]

«Мәүту қаблә ән тәмұту» деді. Бұл сөзben ғамал болайын десен бойындағы ашуды өлтір, шәһуэтті [1520] өлтір. Ол екеуін ғақылыңа билет.

روح حیوانی روح شهوانی طلیف ربانية حقیقت انسانیة نفس ناطق

Рух хайуани, рух шәһуәни бұл екеуін латиф раббәниінә хакиқат инсаниә нәпсі натиқ [1521] болған қалыбыңа билет. Таста дүниені, таста сен, тастамасан әл-әк бір күні ол тастап, дат дегізіп шонқытып кетеді. Онан бұрын өзің таста, тастағаның махаббат .....

العقل يكفي الاشارة والاحمق لا يعني العبارة

Әлғақл іекфи әлишарат уалахмақ лә юғни әлғибарат.

*Магынасы: Ақылдыға ымдал қолмен көрсеткен кезде түсінеді. Ал ақымақ сөздің өзін түсінбейді.*

خبر الكلام ما قال ودل

Хайру көләм мә қәллә уә дәллә.

*Магынасы: Сөздің хайыры айтқанга дәлел болса.*

Уа әй, қазақ-ай шын әулие. Жақсыға жүру жоқ, жаманға өлу жоқ.

## Қорқыныш төрт түрлі

«خوف خشوع خشية الله تتدبر»

Хауф, хушуғ, хашиэтуллаһ, тақдир [1522].

Хауф – дейді, бір нығмет еріскенде басы аман, малы түгел бола қалғанда мұның арты, алды қандай болады деп хауф қатер сонда керек. Не жерде кім жүзленсе кем мурад сасып отқасында оқың ...

**والذين هم في صلوتهم خاشعون**

«Үәл ләзинә һүм фи солатиһим хашиғун».

*Мағынасы: «Олар сондай, намаздарында іштей жалбарынады»*

*Меккеде түскен. Муминун сүресі. 2-аят.*

**انما يخشى الله من عباده العلماء**

«Иннәмә иәхши аллаһу мин ғибадаһу әл-ғуләмә».

*Мағынасы: «Расында Аллаһ Тағаладан шынайы қорқатындар, ол – ғұламалар» Меккеде түскен. Фатыр сүресі. 28-аят.*

Тақдир нығметтің зауалы, тақдирде болуынан көңілде болуы керек. Оның дауасы: **ذلك تقدير العزيز العليم**

«Зәлік тақдирул ғазизул ғалим».

*Мағынасы: «Миңе осы аса үстем, әр нәрсені білуші Алланың олиеуі» Меккеде түскен. Ясін сүресі. 38-аяттың соңы.*

**و نبلونكم بشئ من الخوف**

«Уа наблунәкүм би шайин мин әл-хауф» дейді.

*Мағынасы: «Қатерден оларды қуандыр» Мединеде түскен. Бақара сүресі. 155-аят.*

**و نبلوكم بالشروع الخير**

«Уа наблукүм би шар уа-хайр» делінген.

*Мағынасы: «Сендерді сынап, жасаман жақсы күйге саламыз» Меккеде түскен. Әнбия сүресі. 35-аят.*

Аллаһ не берсе хайырға берсін, шар үшін берген болмасын

**الخير ما اختاره الله**

Әлхайр мә ихтәрәһ Аллаh.

*Мағынасы: «Аллаһтың таңдағаны қайырлы».*

## Шық, қырау туралы

Шық көктен түспейді, жер астынан шығады. Жер астынан түнде шықкан бу таң алдында һәүә [1523] тезғана салқынданып тигенге жоғары ұшып кете алмай салқын иле қоюланып одан кейін жерге жабысады дүр. Егерде һәүә бес салқынданап кетсе, ол шық аппақ қар хәліне келе[ді], мұны қырау дейді.

## Жұмбақтар

Мәшһүр Юсуф Көпееvnің жиырма екі жасында айтқан жұмбактары.

Мүйізден өзі,  
Күмістен көзі.  
Ұзын бойлы,  
Шайтан ойлы.

Ағаштан қазығы,  
Мың кісінің азығы.

Мылтық дейін десем,  
Атқаны жоқ.  
Домбыра дейін десем,  
Тартқаны жоқ.

Арба дейін десем,  
Салдырағаны жоқ.  
Қоңырау дейін десем,  
Сылдырағаны жоқ.

Ойламаған жерден келді,  
Көрінбеген нәрсенің хабарын берді.

Алыстан әңгір-санғір,  
Қасына барсаң қатты темір.  
Ашып көрсең аппақ қана,  
Татып көрсең тәттақ қана.

Адамда жоқ жалғыз-ақ барды,  
Сенде болса қайтейін менде барды.

Он сегіз мың ғаламда жоқ не нәрсе?  
Жұмлө хәлк[1524] де барлығы аңланады.  
Шамға[1525] барған үшеуін сонда көрдік.  
Рұмға [1526]барған сандалып көп сандалды.

Аузы дәл бір қарыс,  
Тірідей кісіні жүттү көрдік оны.  
Сүйектері бақша-бақша,  
Терісін сыйдырып алса,  
Аузы қара надамет,  
Іші қызыл қиямет.

Сулап салсаң құр шығар,  
Сақла ондан сәламат.

Сегіз тау сегіз тауды өңгеріпті.  
Жібек жүн шөп қамысқа теңгеріпті.  
Қойысына қауғасы балтаға сап.  
Екі пүт екі қадақ тең келіпті.

Тауға тау соқтығысып қалғанында.  
Айырылып ғақл естен сенделіпті.

Тәнірі Тәбарақ уа Тағала құлдарының ризқын уағда қылды,  
уәдемен болды.

وَفِي الْأَسْمَاءِ لِرَزْقَكُمْ وَمَا تَوَعَّدُونَ وَمَا مِنْ دَآبٍ... عَلَى اللَّهِ لِرَزْقُهَا وَكَلِيلٌ مِّنْ دَآبٍ  
لا يَحْمِلُ رَزْقَهَا اللَّهُ يَرْزُقُهَا

Уа фис сәмә рәзәкәкум уа мә туғедун уа мә мин дәббәт филард  
... ғәлә аллаһ ризқәһе уа кәин мин дәббәт лә иәхмил ризқәһе аллаһ  
ризқәһе.

Магынасы: Аллаһ Тағала сендердің және жәндіктегердің де ризық-  
тандырады. Жәндіктегер өздерін ризықтандырмайды, албетте Ал-  
лаһ тағала ризық беруші.

Бұ қөңіл не үшін қарар [1527] қылмас. Жауап Құдай Тәбарақ уа Тағаланың құлдарын бес нәрсе бірлен сенермін дейді. Бірі қорқыныш, қөңілнің бей қааралығы босанмақ себептен дүр.

قوله تعالى و لتبونكم بشئ من الخوف والجوع ونقص من الاموال والانفس والشرارات

Қауләһу Тағала уа линәблунәкүм би шәй минәл хәуф уал жәүғ уа нәксүн минәл әмуәл уал әнфәс уас сәмәрәт»

*Мағынасы: Сендерді қорқыныштан, аштықтан, байлықтың кем болуынан, нәпсінің және жемістердің кем болуынан бір нәрсемен ескертеміз.*

Олай болса пендे мүмин [1528] басыға (басына) не хәл уақиғ [1529] болса, Аллаһ Тәбарақ уа Тағаланың бір сынамақ болған ирадасы [1530] деп біліп, сабыр қылуға тырысуы керек. Бұл опатқа сабыр еткен инсан диәнәт мәлки [1531] де дүр, мәрд майдан.

## Мұса пайғамбар туралы

Бір күні хазірет Мұса ғәләйхіни сәләм [1532] Құдай Тағала бірлан раз айтушы бара тұрган жолында мүмин пенделерінің ардашларын көрді дейді. Әғлә ғәлиинғә [1533] ұжмаққа жоғары шығып бара жатқанлар екен. Іштерінде бір жан арық, дәғиф [1534] нашарлықтан ұша алмай әр жерге бір жығылып ғажизда [1535] нашар дәрменділікларыны көріп, жаны ашып, Тәңірі Тәбарақ уа Тағала халіден сауал алды. Өзге жанлар ішінде мұндайын неден нашар хал болған деп. Онда ол мүминнің [1536] жаны жауап берді иә, Мұса кәлимуллаһ мен пақыр мұхтараж едім, дүние лайықтың еш бір шайз артымда қалмаған еді, бір балам ғана бар еді. Оның пақырлығы өлік пенден жүз хасса зияда [1537] дүр. Ғұмырында бүтін жаңа киім киіп көргені жок, қарны тола ас аузына тиіп көргені жоқ.

Ешбір маған садақа хайір ихсан [1538] қылғышының (қылушының) жоқлығынан өзге жанлар ішінде дәғиф уа нәхиф [1539] мен дейді. Хазірет Мұса ғәләйхіни сәләм мұны көріп, ділі күйіп, бұл өлікнің баласын сұрастырып тапты. Бір кәлләфазға қызметші екен, бір аулак жерге шақырып алып, атаң үшін неге Құдайы ас бермейсің балам?

Атаң сондай нашар дәгиф екен десе, баласы атасын қарғап сөге бастапты. Атам болмай кетсін, аты өшсін бізді осындай мұхтаж қалдырып кеткен. Оның несін ата дейін, елі оған бермек түгіл, тірі өзімнің ішпек-жемегім еш нәрсем жок, қарным аш, ішім жалаңаш, бір ауқатымды өткізе алмай жүрдеймін деді.

Хазірет Мұса айтты: – Балам, титтей дәнeme таба алмасаң аяқтабақны жуған жуынды судың сауабы атама болсын деп, «Бисмиллаһ рахман рахим»-деп ағар суға төксөң соның сауабы һәм атана тисе ғажаб емес деген соң, бала жаһли келіп ол сауабы атама болсын деп, қолында жуып түрган аяқ-табақтың жуындысын ағар суға төгіл жіберді. Құданың құдіреті сол суда бір күр бақа тамағы құргап, тағам таба алмай ашығып жатыр екен, сол жуынды судан қорек алышп, көп алғыс берген екен. Соның сауабы атасының рухына уасл [1540] болыпты.

Күндердің бір күні хазірет Мұса ғәләйхи сәләм түр тағына бара жатса баяғы ардашларны және көріпті. Қараса мұның атасы шат уа харм барша аруақтардың алдына түсіп, ойнап-құліп тараҳлап бара жатыпты. Хазірет Мұсаны көріп, құлдық қылышп көп алғыс өтіпіп балама сәлем айттын. Менің уақытымды хош қылдың, Аллаһ Тағала оның һәм уақытын хош қылсын денті.

Хазірет Мұса ғалейхи сәләм түр тағынан қайтып мазкур [1541] шаһарға келіп, кәлләфазлардікінен баланы ақтарып қарап табалмайды. Әркімнен сұрастырса, ол бай болып, дегендері болып қымбат тондар киіп, б.. аттар мініп, бір шаһардың алдына түскен екен. Келіп жолығып шалдын нақыш қылса айттыпты, сіз кеткен соң өзімнің қызымет қылышп жүрген қожайын байымның жалғыз надрат жиһан бір қызы бар еді. Сол қызын қалың малсыз маған ғақыд [1542] қылды. Содан кейін көп ұзамай бай дүниеден өтті, қанша мал-мұлкі маған мирас қалды.

Құдайға шүкір бұл күнде осы шаһардың алдыңғы қатардағы дәүлетті шен шектелу байларының бірі болдым. Сіздің айтқан насиҳатыңызға ғамал қылышп, аяқ-табақның жуған жуынды судың сауабы атама болсын деп, ағар суға төккеннен мұнша дәүлетке,

байлыққа жеттім деп хазірет Мұса ғәләйхи сәләмға көп шүкірліктер ойлады дейді. «Өлі жібімей тірі байымайды» – дегенниң асылы мұнан шыққан еken. Қиссадан [1543] қисса мұнан екі пайда табылды: Бірі – елікке һәр не сауаб боларлық іс қылса, пайдасы тірі адамның өзіне болып, дүниеге молаяды еken. Бірі – аяқ-табақның жуынды сүйин «Бисмиллаh» – деп ағар суға тексе мұсылман перілерге тағам болып, хисаб сауаблары хасил [1544] болар еken.

## Дін тарихы (бірінші әңгіме)

Әннә хазіретіміз нәбинә соллаллаңу ғәләйхи уа сәләм [1545] Тайыфтан [1546] келе жатып тән ән-нахл [1547] деген маудуғға [1548] түскен еken. Тұн жарымда тұрып намаз таһажудке [1549] шуруг [1550] қылыш Құран қираәт [1551] қылған еken. Сол уақытта жынлар жамағасы Насибин [1552] деген жерден ... дала жатына кетіп бара жатып Құран ауазын естіп айнала тұра қалып пайғамбарымыз соллаллаңу ғәләйхи уас сәләмге мандқат болып даста бағит [1553] қылыш, дін исламға мушриф [1554] болғандар еken. Аят каримде [1555] бар дүр. Қауләhу тағала [1556] *واذ صرفنا اليك نفرا من الجن يسمعون القرآن*

«Уа из сәрәғінә иләйкә нәфрән минәл жинни иәстәмиғунә әл-құран».

*Мағынасы: «(Мұхаммед) Сол уақытта саған жындардан Құран тыңдайтын бір тоиты келтірген едік» Меккеде түскен. Азграф суресі. 29-аят.*

Аятында жындар әннә хазіретіміз нәбинә соллаллаңу ғәләйхи уас сәләмға ғард [1557] қылғандар еken. Иә, Расулаллаh біз ақтар ардда [1558] хажетіміз үшін, иә, бір ай байтуллан [1559] үшін сыр сапар қылсақ, азық алыш жүрүшіміз мысалы не қорек қыламыз дегенде, пайғамбарымыз соллаллаңу ғәләйхи уас сәләм айттыбы: Адам ұғланларының етін жеп «Бисмиллаhи рахмани рахим» [1560] деп бір араға таслап төккен сүйеклері сізлердің қорекгіңіз болсын деп. Сонда жындар айтқан еken. Иә, Расулаллаh етін адам ұғланлары жеп қояды, қалған қу сүйегі бізге қалайша қорек болады дегенде.

Әннә хазіретіміз айтыпты: Адам ұғланларының «Бисмиллаһ рахманни рахим» деп бір жерге таслап, таслаған сүйекке Аллаһ Тағала жаңадан ет халқ [1561] қылады.

Сізлер соны жеп тіршілік қыласыз тадур [1562] киямет сол сізлерге ғаза [1563] болады депті және Аллаһ Тағала сол сізлернің оны қорек қылып хамд [1564] айтқан шүкірліктеріңін берекетінен ұжмақта құслар жаратады, қашан киямет күні болса امنا به و حسنه «әмәннә уа садақна»

*Магынасы: «Иман еттік және сендік».*

Осы сүйекті таслап «Бисмиллаһи рахмани рахим» деп тастаған пенделерге ұжмақта өзлеріне ғаза уа ләзиз [1565] тағамлар болады. Қолмен тұртмейінше, тіспен шайнамайынша мүмин пенделернің ауызларына өзлери ұшып кіріп, қант уа набат [1566] аузының ішінде еріп кетеді депті. Біз мұнан мағлум [1567] болдық. Ет жеп болған соң, сүйекті жинап «Бисмиллаһи рахмани рахим» – деп бір жерге төгіп тасламақ керек екен.

Бір пайдасы мұсылман жынларға қорек болар екен. Пірі Ра-сул Құда болмақ табылады екен. Бір пайдасы ұжмақта құс болып пенделернің өзіне нығмет болар екен. Егер тасламай іә «Бисмиллахи рахмани рахим» демей тасласа мұсылман жынларға қорек болмайды екен. Кәпір жынларға, шайтанларға қорек болады деген. Оларның жеген сүйеклернен ұжмақта құс жаратылмайды екен. Мұсылман жынлар аш қалып, бұл сүйекті тастағыштарны қарғайды екен, һәм және өзі ұжмақта ұшқан құс болған нығметтен махрум [1568] қалар екен.

### Дін тарихы (екінші әңгіме)

Хазірет [1569] Әбу Қасим Қашри әнәм шабабінда [1570] ғылым тахсил [1571] қылмақ үшін анасынан ижазат [1572] талап қылған екен. Анасы ижазат бермеген екен. Жоқ, ана ижазат бер. Егер ижазат бермесең өлсем өлемін. Болмаса ғылым тахсил қылмай үйде отыра алмаймын деген соң, анасы нағлаж ижазат берген екен. Сөйтсе де баласын қимай ұзатып шығарып, жол басында артынан телміріп

қарап қалған екен. Сонан баласы жолдастарымен бірге ілесіп, анасымен уадағасып [1573] жолға түсіп кеткеннен кейін, анасы екі көзі баласында болып шаһарға қайтарға тағаты болмай иә, Раббім, пәк пәруардігер, егер баламды бұл жолдан қайтармасаң, үйге һәм бармаймын, тағам һәм ішпеймін деп жол үстінде отырып қалған екен.

Шейх Әбул Қасим Қашри шаһардан ұзап кеткен соң, бір жайға түсіп баул [1574] қылса өзіден бе, ихтиәр хикмет [1575] Құдайым, баулі киімлеріне шашырап тонларына малус қылған екен. Мұнан тансих болып, әй жаранлар менің бұл сапарымда хайрі болмады, мен қайтамын деп жолдастары қоймаса һәм болмай қайтып кеткен екен. Келсе анасы ұзатып салған жерінде отырыпты, қайран қалып, иә, ана бұл уақытқа шейін жол басында неме қылышп өткізу десе, балам, Құдайға мен сондай уағда қылдым, егер баламды қайтарып бермесен үйге һәм бармаймын, тағам һәм татпаймын деп едім. Шүкір Құдайға мінажатым зая кеткен жоқ сені қайтарып берді де-генде, әлінамду лилләһ шүкір [1576], Құдайға шүкір көп меҳнатқа ұшырамай қайтқаныма. Мұндай жақсы болар ма деп, анасының алдына түсіп үйіне қарай аяңдай берген екен.

Сонда анасы дүға қылған екен. Балам, мені сыйлап қайттың, Аллаh Тағала сені ғылымнан бей хабар қалдырmasын, ғылым хал, ғылым қал кәшф уа керемет баршасы саған өзі келіп орнасын деген екен. Аллаh Тағала анасының сол дүғасын қабыл қылып, хазірет Хызыр ғәләйхи сәләмға [1577] әмір қылған екен. Бар құлым Әбул Қасим Қашриға тағлим [1578] бер, ғылым хал, ғылым қал кәшф уа кереметті асанлақ илен білдір деген екен. Хазірет Хызыр ғәләйхи сәләм хазірет Имам Ағзам рахматуллаhtің [1579] өмірінде елу жыл молла патша сыртында болып ғылым тақсил қылған екен.

Хазірет Имам Ағзам дүниеден өткеннен кейін, жиырма бес жыл және аруах шарифлардың ғылым тахсил қылған екен. Осы ғылымны хикмет иләһі азалды Әбул Қасим Қашриға тағлим бермек үшін оқытқан екен. Хызыр ғәләйхи сәләм келін тағлим берген соң, молда болмасқа немене аз заманда ғылым хал, ғылым қал кәшф уа кәрәмат сахбі алып мың кітап тасніғ [1580] қылған екен. Төрт кәламаллаh [1581] жазып шығарған би қанун тажуид [1582].

## Дін тарихы (үшінші әңгіме) Хикмет

Хазірет Фиса галейіні сөләм [1583] Аллаһ Тағалаға мінажат қылған екен. Иә, Раббім, пәк пәруардігер, һәммә мәулуд атасы бар дұр, не бағсдан мені атасыз халиқ қылдың, менің атамны тауып бер деп, теріс қылық илен наза қылып ... Раббі ғиззатні [1584] еркелеген баладай еркелеп қыстаған екен. Жинәб Раббі [1585] ғиззатден нада келді, әй, масихим Фиса рух аллаһ [1586] әркім сенің анаңың ері болса, атаң сол болады дұр. Яғни сенің анаңың хақиқи ері хабиб иләһи табиб [1587]. Күн.. шапағатке, махшарге [1588] ھе достым Мұхаммад Мұстафа соллаллағу ғәләйхи уас сөләм дұр. Сені оның нұрыдан пайда қылдым. Ғәлим ләһүттен [1589] ғәлиму һәйуліге келмекте муаххир [1590] болса да, мұртабадда мұқаддам [1591] жаратып من بداع الامر منه واليہ یعود

Мин бидәиә әләмр минһу уа иләйхи иәғуд.

*Мағынасы: Өмірдің басынан Алладанбыз және оған қайтамыз.*

Сенің атаң хабибім дұр. Осы уақытта хазірет Фиса ғәләйхи сөләм жинағ Раббул ғиззатқа нада қылды, бар перзентде атасыдан мирас аладур. Қане менің мирасым атамдан алған деп айтатұғын нәрсем жоқ дегенде, Аллаһ ғаззә уа жәллә [1592] қәрамлар бірлен айтқан екен, сенің туылмағынды мұқаддам қылсамда өлмегіні мұаҳхар қылдым. Бала деген атаниң артында қалады дұр. Осы жаһтден мирасға мусташқ бола дұр, сол уажденсің хайат ибдиә уа дәулет сыр мади майсар қылдым. Төртінші қат аспанды жәй бердім, ақыр заманда дүние жүзіне еніп достым Мұхаммаднің сәждесіде отырып набутиға мирас алып ниаригаты илан ғамал болып үммет Мұхаммаджеке һәди уа руһнам ойлайсын. Оларды Дәжжәл ләғин уа Иәжүж Мәжүжнің [1593] шарні дағиф [1594] қыласын, әне атаңың мирасы сол дер екен.

Сол себептен хазірет Файса ғәләйхи сөләм төртінші қат аспанда хәиәтлік иле [1595] қалғандар екен. Қашан заманың ақыры болып, дүние тозып, жұрт бұзылып Дәжжәл [1596] ләғиниң хуружы [1597] болса, Иәжүж уа Мәжүжнің зұлымы иле дүние толса, уақыт мағнудта [1598] хазірет Файса ғәләйхи сөләм аспаннан нузул

[1599] етіп, Дәжкәл ләғинды өлтіріп уа һәм Иәжүж уа Мәжүжнің касдындан дүниені арытып, халыққа әмір мәғруф нәһи мұнқәр [1600] қылын деп, дүние жүзінден хаты ...табылмайды екен.

Күдай Тәбарақ уа Тағалага нада қылар екен. Қане менің кітабым қолымға берсөң мен бұл жұртқа дінді насихаттар берсем, түзу жолға ондасам ... кітап ғамал қылсан дер екен. Онда Аллаһ Тағала айтты: **وللآخرة خيرك من الاولى**

«Уа лиләхират хайру ләк минәл әууәли [1601] ». Зуха сүресі

Аяттың мағынасы баршаға мунхасар [1602] емес. Баяғ нәрсеге шамал әуелгіден ақырғы қайырлы болады. Сенің кітабыңның шаригаты мәнүх [1603] болған сон ендірілген кітап Құранның шаригаты бақи [1604] қылған. Осы Құран иле ғамал ойласан. Дүние жүзінде кате өшпеген Құран кітап қалмайды дегенде Аллаһ Тағала айттар екен, пәлен [1605] наһрнің бойына барсаң құлым Әбул Қасим Қашринің тасниғатларны муаккәл [1606] мәлікәлар судан шығарып бер дүр. Соның илан ғамал қылсан дер екен. Мазкур [1607] айтылған маудығтан іздел барып, судан сандықшаға салған Әбул Қасим Қашринің кітапларны тауып алыш, заманның ақырында хазірет Ғиса ғәләйхи сәләмні хазірет Мәһди [1608] осы кітаптар бірлан ғамал қылар екен. Бұл дәреже бұл уәләиәтнің дүғасының берекетінде болған екен.

## Қанағат туралы

Қанағат дағы ғайн асылда жәүғнің [1609] ғайні. Егер ол ғайннан айрылса қанат болып аспанға ұшырады. Тамиғ [1610] хауарлық зәһрі [1611] монан ләzzәт алғандар өзін-өзі ашшылықға бейнетке салады. Қаниғ көзінен қан ақса да ғаззаті бар. Тамиғ алтын тахтада отырса музалләті [1612] бар. Ғашик уа мағшуклық [1613]. Шала еліктірігі ғашик, кәһр б... еліктірігі мағшук.

## Ақса мешіті

Мәсжид әл-Ақсаның [1614] екінші есігінің аты бәб шәриф әләнбиә [1615] хазірет Фұмар әлғаруқ радиаллаһу ғәнһү [1616] ашып кірген есік. Бәб хәтәт уа үдхулу әлбәб мәсжид әу қулу хәтәт [1617] мұның хақында бұйырылған бәб әлисбәт [1618]. Мұны бәб әррахмат [1619] дейді, қабірларға қарай ашылады.

Күн шығыста екі есік, бірі-біріне жалғаса, бірі – бәб әт-тәубә, [1620] бірі – бәб әр-рахмат. Хазірет Сұлеймен ғәләйхис сәләмнің бинә [1621] қылуыменен жасалған. Мәсжид Ақса қадим [1622] хазірет Сұлеймен ғәләйхис сәләмнің бинә қылуыменен жасалған. Қыбла [1623] тараапында екі есік, бірі-біріне жалғаса, мейлінше мұнар үлкен. Күн батысында екі есік, мешіттің астында бәб әлмәғәрибға [1624] жақын жерде. Ол екі есік дінгек ішінде миғраж [1625] кешісінде барак шәриф [1626] байланған алқа бар. ..... Құдайсыз нұр тұрмайды. Патшасыз жер тұзу тұрмайды. ..... Ерте тұрғанның ырысы артық.

وَقَدْ حَمَلَنَا وَأَنْجَلَنَا مِنَ الْعَالَمَيْنَ  
 الْمَرْحَمُ اَذْنَانِكَ لَكَ الْغَفُورُ  
 وَالْعَافِفُ فِي الدِّينِ وَالْدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ تَكُنْ هُرَّة  
مُخْلِفَةٌ شَرِيفٌ يَارِبُّ كُوَّا دَسْ عَنْ دَسْ كَيْبَ عَاصِ دَدْ قَنْدَى اَوْ دَهْ بَارْ بَلْ  
 وَرَسُولُكَ فِي زَرَادَه اَوْ دَهْ مُخْلِفَةٌ شَرِيفٌ لَكَ حَمَلَنَا جَلَلُهُ مَلَكُ الْأَرْضَيْنَ تَبَرِّعَ  
 وَسَلَّمَ عَلَى سَلَّمَ مُحَمَّدُ اَللَّهُ اَصْلَحَاهُ اَبْعَدَهُ اَبْعَدَهُ اَبْعَدَهُ اَبْعَدَهُ اَبْعَدَهُ اَبْعَدَهُ  
 فَمُخْلِفَةٌ حَصَمَهُ رَسُولُكَ مَلَكُهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

صَحِيفَتُ شَرِيفٍ سَجَادَتُ شَرِيفٍ تَسْبِيحُ شَرِيفٍ  
 مَرْسَهُ جَبَدَ شَرِيفٍ مَوَالَ شَرِيفٍ طَرَاقَ شَرِيفٍ  
 بَرِيقَ شَرِيفٍ نَعَلَيْنَ شَرِيفٍ كَمَهُ حَصِيرَ شَرِيفٍ  
 كَحْصَنَاتِي مَسَارَكَ  
 اَوْلَى رَسُولُكَ حَجَبَيِ رَحْمَةَ الْعَالَمَيْنَ هَنْدَهُ مَرْفَوْنَ  
 دُورُ دِيْوَافَلَالَكَ خَرَا يَلَازَرَ مَلَانَ دَوْصَهُ سَانَ  
 اِيشَ بَيَارَهُ اَوْلَى حَضَرَهُ حَصِيرَلَ اَمِينَ  
 كَتَبَتِي حَمَتَهُ عَدَنَ فَادْخُلوْهُ خَالِدَيْنَ

Уас сәләму тусәллимән уал хамдулиллаһи Раббил ғәләмин. Аллаһуммә инни әсәлүкә әлғәфура уал ғәфиәти фид-дини уад-дунисә уал әхирәт. Сәләсә мәррат.

*Мағынасы: Аллаһым сенен осы дүниеде, ақиремтте және дінде кешірім тілеймін. Үш мәртебе.*

Уа соллаллаһу ғәлә сәидинә Мухаммад уа әлиһи уа әсхаби әжмәғин уал-хамдулиллаһи Раббил ғаламин. Мұхәлләфәт қазірет Расулаллаһ соллаллаһу ғәләйхи уа сәлләм. Мұсхаф шариф, сажадаһ шариф, тасфих шариф, мисуак шариф, тарақ шариф, абриқ шариф, фиғлин шариф, кәһн тасир шариф, ғасай мубарак»

Ол Расул махабаті рахматі лилғәләмин. Мұнда мәдфун дүр дей әфлә ләк фәхзәиләр .....етіп зиярат ол қазірет Жәбірәйіл әмин.

«... жәннат ғәдн фәдхулұћә халидин».

Мағынасы: «Аллаһ пайғамбарымызға, үй іштеріне және оның барлық сахабаларына мейірімі жаусын. Қасиетті Құран, қасиетті жайнамаз, қасиетті тәсбих, қасиетті мисуак, қасиетті шәйнек, қасиетті амалдар. Жәннатқа мәңгіге кіріңдер».

صاحب الہریان حماجست البیان فصحیح  
 مکھر اہن و دوف و قم اذن خیر  
 صحیح الاسلام سید کوین عن الریم عین الغیر  
 بصحیح سعید سعید الحاق خطیب الامم علم المحدثی  
 کماشیف المترقب رافع البریب عز العرب  
 صاحب العرق صاحب الله علیہ وسلم علی الـ

الدهم پارب بجاہ نبیک المصطفی و رسولک  
 المرتضی طہر قلوبنا من حکل و صیف یباشد نا  
 عن مث احمدک و محبک و امننا علی السید  
 و الجایه والشوق الی لقائک با ذا العلا و الامر  
 و صاحبہ خاتی رسیدنا و مولینا محمد و علیہ السلام و محبہ

Сахибул бурһен сахибул баян фасихул лисән мутаһириул хабнан раауфу рахим узуну хайр сахихул исләм сәйдул көүнин ғайнул нәғим ғайнул ғурра, сағдуллаһ, сағдул халқи, хатибул имам, ғалимул нұда, кәшифул кураби, рағиғул ратиб гиззул ғурабу сахибул ғарижә соллаллаһу ғәләйхи уа ғәлә әлини.

*Мағынасы: Дәлелдің иесі, анықтық иесі, шешен, тазартушы, аса мейірімді, қайыр, хақ ислам, жаратылыстың мырзасы, бақыттың көзі, мейірімділіктің көзі, Алланың қайырымды бақыты, адамдардың бақыты, уағыздашы имам, тұра жолды үйретуші, көрсетуші, қайғыны біле алатын, тәртіпті қорғаушы, арабтардың мақтанышы, Алланың мейірімі және сәлемі болсын.*

Аллаһұмә иә Рабби бижәни нәбиикә әлмустафа уа расуликә әлмуртәдә тәһһир құлубанә мин күлли уасфин юбағидунә ғән мәшәһәдтикә уа мәхаббатикә уа имтінә ғәлә суннәти уал-жәмағати уш-шәуқи илә лиқәникә иә зал-жалали уал-икрәм уасоллаллаһу ғәлә сәидинә уа мәуләнә мұхаммәд уа ғәлә әлини уа сахиби әжмәғин.

*Мағынасы: Иә, Раббым, біздің жүректерімізді ақиред күнінде сенің жүзінді көру үшін жаман нәрселерден тазарт. Алланың мейірімі пайғамбарға және оның ерушілеріне мейірімінді жаудыр.*

الْمُجْنَفُ لِلَّهِ الْمُجْنَفُ لِلَّهِ الْمُجْنَفُ لِلَّهِ  
الْمُجْنَفُ لِلَّهِ الْمُجْنَفُ لِلَّهِ الْمُجْنَفُ لِلَّهِ

الْمُكَفَّرُونَ الْقَادِرُونَ الْمُعْذَنُونَ  
الْمُتَّخِذُونَ الْأَوَّلُونَ الْآخِرُونَ الظَّاهِرُونَ  
الْأَطْوَافُ الْوَارِثُونَ الْمُتَعَاقِبُونَ الْبَرُونَ  
الْمُتَوَابُونَ الْمُتَحَمِّلُونَ الْغَفُولُونَ الْمَرْوِفُونَ  
الْمُلْكُونَ ذُو الْجَلَلِ الْأَمْرَامُونَ الْمُعْزَلُونَ  
الْجَمِيعُونَ الْغَنِيُونَ الْمُعْسِنُونَ  
الْمَانِعُونَ الصَّادِقُونَ الْنَّافِعُونَ الْمُشَوِّرُونَ  
الْمُهَاوِيُونَ الْبَدْرُونَ الْبَاهِقُونَ الْوَارِثُونَ  
الْمُرْسِلُونَ الْمُجْبُونَ الْصَادِقُونَ الْمُنْهَلُونَ  
**الْكَافِرُونَ**

Әл-хәкему жәллә жәләләһү, әл-ғәдлу жәллә жәләләһү, әл-ләтифу жәллә жәләләһү, әл-хәбиру жәллә жәләләһү, әл-хәлиму жәллә жәләләһү, әл-ғәзиму жәллә жәләләһү, әл-ғәфуру жәллә жәләләһү, әш-шәкуру жәллә жәләләһү, әл-ғәлиниу жәллә жәләләһү, әл-кәбириу жәллә жәләләһү, әл-хәфизу жәллә жәләләһү, әл-мұқиту жәллә жәләләһү, әл-кәриму жәллә жәләләһү, әл-рәқибу жәллә жәләләһү, әл-мұжиду жәллә жәләләһү, әл-кәриму жәллә жәләләһү, әл-үесигу жәллә жәләләһү, әл-хәкиму жәллә жәләләһү, әл-үедуду жәллә жәләләһү, әл-мәжиду жәллә жәләләһү, әл-бәғису жәллә жәләләһү, әш-шәһиду жәллә жәләләһү, әл-хәкү жәллә жәләләһү, әл-үекилу жәллә жәләләһү, әл-қәуину жәллә жәләләһү, әл-мәтингу жәллә жәләләһү, әл-үелиу жәллә жәләләһү, әл-хәмиду жәллә жәләләһү, әл-мұхсиу жәллә жәләләһү, әл-мұбдиу жәллә жәләләһү, әл-мұғиду жәллә жәләләһү, әл-мұхниу жәллә жәләләһү, әл-мұмиту жәллә жәләләһү, әл-хәениу жәллә жәләләһү, әл-қәениуму жәллә жәләләһү, әл-үәжиду жәллә жәләләһү, әл-мәжиду жәллә жәләләһү, әл-үәхиду жәллә жәләләһү, әл-әхаду жәллә жәләләһү, әс-самад жәллә жәләләһү, әл-қадиру жәллә жәләләһү, әл-мұқтәдиру жәллә жәләләһү, әл-мұқәддиму жәллә жәләләһү, әл-мұәххиру жәллә жәләләһү, әл-үүзелү жәллә жәләләһү, әл-әхиру жәллә жәләләһү, әз-зәниру жәллә жәләләһү, әл-бәтину жәллә жәләләһү, әл-үәли жәллә жәләләһү, әл-мәтәғәл жәллә жәләләһү, әл-бәрру жәллә жәләләһү, әт-тәүүебу жәллә жәләләһү, әл-мұнтақиму жәллә жәләләһү, әл-ғәфуу жәллә жәләләһү, әр-рәуфу жәллә жәләләһү, мәликул мулки жәллә жәләләһү, зулжәләли уәл-икрәм жәллә жәләләһү, әл-мұкситу жәллә жәләләһү, әл-мұкситу жәллә жәләләһү, әл-жәмиғу жәллә жәләләһү, әл-ғәниу жәллә жәләләһү, әл-мұғниу жәллә жәләләһү, әл-мәниғу жәллә жәләләһү, әд-дәррун жәллә жәләләһү, ән-нәғифу жәллә жәләләһү, ән-нүру жәллә жәләләһү, әл-һәдии жәллә жәләләһү, әл-бәдигу жәллә жәләләһү, әл-бәки жәллә жәләләһү әл-үәрису жәллә жәләләһү, әр-рәшиду жәллә жәләләһү, әс-сәбуру жәллә жәләләһү, әс-садику жәллә жәләләһү, әс-сәттәру жәллә жәләләһү».

*Магынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын. Ұлы Аллах Тағаланың көркем есімдерімен және оның ұлы*

сипаттары жазылған. Әділетті, үкім шығарушы, әр нәрсені өзі шешуши, ұлылықтың ұлығы. Әр уақыт әділеттілікті сақтаушы, ұлылықтың ұлығы. Нәзік. Жұмсақ. Асқан жарылқаушы, ұлылықтың ұлығы. Хабардар, білгір, ұлылықтың ұлығы. Күнәлі пенделерге жаза берерде шыдамдық пен сабырлық арқылы көндіктіруші ұлылықтың ұлығы. Ұлылық иесі, ұлылықтың ұлығы. Мейірімді кешірімді ұлылықтың ұлығы. Игілік, шүкір етуші ұлылықтың ұлығы. Аса зор, биік тұруши ұлылықтың ұлығы. Аса зор, ұлы. Ұлылықтың ұлығы. Аса қамқор, әділ қорғаушы, сақтаушы ұлылықтың ұлығы. Әр таратты қоршап тұруши ұлылықтың ұлығы. Әр нәрсенің есебін беруші, ұлылықтың ұлығы. Ұлылық иесі, аса үлкен айбынды ұлылықтың ұлығы. Аса жомарт, ақ көңілді, кеңпейілді, қайырымды. Тәрбиелеп жетілдіруші, ұлылықтың ұлығы. Әр нәрсені қадагалап, байқап тұруши ұлылықтың ұлығы. Қажет болғанга жауап беруші, ұлылықтың ұлығы. Әр істе, болушы, улгеруші, барлығына да қатынасушы ұлылықтың ұлығы. Даналық пен ақыл иесі. Әділеттік, биік жүргізушилердің ең ұлысы, ұлылықтың ұлығы. Сүйікті пенделерін дүниеде де, ақыретте де дәрежелерін көтеруші ұлылықтың ұлығы. Шарафат иесі ұлылықтың ұлығы. Адамзатты тұра жолға түсіру үшін пайғамбарлар жіберуші және пенделерді өлгеннен соң қайта тірілтүші ұлылықтың ұлығы. Барлық нәрсені көріп тұруши, әр нәрсеге күә бөлүп тұруши ұлылықтың ұлығы. Ақиқат және шындық иесі ұлылықтың ұлығы. Қорғаушы, жақтаушы, қамқоршы ұлылықтың ұлығы. Куатты күш иесі ұлылықтың ұлығы. Орнықты, төзімді, тұруши ұлылықтың ұлығы. Барлығын өктем билеп төстөуши, бүкіл әлемге үкім-әмір жүргізуши ұлылықтың ұлығы. Барлық мадаққа лайықты ұлылықтың ұлығы. Ескеруші, еске алушы көңіл қоюшы, болған нәрсенің санын білуши ұлылықтың ұлығы. Әр нәрсені құралсыз, өрнексіз ең әуел бар етіп, бастап жіберуші ұлылықтың ұлығы. Барша галамды жоқ етуші және бар етуші ұлылықтың ұлығы. Өмір сыйлаушы, өмір беруші ұлылықтың ұлығы. Жан алушы ұлылықтың ұлығы. Мәңгілік тірі, өлмейтін ұлылықтың ұлығы. Барша әлемде, жер мен көктеме өлмейтін, шашес мәңгілік иесі ұлылықтың ұлығы. Әр уақыт бар

булуши, жоқ болуы мүмкін емес ұлылықтың ұлығы. Даңықты, иғілікті, мақтаулы ұлылықтың ұлығы. Ұқсасы, теңдесі жоқ. Аса жақсы басқамен салыстыруга болмайтын, ұлылықтың ұлығы. Жалғыз, әрі теңдесі жоқ ұлылықтың ұлығы. Барлық нәрсенің оған мұқтаж болып, Өзі ешкімге, еш нәрсеге мұқтаж болмаган. Өзгермейтін мәңгі тұрақты ұлылықтың ұлығы. Барлық нәрсеге күші жететін, шексіз, құрмет иесі ұлылықтың ұлығы. Күш, құдырыет иесі ұлылықтың ұлығы. Қалаган пендесіне алдан орын беруші, алғаш үшін азап беруде үкімін жылжытып, ызыстырып кешіктіруши, асықтыруышы ұлылықтың ұлығы. Әуелгі, бірінші, алгаашқы болуши ұлылықтың ұлығы. Ақыры, соңы жоқ, барлығы жоқ болғанда бір өзі қалуши ұлылықтың ұлығы. Қорінетін қорнекті, көзге түсетін ұлылықтың ұлығы. Біле алмастық дәрежеде жасаырын болуши ұлылықтың ұлығы. Барша әлемді басқаруышы ұлылықтың ұлығы. Асқан биік ұлылық иесі ұлылықтың ұлығы. Пенделерді суюші, оларға қамқорлық етуші ұлылықтың ұлығы. Тәубелерді, өкінгенді қабыл етуші және тәубеге келуге ерік беруші ұлылықтың ұлығы. Құнәлі пенделеріне әділдік пен жаза беруші ұлылықтың ұлығы. Барлық құнәларды кешіруші, жарылқаушы ұлылықтың ұлығы. Мәрхаметі кең, пенделеріне қайзыруышы ұлылықтың ұлығы. Барлық жаратылыс атапулының иесі ұлылықтың ұлығы. Шексіз улжен, өте әділ, құдырыеті мен алыптығы ақылга сыймайтын құрметке лайықты ұлылықтың ұлығы. Әділдік иесі ұлылықтың ұлығы. Қиямет күнінде барша пенделеріне үкім ету үшін жиошуы ұлылықтың ұлығы. Өте бай. Оның байлығы беруменен еш кемімес, ұлылықтың ұлығы. Өзі қалаган пенделерін байлық пен сынаушы ұлылықтың ұлығы. Өзі қаламаган нәрселерінен тыюшуы ұлылықтың ұлығы. Пенделерін сынау үшін қайзы-қасарет, бәле-қаза келтіруші, ұлылықтың ұлығы. Пенделерге улес, иәсіп, сауаб, көмек және пайда келтіруші ұлылықтың ұлығы. Бұкіл әлемге нұр беруші ұлылықтың ұлығы. Тура жолға бастаушы ұлылықтың ұлығы. Мәңгілік сөнбей, жоққа шықпай тұруышы ұлылықтың ұлығы. Бұкіл әлемнің иесі, оны пенделерге жомарттық пен беруші ұлылықтың ұлығы. Әділ. Пенделерін

дұрыс, түзу әділ жолмен алып баруши ұлылықтың ұлығы. Шыдамды, төзімді сабырлы ұлылықтың ұлығы. Растауши, шынышыл ұлылықтың ұлығы. Жасыруши ұлылықтың ұлығы.

مَعْدُلُ رِوَنَ الْعَدْلِ

أَرْوَحُ الْقُطُّ كَافِ مُتَقْ بِالْبَلْعَ مِنْجَ شَافِ  
 دَاصِلُ مَوْصُوْ عَابِنَ تَعْصَادُ مُرْهَدُ مَعْدُمِ  
 عَنْيَرُ فَارْضُ مَغْفِلُ فَاجَ مَفْتَاجُ مَفْتَاجُ الْمَرْجَدِ

مَفْتَاجُ الْجَبَّةِ عَلَمُ الْإِيمَانِ دَلِيلُ الْخَيْرِ  
 مَصْبِحُ الْجَنَّاتِ مَعْنُلُ الْعَمَرَ صَوْحَ حَنْ الْمَلَاتِ  
 صَاحِبُ الْشَّفَاعَةِ صَاحِبُ الْقَعَامِ حَمَادُ الْقَدْمِ صَاحِبُ الْعَصْوَ  
 نَانُورُ صَاحِبُ الْمَحَدِ صَاحِبُ الْمَلَكَ صَاحِبُ الْمَرْجَدِ  
 صَاحِبُ الْمَسْكِ صَاحِبُ الْفَضْلَةِ صَاحِبُ الْمَلَرِ صَاحِبُ الْمَهْرِ  
 صَاحِبُ الْمَقْتَلَةِ صَاحِبُ الْمَرْجَةِ صَاحِبُ التَّاجِ صَاحِبُ  
 صَاحِبُ الْمَرْدَلِ صَاحِبُ الْمَرْجَعِ صَاحِبُ الْمَرْجَدِ  
 الْمَغْفِلُ صَاحِبُ الْمَوَاعِدِ صَاحِبُ الْمَرْجَعِ صَاحِبُ الْعَلَامَةِ  
 صَاحِبُ الْبَرَاقِ صَاحِبُ الْخَاتَمِ صَاحِبُ الْعَلَامَةِ

Әс-сүннәти мұқаддәсун, рухул ғадл, рухул ҳак, рухул қисти, кәфин, мұктәфин, бәлигүн, мәбәллигүн, шәфин, уәсилүн, мәусулүн, һәдин, муһдин, мұқаддәмүн, ғазизүн, фәдилүн, муфәддәлүн, фәтихүн, миғтәхүн, миғтәхур рәхмати, миғтәхүл жәннати, ғәләмүл иман, ғәләмүл иәқин, дәлилу ҳәирәти, мұсаббиху ҳәсанати, мұқилу әлғәсәрәти, сахибу әшшафағат, сахибул мақам, сахибул қадам, махсусун билгиззә, махсусун бишшарф, сахибул уасилат, сахибус-саиф, сахибул фадилат, сахибул әзәр, сахибул хужжат, сахибул әрридә, сахибуд дәрәҗатир рағиғат, сахибут-таж, сахибу әл-ләуәи, сахибул миғраж, сахибул қадиб, сахибул бурақ, сахибул хатим, сахибул ғаламат.

Бұл аятта Нұх барлық иман етпеген адамдарды қарғаған және қарғаған себебін баяндайды. Иман етпеген адамдар басқаға және өздеріне зиян келтіреді. Біраз жылдар бойы Нұх ол адамдардың мінездерін біліп және істері үшін оларды қарғайды. Аллаh Тағала Нұхтың дұғасын қабыл етіп, Нұхтан басқасының барлығын суға батырды.

### «وَهُوَ مَعْكُمْ أَيْنَمَا كُنْتُمْ»

«уа һәүә мәғәкүм әйнәмә қунтум» деген.

*Мағынасы: «Сендер қайда болсаңдар, ол – Аллаh Тағала сендермен бірге». Мединеде түскен. Хадид сүресі. 4-аят.*

Яғни, бұл аят Аллаhтың өз білімімен барлық әлемді қамтиды. Сол себептен адамдарға келетін есеп күні туралы айтты. Біздің не

*істеп жүргенімізді Аллаh біледі. Аллаh құлдарының мейірбан және жауыз әрекеттерін бақылат отырады. Сонын ол әрекеттерді сақтап, ақирем күнінде олар ушін лайықты жазасын береді.*

إِنَّ اللَّهَ لَا يَدْعُ أَجْرَ الْمُحْسِنِينَ

Иннэ аллаху лә иудиғ әжр әлмухсинин.

*Магынасы: «Аллаh игілік істеушілердің сауабын зая қылмайды».*  
Мединеде түскен. Таубе суресі. 120-аят.

## Адам денесі

Адам денесі ай жылға салыстырғанда бір жылда төрт фасл [1883] бар болса, адам денесінде ахлат арбаға [1884] бар. Балғым жазғытурым секілді өзі тұс, өзі салқын. Сафран жаз секілді, өзі ыстық, өзі құрғақ дем. Күз фаслы секілді өзі ыстық, өзі жауын. Судан қыс фаслы секілді өзі құрғақ, өзі суық. Жазғытурым сәби бала-лар, жаз шілде жігіттер. Күз фаслы егде мусакал қырық- елуге аяқ басқандар, қыс фаслы кемпір-шал.

Бір жылда он екі ай болса, денедегі даруаза он екі бар. Һ...де күн болса, денеде жеті ақлам орнына тұрған ағзалар. Бір жылда үш жұз алпыс күн болса, денеде үш жұз алпыс тамыр бар. Тәммәт тәмәм шат. фи иәум әлхамис кәтәбту [1885]. Суал қылса иман бірлігіне дәлел бар ма? – деп. «уа мән иәтәбіғ ғәйр әлислам динән». Құран кәләм шарифнің аяты алты мың алты жұз алпыс алты аят бар.

## Уағыз неке жайында

Фадмден он сегіз мың ғаламды жаратқан, бір уыс топырактан атамыз әууәл әбу әлбашар [1886] атты Адам ғәләйхи сәләмні [1887] түзеткен сансыз дүр. Уа дәуәл патшага кім хазірет хәләқ жәһән досты уа жисм деп жіберген. Кунту кәнзән мәхфиә фәрәдәт ән иәтириф әрәдә тәлиғ.

*Магынасы: Жасырын тұрған қазына болдым. Білгісі келді және көтергісі келді.*

وَالسَّمَاءُ بَنِيهَا بَأَيْدِيهَا لَمْوَسْعُونَ وَالْأَرْضُ فَرَشَنَهَا فَنْعَمُ الْمَهْدُونَ

Уас сәмә бәнәйнәһе биәйдин уа иннә ләмусиғун уал ардә фәрәшнәһе фәниғмә әлмәһидун.

*Магынасы: «Аспанды құдіретімізбен жасадық. Шын мәнінде күшіміз жетеді. Сондай-ақ жерді төседік. Не деген жақсы төсөушіміз». Меккеде түскен. Зәрәт сүресі. 47, 48-аят.*

Нығметтік хәлиқ әлләух уал қалам жәғил әннур уа зұлым патша галим етпес. Бір уа бар Тәнір Тәбарақ уа Тағала жәллә жәләләһінің [1888] пәрменінше ол «лимә халактә әләфләк» құрметлікте «мә әнзәлнә» заттығ.

*Магынасы: Не үшін аспанды жараттың?*

*Түсірмәдік не?*

و لا سوف يعتيك ربك فطرضي

Уа ләсәүфә иуғтиқә раббикә фәтәрдә сипаттығ.

*Магынасы: «Әлбеттіне, Раббың саган береді де, разы боласың». Меккеде түскен. Дұха сүресі. 5-аят.*

و بشروا بالجنة التي كنتم توعدون

Уа башширу билжәннәт әлләти күнтүм туғәдун башараттығ.

*Магынасы: Үәде еткендерге жәннәтпен қуантыңдар.*

شهر رمضان الذي أنزل فيه القرآن

Шәһрү рамадан әлләзи әнзәлә фиһил қүрән.

*Магынасы: «Рамазан айы, ол – сондай ай, ол айда адам баласына (ақ пен қараны айыратын) дәлел түрінде Құран түсірілді». Мединеде түскен. Бақара сүресі. 185-аят.*

Аятлы уа он хұлқи ғәзим [1889], халықлығы әттәибун [1890], әлғәбидун [1891], әлхәмидуң [1892] умметтүрілдік әссағат уа иншаққал камар [1893] ишаралтығ мәккә [1894], маулұлдығ мадинә [1895], жәилік ... пешенелік والليل اذا سجي.

Уалләили изә сәжә.

*Магынасы: «Тым-тырыс түнгө ант». Меккеде түскен. Дұха 2-аят.*

و ما ينتق عن الهواء

Уа мә иунтиқ ғәнил һәүә сөзлік

*Магынасы: «Ол өз ойынан сөйлемейді». Меккеде түскен. Нәжім сүресі. 3-аят.*

Мұхаммед ойына келгенде сендерге жеткізбекен. Ол Аллаһтың аян арқылы жіберілген әмірлерін жеткізеді. Ол өзі тұра жолмен жүріп, адамдарды сол жолға шақырады. Бұл аят пайғамбарымыздың айтып кеткен сөздері өзінен емес, Аллаһтан екенин дәлелдейді. Пайғамбарымыз Аллаһ жайлы жеткізгенде, еш уақытта қателеспеді. Ол оған аян етілген сөздерді адамдарға жеткізіп отырды.

### أَلْمَ نَشْرَحُ لِكَ صَدْرَكَ

Әләм нәшрәх ләкә садрәк.

Магынасы: «Сенің қеудеңді ашпадық па?». Меккеде түскен. Шарх суресі. 1-аят.

Уақтулу әлмушрикин хайт уаждадтумуһұм.

Магынасы: Аллаһқа серік қосуышыларды өлтіріңдер.

### إِهْدَا الصَّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ

Иһдинәс сиратал мустаким» һидәиэтлік [1896].

Магынасы: «Бізді тұра жолға сала ғөр». Меккеде түскен. Фатиха суресі. 8-аят.

Жазық дүр діннің тайибы [1897] жаратқан Тәңірі хабибі [1898] ғалам қөркі діннің берігі ғалим фахзи, дұшпан қаһары қиямет зинаты [1899]. Мұхаммад Мұстафа ғәләйхі солат уас сәләмнің сұннеті [1900] уа шарифатынша муқаддам әлфариқин [1901] , имам әлмазхабин [1902] , ғәләмәт ғәлим уал мәғәриб уал мәшәриқ [1903] ..... фә әүүел сафи суфи имам Ағзам Әбу Ханифа [1904] ... рахматуллаһ тағаланың мәзһәбінше Әбу Юсуф әл-Қади имам Мұхаммад Шибані бұј имамдар қаулынша отырған ұлы кісілернің тану қылышы бірлен әмір шариф шариф хұқім бірлен. Ол .. құнәһ іске дариб [1905] қылышп ұрмағайсыз.

Екінші бір жыл бәни нағаққа [1906] тастап кетмегейсіз. Фулән [1907] қызы, фулән бикеш жәнбиден уакіл мутлақ ғәм [1908] тұрарсыз. Фулән ұлы фулан мырзаға сонша мәһр [1909] ҳақиғ разы болып, фулан мәһрі мұғжәл [1910] ала дүр. Фулан мәһрін мұғажәл қылышп халал жафтлықға өзін машнурлықға уакд, Құдайылық үәклет қабыл қылышп бердіңіз. Сіз кім фулән ұлы фулән биңе

дүрға, сіз фулән байның қызы фулән бикешні халал жафтлықға өзін машшурлықға уакд, Құдайлық үеклет қабыл көріп алдыңыз. Мұ[ны] үш кайтала сұрагай. Қабыл қылдым дескей. Егер күйеу қыз жүзбе-жүз, көзбе-көз болса, заужат уа тазаууажат ләфздарын екі шәһднің ҳұзырында ауызба-ауыз айттырса болады.

### Неке ҳұтбасы

وَإِنْ كُمْ لِعِلَّةً مُعْجَنَةً فَتَمَّ عَقِيمَ بِعَلَادِي  
كَطْبَنَةِ نَعَاجَ

اَحَدُ لِعَنِ الْمُحَمَّدِ صَفَرُ الْمَهْمَمِ اَمْطَقِنِ سَعْلَ  
اللهُ اَحَدُ الْمَلَكُ اَنْزَى جَعْلَنَعَاجَ وَصَلَابِينَ  
اَكَلَ وَاَكَامَ وَالصَّلَوةَ وَسَلَامَ عَلَى سَعْلَ  
سَيِّدِ الْأَنَامِ وَعَلَى لَهْدَ اَصْحَابِ الْبَرَّةِ الْأَنَامِ  
وَبَعْدَ فَانَّ لِعَنِ تَبَارِكَ وَتَعَلَّمَ اَمْرَنَا بِالنَّعَاجَ  
وَمِنْهَا نَاعِنَ النَّعَاجَ اَغْوَذُ بِالْمَهْمَمِ مِنْ شَيْطَنِ  
الْمَرْجَمِ قَاتِلِكُو مَا طَابَ لَهُمْ نَزَّا مَشْنَى  
وَثَلَاثَ وَرَبَاعَ وَكَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ  
تَعَالَى عَلَيْهِ وَسَلَّمَ النَّعَاجَ سَنَى مُحَمَّدَ رَغْبَ  
عَنْ سَنَى خَلِيسٍ هِيَ النَّعَاجَ رَاعِبَ

دا مکنلو حة مرغوبه و المهم على عاتر افينا  
 اثبت لهم تعلم فصدقوا بجانبنا جنتكم حججه  
 و بارك لهم با الجود والرقة و لمرحمة  
 و لدرعها واقول قولي هذاؤسا نير عما  
 المصلحة اكال خرين اجمعين الله صو لخور  
أي ضعف  
 الاجر و الاجر سمع الدعا

Әлхамду лилләһ уал Махмуд уа hyuә Аллаһу уал Мустафа Расулуллаһ әлхамду лилләһил ләзи жәғәлә әнникәх фәслән бәинә әл-халал уал харам уас солату уас сәләму ғәлә расулини са-иид әләнәм уа ғәлә әлини уа әсхабини әлбаррат әлкәрәм уа бағд фә инналлаһ тәбарак уа тағала әммәрә бин никах уа минһән ғән әссәфәх әғузу биллаһ мин шайтанир ражим фә әнникәху мә тәбә ләкум мин әннисә мусни уас сүләс уар рубәг уа қалә Расулуллаһ соллаллаһу тағала ғәләйхи уас сәләм әнникәх суннәти фә мән рәғибә ғән суннәти фә ләисә минни. әнникәх рәғиб уал мәнкухәт мәргубәт уал мәһр ғәлә мә турәддиә исбәт Аллаһ тағала фи судур әлжәнибәин хуббәт мәхәббәт уад дуғә уа әқул қаули һәзә әүсәир жәмәғәт әлмұслимин әлхадириң әжмәғин иннәhyu һүәл ғәффурұл ра-хим жәууәд әлкәрим сәмиғуд дуғәи.

Магынасы: Аллаһқа шүкір және мақтаулы ол Аллаһ және Мұстафа Аллаһтың елисі. Аллаһқа шүкір. Некені харам мен халалды айыру үшін жаратқан және (бата) алғысың мен сәлеметтің пайғамбарымыз жоғарлы мырзамызға болсын және отбасына, жолдастарына айыпсыз игілік. Расында Аллаһ Тағала бізге неке

қиюға әмір етті. Некесіз жыныстық қарым-қатынасқа тыйым салды. Лагнетті шайтаннан сақтықты рахымды Аллаһтан сұраймыз. Өздеріңе жсаққан басқа әйелдерден екі, уш және төртке дейін үлленіңдер. Аллаһтың елисі, алғысы мен сәлеметі болсын, айтқан. Неке қию – менің өситетім, егер де кімде-кім өситетімді тәрк етсе, онда ол менен емес. Неке біріктірілуді талап етеді, қалымды төлеуді (қанагаттандыру) қалайды, Аллах Тағаланың дәлелімен, сүйіспеншілік махаббатымен жарықта шығу дұгасы. Осы айтатын сөзім көп таралған, барлық қатысуши мұсылман жамағаты. Өйткені ол Мейірімді, кешіруші, қиямет күнінде рахмет көлеңкесіне алушы, жарылқаушы, қайырымды аса жомарт. Ақкөңілді, кең пейілді, қайырымды. Тәрбиелеп жетілдіруші. Дұганы тыңдаңыздар.

### Неке дұғасы

دعا نكاح

اللهم اجعل هذه العقدة ميموناً عباراً واجعل  
 خساراً واجعل بينها الخلة وحبة وزرار  
 ولا يجعل بينها فرقة وفتنة وزرار  
 اللهم اعني بها لما الفت بي من آدم  
 ونحوه وما الفت بي من يوشخه زوجي

وَكَانَ الْفَتَنَ بَيْنَ حَمْدَ الْمُعْطَفِيِّ وَخَلْدَةِ الْكَبِيرِ  
 وَكَانَ الْفَتَنَ بَيْنَ عَائِلَيِّ مَكْرَنِيِّ وَهَا حَلْمَهُ الْزَّاهِرِيِّ  
 الْمَوْلَى أَعْطَاهُمَا وَلَدًا صَاحِيًّا وَمِنْ الْمُحْوَلِيَّاتِ وَرِزْقَهُ  
 وَاسْعَارِ بَيْهَا أَسْنَافُ الْمُرْسَلِيَّاتِ رَبِّيَا حَمْلَنَا مِنْ  
 اَزْرُوا جَنَافِدَ رِبَّاتِهَا تَرَةَ عَيْنِ دَالِشَّادِيَّاتِ  
 الْمُتَقَبِّلَاتِ الْمَامِيَّاتِ رَبِّيَا اَسْنَافُ الْمُرْسَلِيَّاتِ حَمْلَنَا  
 حَمْلَنَا دَقَّانِيَّاتِ الْمَارِغَمِيَّاتِ حَمْلَنَا شَدِّيَّاتِ

كَبَتْ ٥٣٣٦ اَبْجَيْ بَجْرَةَ لَبَعْسِي شَشِيَّ

حَدِيثُ بِرْ جَوَارِ قَمَّتْ  
 حَدِيثُ شَرِبَّاتِ ٢٤٧٦ حَدِيثُ مَرْفُوعُ حَدِيثُ مُوَعَّذَاتِ  
 حَدِيثُ قَدَّسَيْهِ حَدِيثُ  
 حَدِيثُ تَدْرَةَ قَسْمَهِيَّاتِ ١٠٧٩٦ حَدِيثُ  
 حَدِيثُ مَرْفُوعُ حَدِيثُ مَدْدَدُهُ لَبَعْسِي شَشِيَّاتِ

Аллаһуммә ижғәл һәзәл ғәқд мәимүнән мубаракән уа мұхтар уа ижғәл бәинәһә әлфәт махаббат уа қарар уа лә тәжғәл бәинәһүмә фәрқат уа фитнәт уа фараар. Аллаһуммә әллиф бәинәһүмә кәмә әлләфтә бәинә Адам уа Хая уа кәмә әлләфтә бәинә Юсуф уа Зулхия, уа кәмә әлләфтә бәинә Мұхаммад әлмустафа уа Хадижа әлкубра, уа кәмә әлләфтә бәинә Ғали әлмұртада уа Фатима әззәһәрә. Аллаһуммә уғти (әғти) ләһүмә уаладән салихән уа ғұмрән тауилән уа ризқан уасиғән Раббанә һәббә ләнә мин әзуәжинә уа зуриетинә қуррат ғайн уажғалнә лилмұттакин имаман Раббанә этинә фид дуниә хасанәтән уа фил әхирати хасанәтән уақинә ғазабән нар. Тәммәт тәмәм шат. Кәтабту 1335ші һижрат нәбәуи.

*Мағынасы: Иә, Аллан! Осы некені оңды және берекетті етіп, екеуінің арасын тату және үнемі махаббатты қыла көр! Екеуінің арасын араздастырып айырма!*

*Иә, Аллан! екеуінің арасында хазіретті Адам ата мен Хая ананың, Юсуф пен Зульхияның, хазіретті Мұхаммад. (с.ә.с.) мен Хадишианың және Әли мен Фатиманың арасында татулық берे гөр! Иә, Аллан! Бұл екеуіне дұрыс ұрпақ, зор денсаулық, ұзақ өмір және мол ризық бере гөр! Иә, Аллан! Біздерге махаббатыңмен адап әйелмен, қуанта гөр және тақуда имамдардан қыл. Иә, Аллан! Біздерге дүниеде және ақиреде жақсылық беріп, тозақ отынан сақтай көр. Иә, Аллан! Мұхаммед (с.ә.с.) га, отбасына, жолдастары мен барлықтарына жақсылық бере гөр! Әмин. Неке дұғасы.*

Боз баламыз ғылым үйренбедін,  
Ел кезіп, өсек айтып сүйрендедін.  
Әр қайсың хал қадірісі талап қылсан.  
Сендерге мен неге хактан бүйірмадым.  
... неге дәulet бітсе ыргактадың,  
Хисабсыз [1911] сөзлер сөйлеп ыржактадын.  
Мәз болып мырза деғен қошеметке.  
Буынып иығыңан қылжақтадың.  
Бояумен сырладыңыз сырттарыңды,

Керіліп сипадыңыз мұрттарыңды.  
Қарасам ішінде дәнeme жоқ,  
Не десін надан демей жұрт барыңды.  
Мал ..дей бұлғаң ықталарсың ғылымға кедей болсаң.  
Өгіз сен хадирде құлағына кіrmесе де.  
Пайдасын ақиrette біr білерсіn.  
Taғы бар кедей болса біr мінезі.  
О дағы өз қырсығын білгіздей.  
Қылды деп кедей болсам мені Құdай.  
Пәтуәмен мойындамай жүргіздей.  
Ерте жатып, кеш тұрып керіледі.  
Кәсіп қып мал табуға ерінеді,  
Ертегісін ойламай Құdай ұрған.  
Қайғы жоқ ішпей-жемей семіреді.  
Жер жыртып ондағы егін салса,  
Өзіне аз олжамен жері қалса,  
Артығын сатып қант, шай, киіміне.

## Қосымша түсіндірme

Ескерту: Тік жақшага алынған сөздер түпнұсқада не өшіп, не түсіп қалған сөздер. Көлбеу жақшаша ішіндегілері сөздің екінші, үшінші түрде жазылуын көрсетеді. Оқылмаған немесе аударуға келмейтін, анық көрінбейтін түстарына көп нұктес койылды.

Құрандағы әріптер

1. хуруф – көпше түрде әріптер. Жекеше түрі – харф.
2. алиф (ا) – араб тілі алфавитіндегі әріп
3. бә (ب) – араб тілі алфавитіндегі әріп
4. тә (ت) – араб тілі алфавитіндегі әріп
5. сә (ث) – араб тілі алфавитіндегі әріп
6. жим (ج) – араб тілі алфавитіндегі әріп
7. ха (خ) – араб тілі алфавитіндегі әріп
8. ха (ڇ) – араб тілі алфавитіндегі әріп
9. зәл (ڙ) – араб тілі алфавитіндегі әріп
10. дәл (ڦ) – араб тілі алфавитіндегі әріп
11. ра (ڦ) – араб тілі алфавитіндегі әріп
12. зә(ڢ) – араб тілі алфавитіндегі әріп
13. син (س) – араб тілі алфавитіндегі әріп
14. шин (ش) – араб тілі алфавитіндегі әріп
15. сад (ص) – араб тілі алфавитіндегі әріп
16. дад (ض) – араб тілі алфавитіндегі әріп
17. та (ط) – араб тілі алфавитіндегі әріп
18. за (ڙ) – араб тілі алфавитіндегі әріп
19. айн (ع) – араб тілі алфавитіндегі әріп
20. ғайи (ڻ) – араб тілі алфавитіндегі әріп
21. фә (ڻ) – араб тілі алфавитіндегі әріп
22. қаф (ڧ) – араб тілі алфавитіндегі әріп
23. кәф (ڪ) – араб тілі алфавитіндегі әріп
24. ләм (ڸ) – араб тілі алфавитіндегі әріп
25. нун (ڽ) – араб тілі алфавитіндегі әріп
26. yay (ڽ) – араб тілі алфавитіндегі әріп

27. hə (ه) – араб тілі алфавитіндегі әріп  
28. йә (ى) – араб тілі алфавитіндегі әріп  
29. Иәумул жұмғә – жұма күні.  
30. Иәумус сәбт – сенбі күні.  
31. Иәумул әхәд – жексенбі.  
32. Иәумул иснәин – дүйсенбі.  
33. Иәумус сулусә – сейсенбі.  
34. Иәумул әрбигә – сәрсенбі.  
35. Иәумул хәмис – бейсенбі.  
36. Салфи – өр кекірек.  
37. харам – шаригат бойынша кесімді түрде тыйым салынған нәрсе не іс. Харам ету- тыйым салу.  
38. шәһүэт – ләzzәт алу  
39. муғшак – ғашық.  
40. шәфәқәт – сүю.  
41. тағзим – күрмет ету.  
42. Мәудәт – достықпенен сүйісу.  
43. Имам Ағзам – Имам Ағзам һижраның 80 (699) жылында Ирактың Куфа қаласында дүниеге келген. Толық аты-жөні Нұғман ибн Сәбит. Ұлты – парсы. Гасырының ұлы ғалымы болғандықтан оны «Имам Ағзам», «ең үлкен имам» деп, құрметтеген. Ел арасында Абу Ханифа деп те аталған.  
44. ғәшир – оныншы.  
45. лә хисаб – есеп жоқ, есепсіз.  
46. рубғ – төрттен бір бөлік.  
47. қиас фикhә – ғалымдардың салыстырулары.  
48. хадис шариф – қасиетті, құрметті пайғамбарымыздың сөздері.  
49. Зулкарнәин – құранда аты жазылмаған. Ғалымдар оны пайғамбар немесе әулие дейді.  
50. Faқидат уа фуурұғ – сенім және бұтактар, тараулар.  
51. уа қаріб мәхбұб – жақынды сую  
52. Иқрап – бекіту, берік қылу.

53. тасдиқ – мойындау, растау.
54. ғамал сұннат – пайғамбарымыздың істеген амалдары.
55. Шариғат – заң
56. тарикат – сопылардың ұстанатын жолдары.
57. мағрифат – сопылардың ұстанатын жолдары.
58. хаққат – сопылардың ұстанатын жолдары.
59. китаб – кітап. Құран кітап.
60. сұннет – тілінде салт-дәстүр, әдет-ғұрыш; ұлгі-өнеге мағыналарын береді. Бұл сөз термин ретінде Пайғамбарымыздың өнегелерін көрсетеді. Айтқан сөздерімен істеген амалдары. Сұннеттің негізгі дәлел көзі – Пайғамбардан (с.ғ.с.) келіп жеткен сенімді хадистер.
61. ижмағ – ғалымдардың үкімі.
62. қиас әлфиқхә – ғалымдардың салыстырулары.
63. Иғтиқад ғадл – әділ сенім
64. фиғлда ғадл – істерде әділ болу.
65. ғамалда ғадл – амалдарда әділ болу.
66. әхлақта ғадл – мінез-күлкіншілікта әділ болу.
67. Ғақде ғамал тақуи хал – антта амал жасау, жағдайды жақсы қылады.
68. ғадл таухид – әділ таухид.
69. әфрәт тәшрик – серік қосу.
70. тәғарада – бір-біріне қарсы келу.
71. Тәғтил фиғлде ғадл – істерде әділ болу.
72. кәсіб әфрат хәйр – кәсіпте хайыр.
73. Тәфрит кадрлі ғамалде ғадл – жұмыста әділ.
74. әхлақта ғадл хикмет – мінезде әділ даналықпен.
75. Шужәғат ғәфт әхләкте әфрәт – күш, мінезде тым қатты болу.
76. шужәғет шәһуәт әфрәт – сымбаттылық және шәһуәттің шек-тен шығуы.
77. иғтидәл – әділ болу.
78. мүмин би хақ – шынайы иман еткен адам.

79. иғтиқад – сенім.
80. иқрар – бекіту, берік қылу.
81. тасдик – мойындау, растау.
82. иқрар – бекіту, берік қылу.
83. мағбұд – табынатын зат. Яғни Аллаһ.
84. мәкір – қу.
85. нәфи исбәт – макұлдамау, қабылдамау.
86. шәһәда – Тілін кәлимға келтіру. «Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мұхаммед Аллаhtың елшісі екеніне күәлік етемін» деп айту керек.
87. хадир – осы уақытта, қазір.
88. мәкір – қу.
89. шәһәдатын кәлимасі – Тілін кәлимға келтіру. Исламның ең әуелгі шарты кәлимә шәһәдәт сөзі. «әшhәду әллә иләhе иллаллаh уа әшhәду әннә мұхаммадан ғабдууы уа расулуh». Мағынасы: «Күәлік етемін Алладан өзге құдай жоқ және күәлік етем Мұхаммед ғалейhи сөләм Алланың құлы, әрі елшісі» деп айту.
90. иәһудлар – еврейлер.
91. Ғузайр – құранда аты аталмаған. Ғалымдар оны пайғамбар немесе әулие дейді.
92. Насранлар – Христиандар.
93. Ғиса (с.ғ.с.) – пайғамбар есімі.
94. «әмәнту билләhi уа мәләикәтиhi уа кутубиhi уа расулиhi уал иәумил әхири уал қадри хайруhу уа шәрруhу мин Аллаh тағала уал бәғсә бәғдәл мәүт» – Ардакты пайғамбарымыз Аллаh тарапынан алып келін таратқан мәселелерінің барлығына сеніп, шынайы жүрекпен қабылдауды Иман дең айтамыз. Иманның шарты алтаяу. Бұл алты шарт жоғарыда жазылған. Мағынасы: «Мен Аллаh Тағалаға және Оның перштеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ахирет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықты Аллаh Тағаланың жаратқанына сендім. Өлімнен соң тірілу де хақ. Мен күәлік етемін Аллаh Тағаладан өзге Құдай жоқ және тағы да күәлік етемін Мұхаммед оның құлы және елшісі».

95. сахифә – парақтар.
96. мәшһүрі – атактысы.
97. Тәурәт – Мұса ғалейінің сәләмға түсірілген. Қазіргі кездегі таурагада адамдардың қолындағы киелі кітаптың жаратылыстың басталуы (бытие), шығу (исход), левиліктер (левит), сандар (числа) және екі зандылық (второзаконие) деп аталатын бес тарауынан тұрады. Бұл тараулар еврейлердің киелі кітабының ең маңызды болімі деп саналады.
98. Инжил – ғұса ғалейінің сәләмға түскен. Құран кәрімде баяндалған мәлімет бойынша хазіреті Исаға інжіл атымен жалғыз-ақ кітап түскен. Қазіргі кездегі христиандардың қолындағы інжілдер Иса (“алейхісселем”) қайтыс болғаннан жарты ғасыр кейін жазылған.
- Изник консилінде саны жүзге тарта інжілден бір-біріне жақын төрт-ақ кітап қабылданған бұлар: Маркос (марка, марқа), Матта (матфей, матай), Юханна (иоан, жохан) және Лука (лука, лұқа) інжілдері. Осы төрт інжілдің тұп нұсқалары да жоқ. Мұны христиандар да мойындайды. Төрт інжілдің де Аллаhtың хазіреті Исаға түсірген негізгі, шын інжілге қатысы жоқ. Осы жайды растайтын дәлел құжаттар ете көп.
99. Забур – Дәүіт ғалейінің сәләмға түсірілген.
100. Фурқан Құран кәламаллаh – Мұхаммад ғалейінің сәләмға түсірілген. Құран кәрім сүре, аяттан тұрады. Екі тыныс белгісі арасын бір аят дейді. Әлі күнғе дейін Құранның бір әрпі өзгермеген. Дүние жүзінде барлық Құран бірдей. Қиямет күніне дейін ол Алланың қорғауында болып, мұлдем өзгермейді.
- Казіргідің дүшпандары сияқты солдәуірдің көпіршайырларының пайғамбарымызға: (с.а.у.) «құранды өзін ойдан жазып жатырысың» деген жалаларына қарсы Аллаh Тағала: «Оларға былай деп айт: ант етейін, егер адамдар мен жындар мына құранның ұқсасын жасау үшін жиналышп, тіпті бір-бірін қолдап, күштерін жинаса да оған ұқсас бір кітап жаза алмайды» (исра-88) – деп аят түсіріп, олардан құранға ұқсас бір кітап жазуларын талап етеді. Алайда араб ақын-

шешендері Құранға ұқсас бір кітап жазу қолдарынан келмегендіктен, үн-тұңсіз қала берді.

Аллаһ Тағала басқа бір аятта былай деп, бар білетін өнерлерін көрсетуге шақырады.

«Егер құлымызға түсіргенімізге (түсірілген құранға) күмәндансандар, қанеки бір сүресіне ұқсас сүре жазып әкеліндер және Аллаһтан басқа сенетіндерінің барлығын шакырындар, егер айтқандарыңа рас болсаңдар. Бұны жасай алмасандар, ешқашан жасай алмайсындар да, отыны адамдар мен тастар болған тозақ отынан сақтанаңыздар» (Бакара сүресі 23, 24-аяттары.).

Әншейінде намысшыл келетін шайырлар бұл жолы тағы да Аллахтың талабына дәрменсіз қалып, құранға ұқсас бір кітап емес, тіпті он сүре де емес, жалғыз сүре жазу қолдарынан келмегендіктен құлаққа ұрган танадай үнсіз қалды. Иә, күмән келтірген арабтардың өздерінен талап етілген Құранға ұқсас бір кітапты, яки, он сүресін тіпті жалғыз сүресін жазу пайғамбарымыздың (с.а.у.) жаңа дініне тоққауыл болудың ең қысқа, әрі оңай жолы бола тұра, мал-жандарын қатерге соғатын соғыс жолын таңдауларының астарында Құран сүрелерінің ұқсасын жаза алмауларында еді. Өйткені Құран мағынасындағы терендігі мен тәсіліндегі ерекшелігі жағынан арабтардың не қара сөздеріне, не өлең шумактарына ұқсамайды. Он төрт ғасырдан бері Құран сүрелеріне ұқсас бір сүрені күллі адам баласының жаза алмауы Құранның Аллаһ Тағала тарапынан жіберілген хак кітап екендігінің айқын дәлелі.

101. Мұхаммед Мұстафа соллаллау тағала ғәләйхис солат уас сәләмға – Піл жылындағы наурыз айының он екінші күніне қараған дүйсенбі танертені, таң жарығы жерге түсе, әлем ерекше нұрга шомды. Бүтін әлем ұзақтан бері сағына күткен көктердің шапағатынан жаратылған, қасиетті Мұхаммед Мұстафа дүниеге келді. Бұл кеш бөлекше кеш болды, күллі дүние күткен бұл кеште әлем оқиғасы елес берді. Яңудилер, христиандар, кәһіндер, Хатемй Енбианың (соңғы пайғамбардың) дүниеге келгенін хабарлады.

102. расулдарына – елшілеріне.

103. Әүүәлі Адам, әхирі Мұхаммед Мұстафа ғәләйхис салату уас сәләм – бірінші пайғамбар Адам ата, соңғысы Мұхаммед (Хақ Тағала оған салауат етіп, сәлем, рақым нұрына бөлесін).

104. Иғтиқадта әhlі сұннәт уал жамағат мазһәбім – иғтиқад (сенім) мазһәбі. Себебі, бұл мазһәб – ардақты Пайғамбарымыз бен оның асхабының жолын қуушылардың мазһәбі. Әhли сұннет уәл жамағат мәзһәбнің иғтиқат жөнінен имандары.

I. Имам Әбу Мансұр Матуриди

II. Имам Әбіл Хасан Әшғари

Түркі тектес мұсылмандардың көбісі, иғтиқад жөнінен Имам Әбу Мансұр Матуриди хазреттерінің жолын ұстанады. Имам Әбу Мансұр Мұхаммед Матуриди хижри 280-ші (Миләди 894-ші) жылы Түркістанда Самарқанд шаһарының Матурид ауылында дүниеге келіп, хижри 333 (миләди 945-ші) жылы сол Самарқандта көз жұмды.

Хазірет Әбіл Әшғари хижри 260-шы (Миләди 874-ші) жылы Басрада туып, 324-ші (Миләди 936-шы) жылы Бағдатта дүние салды.

105. hәм ғамалда мәзһәбім нығмет ол зу әлғар әлкәбір әhли сұннәт уәл жамағатның – әhли сұннет уәл жамағат мазһәбнің амал жөнінен төрт ағымы бар:

I. Ханафи мәзһәбі: имамы – Имам Ағзам Әбу Ханифа. Аты – Нұғман, әкесінің аты – Сәбит. Хижри 80-ші (Миләди 699-шы) жылы Куфада дүниеге келіп, 150-ші (Миләди 767-ші) жылы Бағдатта көз жұмған.

II. Мәлики мәзһәбі: имам – Имам Мәлік ибн Әнес хижри 93-ші (Миләди 711) жылы Мәдинә Мунәууарада туып, хижри 179-шы (Миләди 795) жылы сол жерде дүние салды.

III. Шағиғи мәзһәбі: имам – Мұхаммад ІІдырыс Шағиғи хижри 150-ші (Миләди 767) жылы Ғаззада туған. Хижри 204-ші (Миләди 819-шы) жылы Мысырда қайтыс болды.

IV. Ханбали мәзһәбі: имам – Имам Ахмад ибн Ханбали хижри 164-ші жылы Бағдатта туып, хижри 240-шы (Миләди 780-855-ші) жылы сол жерде дүние салды.

106. жисм – дene болған нәрсөні жисм дейді.

107. ғард – өң-түсі, исі болған нәрсені ғард дейді.

108. жауhar – бөлек-бөлек болуға мүмкін болмаған нәрсені жауhar дейді.

109. Мәкән – орын.

110. ибтида – бастау, басы.

111. интиһә – аяғы, соны.

112. мунәззәһ – пәк, таза.

113. уажиб – орындалуы дәл парыз секілді талап етілмеген, бірақ қуатты дәлелдермен анықталған іс-эрекет пен уазипалар. Мысалы: құрбан шалу, үтір және айт намазын оқу, т.б. уәжіптің үкімі парызыға ұқсас. Яғни, орындалса, сауап алады. Орындараса, ақиремде азап бар.

114. Нуқсан – кемшілік.

115. Кәмил – толық болу.

116. мәусүф – сипатталған.

117. қадим – ескі, көне, ертеден келе жатқан.

118. ибдә – бастау.

119. Әүүлі уа әхирі – бірінші және соңғы.

120. нақл – біреудің айтуымен істей.

121. ғақл – өз қалауымен амал жасау.

122. субути – Аллаh Тағаланың сифати субутиясы сегіз:

1. хаят: тірі болу. (Аллаh Тағала тірі және басқаларды тірілтүші.)

2. фильм: білу. (Аллаh Тағала барша нәрсені, тіпті жүректегі құпия ниетті де біледі.)

3. сәміг: есіту. (Аллаh Тағала бәрін естиді.)

4. бәсар: көру. (Аллаh Тағала қаранды түнде қара тастың үстіндегі қара құмырсқаның жүргенін көріп, аяқ дыбысын естиді).

5. ирадәт: қалау. (яғни Аллаh Тағаланың қалаған нәрсесі міндетті түрде орындалады).

6. құдірет: бар нәрсеге құдіреті жету. (Аллаh Тағаланың құдіреті бәрінә жетеді).

7. кәләм: сөйлеу. (Аллаh Тағала әріп пен дыбысты қәкет етпей сөйлеу ерекшелігіне ие).

8. тәқуин жоқтан барды жасау.

123. сәлби – жағымсыз, қайшы. Аллаһ Тағаланың сәлбиә сипаттары. Ғибадатқа – оған ғана тән зат жоқ бір Аллаһтан басқа. Көбеюден, азаюдан, туудан, тудырудан, бала, әйелден таза, пәк. Кем-кетік, жағымсыз сипаттардан таза. Барлық әлемді жоқтан бар еткен бір Аллаһ Тағала.

124. Әүүел – бірінші.

125. иғтиқатымызде мухкәм – сенімімізде.

126. исбәт – берік қылу.

127. ғайб уа нұқсанаттан – жоқтан және кемшіліктен.

128. мунәzzәһ – пәк, таза.

129. Сәлби – жағымсыз, қайшы.

130. сәбитлар – бекітілген.

131. мәфһүмән муттахиз – түсінікті.

132. лә həyә лә ғайр – ауа да емес, басқа да емес.

133. хәнәт – өмір.

134. фәни – алдамшы, жалған дүние.

135. баки – мәңгілік өмір, ақиред өмірі.

136. нағузу билләһи мин зәлик – Аллаһқа осы пәледен сыйына-мыз.

137. жисм иләһ – Құдай денесі. Аллаһта дене бар деп айту дұрыс емес. Ол жаратылысқа ұқсамайды. Осы жерде мүмкін ауыспалы мағынада түсіну дұрыс болады. Аллаһта дене бар деу – дінде жат нәрсе.

138. мунәzzәһ – пәк, таза.

139. шайтан – Хақтан алыстатылған, әмірге қарсы келген, азғыруши, Ібіліс.

140. иғтиқад – сенім.

141. жәмиғ – барлық, барша.

142. қадим – ескі, көне, ертеден келе жатқан.

143. мәғлум – белгілі.

144. «қул һууә Аллаһ ахадні» – Ыхылас сүресін оқу.

145. Мәхлүк – барлық жаратылғандарға қолданылатын атаяу.

146. Тақдирде – Аллаһ Тағала алдын ала жазып койған, болып өткен және болатын жайттардың барлығын, сондай-ақ, барлық жаратылғандар мен оларға қатысты істерді қамтитын Аллаһтың даналығымен ерік-қалауына сәйкес өз уақытында орындалатын істер.

147. хұқім – бүйрек, билік, басқарушылық.

148. әрәдә – қалау.

149. хәләк ғәләм – әлемді жаратушы немесе жаратылды әлем.

150. ғәzzә уа жәллә – Аллаһ есімдері. Екеуде «ұлылықты» білдіреді.

151. иәд» ләфзін – қол деген мағынада. Бірақ бұл сөзді тұра мағынада түсіну дұрыс емес. Бұл сөз ауыспалы мағынада болу кепрек. Яғни Аллаһ Тағаланың билік деген немесе қарамағында деген мағынада түсіну дұрыс болады.

152. «Иәдулләни фәуқа әидиһим» – Аллаһтың қолы олардың қолдарының үстінде. Бұл жерде «олар Аллаһтың қарамағында» – деп түсіну кепрек.

153. мәғлум – белгілі.

154. уасфі – сипатты.

155. басиир – Аллаһ Тағала бәрін де көруші.

156. мәшриқ – шығыс.

157. мәғриб – батыс.

158. сәмиғ – Аллаһ Тағала барлық нәрсені естуші.

159. мұмін – иман келтірген. Бұл сөз термин ретінде иманның алты шартына сеніп, Аллаһтың және Пайғамбардың (с.ғ.с.) бүйрек-тыйымдарын сақтап, ұлken күнәлардан аулақ болып жүрін игі амал істейтін адамға қолданылады. «Мұмін» иманға келген деген сөз ішкі берік сенімділікті білдіреді.

160. нағузы билләни – Аллаһқа сыйынамыз.

161. мунафиқ – сырт көзге мұсылмандай көрініп, негізінде кәпір, екі жүзді кісі. Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Мұнафиқтың белгісі үшеу: сөйлесе өтірік айтады, уәде берсе орындағайды, аманат етілсе қиянат қылады».

162. фасиқ – азғын, бұзық.
163. мубтадиғ – діңге жаңа нәрсе алып келген адам. Яғни дінде болмаған нәрсені бар деп, дінге енгізу.
164. хабиб – сүйіктісі.
165. мауғуд – белгілеғен.
166. Нәфсі әммәрә – нәпсі жақсы амал жасайды.
167. һәүиә һәүисун – кері, кисық ойлары.
168. хуббі әкіл – тамақты жақсы көру.
169. хуббі шурб – ішімдікті жақсы көру.
170. хуббі жимағ – жыныстық қарым-қатынасты жақсы көру.
171. хуббі нәфсі – өзін жақсы көру.
172. хуббі уәләд – балаларды жақсы көру.
173. хуббі жан – жанды, нәпсіні жақсы көру.
174. Рух – жан.
175. ғақыл – ақыл.
176. қалб – жүрек.
177. сир – сыр.
178. хафи – жасыруши.
179. ихфа – жасыру.
180. қууат – қуат, күш.
181. қудси – қасиетті.
182. хайәт – өмір.
183. шариф би исм куллуһум – барлық есімдерімен құрметті.
184. иқрар уа тасдиқы – бекіту, берік қылу және сену.
185. мискин – бейшара, жарлы, кедей.
186. уа мискиндерді маҳрум – кедейлерді мақрұм қалдыру.
187. Фәбис жәзәйи – бұлардың жазалары.
188. диянатсыз – дінсіз.
189. «хәйр мин уммәти әхәддуһә – менім үметімнен біреуі ғана хайырлы.
190. инсан – адам баласы.
191. Уаннас – адамдар.
192. Ләғз – сөз.
193. Алиф – араб тіліндегі әрін.

194. дәл – араб тіліндегі әріп.
195. Рукуғ – ілу деген сөз. Намаздың негізгі тіректерінен болған рукуғ колдарын тізеге қойып, төмен қарай илу.
196. Мим – араб тіліндегі әріп.
197. сәждеде – намаздағы жерге бас қою калпы.
198. Әлхамду лилләһ – Аллаға мадақ.
199. хамд – мақтау, мадақ. Аллаһқа мадақ айту. Мақтау тек Аллаһқа ғана тән. Яғни Аллаһтан басқаға хамд сөзін қолданбаған дұрыс.
200. инсан – адам баласы.
201. латиф – жұмсақ, достық, мейірімді.
202. мәғлум – белгілі.
203. ихсан – ахсана етістігінен туындаған сөз. Бір нәрсені жаксы орындау, игілік істеу, жақсылық жасау дегенді білдіреді.
204. харад – өзгеріс.
205. қалб – жүрек.
206. бағс – қайта тірілу.
207. кәмил – толық, кәміл болу.
208. хусусиәт – ерекшеліктер.
209. шайтан ғәләйхи ләғин – Хақтан ұзактасқан, әмірге қарсы келген, азғырушы, қарғыс тиген Ібіліс.
210. һәммәт – дәреже.
211. мұхкәм – сеніммен.
212. хаяф – қауіп, қорқыныш.
213. ғәфләттің – немқұрайлық
214. бидғәт – дінге ендірілген жақалық, дін бұзарлық.
215. һәүсдің – құмарлық, әүесқойлық. (Парсыша)
216. мушкил – анықталмаған, шиеленісіп кеткен қыындық.
217. ғулама – ғалымдар.
218. уа хукәмәу – данышпандар.
219. кәлам мәжид – Құран көрім.
220. Ағузу – діни лексика, «сиыну, қашу, көмекке жүгіру» деген мағыналар береді. Құран оқығанда, намаз оқығанда, шарифатқа қайшы қылышқтар жасаудан сақтанғанда «Ағузу биллағи минаш

шайтани раджим» яғни «Күйлған шайтаннан Аллаһқа сыйына-мын» деп дұға оқиды.

221. аят – Құран сурелерінің белгілі бір бөлігі.
222. кирагат – Құран оқу мәнері.
223. Хисаб – есеп, хисаб.
224. исму сифат – Аллаһ Тағаланың есімдері. Аллаһ Тағаланың барлық мұлік іесі және құдірет іесі екеніне Мәїда суресінің 120-аятында: «лилләһи мулкус самауати уал арди уа мә фиһин, уа hya гәла кулли шайин қадир».

Мағынасы: «көктер мен жердің және ол екі арадағы нәрселер Аллаһтың мұлқі, ол барлық нәрсені жасауға құдіретті» – делінген. Алланың сүйікті құлды және елшісі Мұхаммед (ғ.с.) айтқан хадисінде: «Аллаһтың көркем есімі бар, кім оны жүрекпен қабылдаса, сол әлбette жәннәтқа барады», – делінген. Тағы бір хадисінде: «Аллаһ Тағаланың көркем есімдерін айтып тілек тілеңіз, дұға жасаңыз, тілегіңіз кіршіккіз қабыл болар», -делінген. Аллаһ Тағаланың әр касиетті 99 есімін жаттап айтып журу, әр адамның рухани тазалығын және дәрежесін көтереді.

Аллаһтың 99 көркем есімдеріне (сипатына) бай-ланысты исме ағзам дұғасы дүниеге келген, бұл дұға туралы көп риуаяттар бар.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (ғ.с.) бір күні мешітте мубарак арқасын михрабқа сүйеп отырған кезде Жәбрейіл (ғ.с.) келді, ішке кіріп салем қылды, сосын айтты: «Иә, Мұхаммед (ғ.с.), әркім бұл дұғаны оқыса, не өзімен сактаса, күнәсі таудай не теңіздердей болса да, Аллаһ Тағала жарылқар.

225. ләфзэт «Аллаһ» – Аллаһ сөзі. Бүкіл әлемді жаратушы, ризықтандырушы, өз қалауымен құллі жаратылысты игеруші тәнір. Мұсылман елінің сыйынатын және барлық құлшылығын тек соған ғана арнайтын құдай. Ұғымы: «құлшылық қылуға лайық зат». Түрікше: «Тәнір», парсыша: «Хюда», казақша: «Құдай» немесе «Алла», немісше: «Готт», ағылшынша: «Год», арабша: «Раб», «Иләһ» және «Аллаһ».

Араб елдері жаһиlet яғни қараңғылық дәуірінде Аллаһты «Аллаһ» деп атап, пүттарды «Иләһ» деп, Аллаһқа даттарымызды

жалғастырады деген сеніммен соларға сыйынып, Аллаһқа ортақ қосатын еді. Ал, Мұхаммедке (с.а.с.) Ислам дінін тарату мақсатымен қасиетті Құранның 96 – Falak сүресінің 1 – 3 аяттары ең алғаш түскен аяттар болатын: » [Икраа' бисми раббикал ләзиз халәқа. Халәқал – иссаана мин "аләқ. Иқраа' уә раббуکәл әкраам. Мағынасы: «Оқы! Сондай жаратқан Раббыңың атымен оқы! Ол Адам баласын ұйыған қаннан жаратқан! Оқы! Ол Раббың аса ардақты». Бүкіл әлемнің хақ жаратушысы, жер мен көкті бар еткен және қаласа оларды жоқ ете алатын асқан құштің иесі жалғыз ғана Аллаһқа құлшылық етілсін деп келген. Аллаһтың өзіне тән сипаттары бар.

Мәшіүр-Жұсін Көпейұлы бұл туралы өзінің қолжазбалары ішінде «Құдай Тағаланың барлығына дәлелің бар ма?» атты жазба-сында: «Бар екеу, бірі – нақыл, бірі – ғақыл. Нақыл болған дәлелім: [Құл hуа Аллаһу ахад. Аллаһус самәд. Ләм иәлид уә ләм иуләд. Уә ләм иәкул ләһу күфүән ахад.] «Айт: Аллаһ біреу-ақ! Аллаһ мұңсыз. Ол тумады да туылмады да. Әрі оған ешкім тең емес.» Ғақыл болған дәлелім: Бір Аллаһтан басқа Аллаһ жоқ. Егер екі Аллаһ болса дәлел жер мен көк бұзылар еди, бір қалыпты болмас еді» – деген.

226. исму зат – Аллаһ Тағаланың зати сипаттары алтау: 1. Ужуд-бар болу. 2. Қидам – Аллаһ Тағаланың бар болуының бастамасы жоқ. 3. Бақи – Аллаһ Тағала мәңгі. Бар болуының ақыры жоқ. 4. Уах-даният – Ол жалғыз, серігі және ұқсасы жоқ. 5. Мухалифати лил-хаудадис – Аллаһ Тағала мақлұқтартарына ұқсамауы, мақлұқтартары Оған ұқсамайды. 6. киям бинәфсиhi – Бар болуы өзінен. Ол ешбір істе ешбір мақлұққа мұқтаж емес.

227. ләғзэт – сөздер.

228. хәрф – әріп.

229. әлиф – араб тіліндегі әрін.

230. ләм – араб тіліндегі әріп.

231. һә – араб тіліндегі әріп.

232. hyyә – ол.

233. мәуәлид сәләсә – үш рет туылуы.

234. жумәдәт – жәндіктер.

235. нәбәтәт – өсімдіктер.

236. макбул – қабыл болатын, қабыл болған.
237. мардуд – дұғаны қабыл қылмаудан.
238. мақбул – иқабыл болатын, қабыл болған.
239. «Лә иләһә» – мағынасы құдай жоқ. Бұл кәлимә шәһәдәттің бас кезі. Толық айтылуы: «лә иләһә иллаллаh». Мағынасы: «Аллаhtан басқа құдай жоқ».
240. Нәфи – тыйым салу.
241. исбәт – бекіту.
242. Хаиәті таухидпен – өмірі Аллаh бір деп өтуі.
243. шуһуд – талпыныс.
244. рида – ризашылық.
245. Нұтқы – дыбыс.
246. Назары басират – көзбен көруі.
247. Сәмиғі кәшиф – барлық нәрсені естуші.
248. Лә иләһә иллә аллаh – исламның ең әуелгі шарты – кәлимә шәһәдәт сөзі. «әшhәду эллә иләһә иллаллаh, уа әшhәду әннә мухаммадан ғабдуhу уа расулүh». Мағынасы: «куәлік етемін Аллаhtан өзге құдай жоқ. Қуәлік етемін Алланың елшісі – Мұхаммед (с.ғ.с.)».
249. мәжмұғ – топ.
250. лә – болымсыз түр. «Жок» деген мағынада.
251. иәнсит – Аллаhtан басқа құдай жоқ деу.
252. иләh – құдай.
253. мағбуд – табынатын зат. Яғни Аллаh.
254. рух – жан.
255. иллә аллаh – Аллаhtан басқа.
256. қалб – жүрек.
257. тәхтә қадамларында – аяқ астыларында.
258. Адам ата – Адам баласының атасы, алғашқы пайғамбар.
259. Нұх ғалейhі сәләм – пайғамбар есімі.
260. зикр сир – жасырын зікір.
261. зикр хәфи – корқыныштан жасырын зікір жасау.
262. зикр ихфә – жасырын зікір.
263. Мұса калимұллаhні – пайғамбар есімі.

264. Ғиса – пайғамбар есімі.

265. нәбинә уа сайидинә Мұхаммад Мұстафа ғәләйһи солат ассәләм – мырзамыз және пайғамбарымыз Мұхаммед (Аллаhtын оған сәлемі болсын).

266. нәфи исбәт – макұлдамау, қабылдамау.

267. Мурақәбәт – бақылау.

268. хадир уа назир – басы-қасында болушы және бақылаушы.

269. лә – болымсыз түр. «Жок» деген мағынада.

270. иләһ – құдай.

271. иллә аллаh – Аллаhtан басқа.

272. мурақәбәт мәгииәт – жанындағыларды бақылау.

273. мурақәбәт әкрәбәт – туыстарды бақылау.

274. мурақәбәт мухииәт – күту, бақылау.

275. мурақәбәт басирәт – ақылмен бақылау.

276. Ләтәифу хәмсә – бес сипат.

277. ғәлимул әмр – әмірлерді білуші.

278. ғәлимул ғәиб – адамға белгісіз нәрселерді білуші.

279. ғәлиму мәғна – мағыналарды түсінүші.

280. Қәлб – жүрек.

281. рух – жан.

282. сир – сыр.

283. хәфи – жасыруышы.

284. ихфә – жасыру.

285. Ғәлимул хәлқ – жаратылысты білуші.

286. шәhәдәт – тілімен кәлима айту «лә иләhә иллә аллаh» деп.

287. ғәлим әссурә – сыр дүниесі.

288. нәфи – тыйым салу.

289. нәфи исбәт – макұлдамау, қабылдамау.

290. әнғәм – нығмет қылу.

291. зahir – ашық, анық.

292. Батин – іштей.

293. Ибраһим ғәләйһи – пайғамбар есімі.

294. иғтиқад – сенім.

295. хисса – әңгіме, хикая, баян ету.
296. әлхамд – фатиха сүресін оқу.
297. тағлим – үйрену.
298. әлхамду лиллаһ – Аллаһқа мақтау.
299. талаб – талап.
300. жәуаб би сәуаб – жақсы іспен жауап қайтару.
301. зайл – тастау, қою.
302. Әннә хазіретіміз соллалаһу тағала ғәләйһи уас сәләмнің хадис шарифі – пайғамбарымыз Мұхаммедтің (Аллаһтың оған сәлемі болсын) касиетті сөздері.
303. хушуғ уа худуғы – қорқыныш, үрей.
304. тауғиқ һидайэт – келісушилік және тұра жол, туралық. Ынтида – тұра жолға түсү, тұра жол табу.
305. Лисан әлхал интақ мин лисан – тіл дыбыс шығару халі.
306. Ибраһим халилуллаһ – Аллаһтың сұйіктісі Ибраһим.
307. сәһл – оңай.
308. әдарә – қөптеп беру.
309. Кағбага – жер бетінде тұрғызылған құлшылық орны. Адам атаның жер бетіне түскеннен кейінгі ең алғашқы ісі перштегердің көмегімен осы қағбаны тұрғызу болған. Сан дәуірлер артта қалып, уақыт аққан өзендей жылжыған сайын бұзылып, көнерген жерлері талай рет жөндөлін отырған. Қағба жер бетін Нұх топан сұы басқанға дейін ғибадатхана міндеттін атқарып келген еді. Алайда, жер бетін басқан топан судан кейін, өкінішке қарай, бұл қасиетті құлшылық орнының ең болмаса қираған ізі де білінбей, адамзатқа беймәлім күйде қала берді.

Бірақ, жер шарының кіндігі іспетті болған жер бетіндеғі алғашқы ғибадат орнын Аллаһ Тағала кейінгі мұсылман құлдарына беймәлім қалдырымады. Бұл қасиетті құлшылықтың орнын мұсылмандарға құбыла етіп, қайта өндеу ісін Ибраһим пайғамбар мен баласы Исмайлға табыстады. Ибраһим (ғ.с.) мен ұлы Исмайлдың қазіргі тандағы касиетті қағбаны қайта тұрғызулатыры былай еді. Исмайл(ғ.с.) зәмзәм суының маңайында есіп тұрған

ағаштың астын көлеңкелеп, оқ жонып отырған-ды. Бір мезет сона-дайдан өзіне қарай келе жатқан әкесі Ибраһимді (ғ.с.) байқаған ол, деруе атып тұрып, алдынан қуана жүгіріп шықты. Көптен көріспей, сағынысқан әке мен баланың құшактары айқаса кетті. Баласының шашынан сипап, маңдайынан иіскең, мауқын басқан әкемен әке мейіріміне шөлдеген бала арасында артынша төмендегідей әңгіме ізін тапты.

- Балам, Аллаh Тағала маған үлкен міндеген жүктеп отыр.
- Әке, ол қандай міндеген? Аллаh Тағала жүктеген міндедті тезірек атқарғаныңыз жөн болар.

- Бірақ, оған сенің көмегің керек, балам.
- Әке, мен қашан да өзінізге қолғабыс етуғе әзірмін.

Ондай абыройлы істен маған да үлес тигені Аллаһтың маған он қараганы шығар, – деді Исмайл іштегі қуанышын жасыра алмай.

Әке де баласынан осы жауапты күткендей.

– Ендеше, дәл мына тұстан Аллаһтың әмірін орындаپ, құлшылық орнын салайық – деді қазіргі таңдағы құллі әлемдегі мұсылмандардың ғибадат орны саналатын қасиетті қағбаның орнын көрсетіп.

Осылайша, Аллаh Тағаланың өздеріне белгілеп көрсеткен жерінен қағбаның қайта салынуын бастап та кетті. Исмайл тас тасып, әкесі Ибраһим (ғ.с.) қасиетті үйдің қабыргасын қалай бастады. Жұмыс оңға бастады, құрылыс биіктеген сайын Ибраһим (ғ.с.) үшін тас қалау қыынға сокты. Екеуі өзара ойласып, Исмайл әкесінің аяғының астына текпешек, саты тәріздес ұзынша, биік тас әкеліп қойды. Ибраһимнің (ғ.с.) аяғының ізі түскен бұл тас қазіргі кездे «мақаму Ибраһим» деп аталып, қажылықта сол жерде арнайы на-маз оқылып, ерекше зиярат етілуде.

Мұсылмандар үшін жер бетінде қағбадан да қасиетті екінші бір орын жок. Өйткені, бұл киелі ғибадат үйі ұлы жаратушымыздың әмір етіп, Жәбіреійлдің (ғ.с.) жобасын көрсетуі арқылы салынған. Қағбаның төрт қабыргасы қаланып, кезек бүгінгі «хажарул әсуәд» деп аталатын қасиетті қара тас тұрған бұрышқа жеткенде, Ибраһим

(f.c.) ұлы Исмайлға тауаптың басталатын орнын білдіретін белгі ретінде бір тас әкелуін тапсырды. Исмайл әкесінің тапсырмасын орындау үшін тас іздел тауға кеткенде, Жәбіреіл періште Ибраһимге (f.c.) жұмақтан тас алып келіп, қағбаның бұрышына сол тасты қою керектігін жеткізеді. Риуаяттар бойынша, бұл қасиетті тас әуелде кардай аппақ, көргсндерді таң қалдыраш, жұмақтан әкелінген екен. Бірақ кейіннен уакыт өте келе адамдардың күнәшар колдары тие-тие қара тасқа айналыпты.

Қасиетті қара тасты қағбаның бұрышына орналастырумен қағбаның құрылышы толық аяқталып, Ибраһим (f.c.) мен ұлы Исмайл раббыларына қол жайып былайша дұға жасап, тілек тіледі:

«Раббымыз! Бізден (бұл істеген ісімізді) қабыл ал! Сен (тілегімізді) естуші және білушісің. Ей, раббымыз, екеуімізді де өзіңе ғана бой ұсынушы қыл, ұрпақтарымыздан да өзіңе ғана бой ұсынушы үммет жасай гөр, әрі бізге қажылық амалдарымызды көрсетіп, тәубемізді қабыл ал! Әлбette, сен тәубемізді қабыл алушы және мейірім етушісің. Ей, раббымыз, ұрпағымыздың ішінен оларға аяттарынды оқитын, кітабынды және тағылымдарынды үйрететін, оларды (шіріктен) тазалайтын елші жібере гөр. Күмәнсіз сен шекcіз құдірет иесі ғазизсің, әр істі орынды істейтін, еш нәрсені босқа іstemейтін хакимсің.

Қағба – мұсылманшылықтағы таухид сенімінің рәмізі мен нышаны. Қағба – құллі мұсылман баласының қияметке дейін намаздарында және жалпы барлық қайырлы істерінде жүздерін бұратын және умра қажылықта бас қосар бірден бір киелі орындары. Осы бір киелі де қасиетті мекенде мұсылмандардың мұбәрак ауыздарынан шыққан «ләббәйка Аллаһуммә ләббәйк!» тәлбиясы тау-тасты жаңғыртып, жеті қабат көкке толқыған күйі самғап, көтерілін жатады. Қасиетті қағбаның атмосферасы мұлдем ерекше. Оны көрген көзден ыстық тамшылар жарыса ытқып, оны сезген жүрек басқа бір ерекше сезімге булығып, ар-ождан адамдықтың биігіне қарай серпіліп, бір мезет болсын мына пәни дүниені ұмытады.

310. тауаф – зиярат ету, бір нәрсені айналу сияқты мағына-ларды білдіреді. Ал, шарифаттағы терминдік мағынасы – қасиетті Қағбаны

жеті рет ғибадат ниетімен айналу. Тауап – Аллаh Тағаланың аршының айналасында тауап ететін перштегер тәріздес, Аллаh Тағалаға деген сүйіспеншілікпен, тағыммен жасалатын ғибадат. Пайғамбарымыз (с.а.у.) тауаптың намаз тәріздес ғибадат екенін білдіреді: «бәйтталлаұтың айналасында тауап жасау – намаз оқу сияқты. Ерекшелігі – тауапта сөйлеуге болады, бірақ тауап жасап жүріп, кім сейлесе, кайырлы сөз сейлесін».

Қағбаның оңтүстік жағындағы бұрышында «хажарул әсуәд» – деп аталатын касиетті қара тас бар. Тауап осы қара тастың қарсысынан басталады. Қағбаны жеті рет айналады. Әрбір айналымда «шаут» делинеді. Жеті рет айналғанда, бір тауап толық бітті деп саналады. Тауапта айналымдарды бірінен кейін бірін істеу шарт емес. Тауап толық бітпей жатып, ортасында дәрет алып, намаз оқып, қайтадан айналуды одан әрі жалғастыруға болады. Тауап жасап жатқан уақытта парыз намаздары үшін қамат түсірілсе, тауапты тоқтатып, жамағатпен бірге намазға тұру керек. Қалған айналымдарды намаздан кейін жалғастырады. Тауап бес түрге бөлінеді.

Қадум тауабы: Бұл – сырттан келетін адамдардың Меккеге келген уақытта қағбаға сәлем ретінде жасайтын алғашқы тауап. Бұл тауапты жасау – сұннет.

Зиярат тауабы : Қажылардың Арафаттан қайтқаннан кейін жасайтын тауабын зиярат тауабы немесе «ифада» тауабы дейді. Бұл тауапты жасау – қажылықтың үш парызының бірі. Зиярат тауабындағы жеті айналымның төртеуі – парыз, үшеуі – уәжіп. Зиярат тауабын жасамаған адам қажылықтың жасаған болып саналмайды. Зиярат тауабының шығыс орындалуының бірінші шарты: Арафатта уақфаның жасалған болуы. Екінші шарты: Бұл тауаптың белгілі уақытта жасалуы. Бұл уақыт – құрбан айттың бірінші күні таңының атуынан бастап, өмірінің соңына дейінгі уақыт. Бірақ Әбу Ханифаның пікіріне сүйенсек, бұл тауаптың құрбан айт күндерінің біреуінде жасалуы уәжін. Осы күндерден кешіктірілсе, жаза ретінде құрбан шалу керек. Ал, Әбу Юсуф пен Мұхаммед бойынша, бұл

тауапты құрбанның – күндері жасау уәжіп емес, сұннет. Сондықтан бұл тауп айт күндерінен кейін жасалған жағдайда ешқандай жаза керек емес. Бірақ зиярат тауабын құрбан айттың алғашқы күні жасау абзал, әрі сауабы мол.

Уадағ (қоштасу) тауабы: Қажылықта Минада шайтанға тас лақтырганнан кейін, Меккеге қайтқан кезде жасалатын тауп. Садәр тауабы деп те аталады. Қажылықта сырттан келгендер үшін бұл тауапты жасау уәжіп. Бұл таупалты жасау арқылы қажы амалдары тәмамдалады. Тауптан кейін қажылар қағбамен қоштасып, Отандарына қайтады.

Нәпіл тауабы: Мекке мұсылмандарының әрдайым жасап тұратын тауабы. Сырттан келгендеге де жасауға болады. Нәпіл тауп жасау – нәпіл намаз оқудан да абзал. Өйткені, намазды әр жерде оқуға болады. Ал, тауп қағбада ғана жасалады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) тауптың кереметтігіп былай деп сүйіншіледі: «Кімде-кім байтуллаұнка тауп жасаса, анасынан жаңа тугандай, күнәларынан арылып, тазарады.

Умра тауабы: Умраға барғанда жасалатын тауп. Бұл тауптың алғашқы төрт айналымы – умраның парыздарынан, міндепті түрде жасалуы керек. Жасалмаса, умрасы дұрыс емес. Қалған үш айналым орындалмаса, арнайы жаза өтеледі.

311. Сихат – денсаулық.

312. уахи – Аллаһтың Жәбіреіл періште арқылы пайғамбарларға жіберген хабары.

313. сәмиғнә ракмат баракаллаh – ракматты естідік, Аллаһтың берекеті болсын.

314. хәмәин – қара балшық.

315. Мәснунин – дене.

316. заһирда – басталуында, құрылуында.

317. иләh – құдай, тәңір.

318. ләтиф – жұмсақ.

319. Ібліс ғәләйхи ләғин – шайтан. Хақтан алыстатылған, әмірге қарсы келген, азғырушы, қарғыс алған.

320. зәниріне – басталуында, күрылуында.

321. мәдфун – көмілген, жерленген.

322. Расул ғәләйхи солат уас сәләм – соңғы пайғамбар есімі.

323. Сәнииснәинизнұмәфилғар – Құрайыш, хазірет Мұхаммедтің көзін жоғалту үшін қорқынышты қарап алғанынан, пайғамбардың хабары бар еді. Аллаһтан уахи келіп, ерекше ұқытырды, әрі көшуге жол берілді.

Аллаһтың көш әмірін алған соң, Әбу Бәкірден сүйінші сұрап, екі дос көшу дайындығын тамамдады. Хазірет Айшаның әпкесі Әсия жол азығын дайындағы.

Құрайыш қанды қарапын орындау мақсатымен, пайғамбардың қасиетті үйін қоршады. Арабтарда адамды үйінде өлтіру қорқактықтың белгісі саналатын, сондықтан оның сыртқа шығуын күтті, үйден шыға бере қаптау ойымен. Хазірет пайғамбар мұшріктерді жаңылту үшін керемет бір жоспар жасады: хазірет Әлиді өз төсөғіне жатқызып, жасыл жамылғысын оған жабады. Жаулар оны үйкүда деп ойлад, оянып сыртқа шығуын күткенде, өзі де жолын табады. Бірақ сырттағылар су қаранғы болып, оны көре алмады. Жауларынан құтылып, көңілі орныққан соң, Әбу Бәкірдің үйіне келді. Ол жолға дайын отырған, елге сездірмеу үшін артқы терезесінен шығып, Аллаһқа тәуекел деп көш жолына аттанды, дін үшін ең зор шайқасқа аттанғандары еді бұл.

Хазірет пайғамбар мен Әбу Бәкір сәүір тауының төбесіндегі бір үнгірге кіріп тығылды. Әбу Бәкірдің ұлы Абдулла күндіз ел ішінде жүріп, көште үнгірдегілерге хабар жеткізетін, оның құлы Амыр Фулейре сол маңайда қой бағып, әрі Абдулланың ізін жасырса, әрі үнгірге сүт жеткізетін. Кейбір тарихтарда Әбу Бәкірдің қызы Әсияның тамақ тасығанын жазғанымен, алыс жерге жалғыз қызы баланың мына шартта тамақ әкелуі ынғайсыздау. Жауының ұсақ істен де секем алатыны ескерілгені жөн. Ендеше ұлы Абдулла мен құлы Амырдың ісі біраз сенімді. Осы үнгірде үш күн жатты.

Көліндағы адамнан айрылған мұшріктер оны ізден жердің астын-устіне шығарғанымен, құр алақан қалды. Мұхаммедті тау-

ып келгенге жұз түйе беруге уәде берді. Қарулы қанжарлы жастарды оның ізіне салды. Шолушылар үнгірдің аузына жақындалап, бір малышыдан сұрады. Малшы:

– Үнгірде болуы да мүмкін, бірақ кіргенін көрмедім – деді. Бұл дыбыс ішіне естіліп тұрды. Әбу Әкір өзі емес, сүйікті пайғамбары үшін алаңдалап отырды. Үнгірдің дәл аузына таяғаны соншалық, мойындарын созса, іштегілерді көретін, сасқалақтаған Әбу Әкір:

– Бізді көретін болды ғой, пайғамбарым – деді. Пайғамбар сенімді, нық үнмен:

– Мұнайып, қам жеме, Аллаһ бізben бірге, – деді.

Құран карим үнгірдегі бұл әсерлі оқиғадан сөз еткенде, Аллаhtың үнгірдеғілерге жақсылық қуатымен сабыр беріп, көмек еткенін айтады. Оларды қорғаған Аллаһ екені шуббәсіз. Әйтпегендеге жер-көкті аралап келіп, үнгірге кірмеуін қалай түсінеміз?

Құрайыштың Мұхаммедті өлтіру үшін ізіне түсуінен және ғар оқиғасынан Құран кәрімде былайша сөз етілген:

«Бір кездері кәпірлер саған қарсы айла шарғы қолданып, сені байлап, өлтірмекші болған еді ғой, мекеніңнен қуалау үшін толық дайындаған. Аллаһ олардың қазған құйына өздерін түсірді, жоспарларын быт-шыт қылды. Аллаһ Тағала қаскунемдердің жоспарын бұзып, оларға әл-күйін көрсетті». (Әнфал сүресі, 3- аят.)

